



ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ,
бірін дос,
Көрмесең,
істің бәрі бос!»

12+



№38 (3984), 26 қыркүйек, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

«Отырар сазы» — киіктерімнің күйігі,
Жоғалтып тынған тарпаңдарымның тұяғы!
Даңққа тиіп тұр оның биік күмбезі,
«Отырар сазы» тау менен таста ойнаған құлан-киіктің,
Тілендиевтің мінезі!
Қадыр Мырза Әлі

Халық қаһарманы,
КСРО, Қазақстанның
Халық артисі,
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты, аса көрнекті
композитор

Нұрғиса Тілендиевтің
туғанына
100 ЖЫЛ

Бішкекте қазақ-қырғыз зиялыларының IX форумы өтті

Қырғызстан астанасындағы Ұлттық тарих мұражайында «Мәдени дипломатия бауырластықты нығайту жолында» қазақ-қырғыз зиялыларының IX форумы өтті. Іс-шараға Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенешінің төрағасы Нурланбек Тургунбекуулу, Қырғыз Республикасы президентінің кеңесшісі Аслан Қойчиев, Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов, мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар, екі елдің зиялы қауым өкілдері, қазақ диаспорасы және жастар қатысты.

Құттықтау сөз сөйлеген Мәулен Әшімбаев Қазақстан мен Қырғызстан зиялыларының алдында тұрған маңызды міндеттерге тоқталды.

— Екі елдің әдебиеті мен өнерін насихаттауға басымдық беру керек. Бұл жұмыс аясында белгілі ақын-жазушылардың дәрістерін ұйымдастыру орынды болар еді деп ойлаймыз. Мәдени мұралар мен әдеби шығармаларды цифрлық кеңістікте сақтау өте маңызды. Осы мақсатта біз ғылыми еңбектердің электронды нұсқаларын жасау, виртуалдық мұражайларды және т. б. жобаларды ұйымдастыруды ұсынамыз. Өз тарапымыздан аталған бастамаларды іскер асыру үшін қажетті қолдау көрсетуге дайынбыз, — деді Сенат төрағасы.

Кездесу барысында екі елдің шығармашылық қауымдастығы екі ел арасындағы терең тарихи-мәдени байланыстарға негізделген қазақ-қырғыз мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтағы оң үрдісті талқылады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов өз сөзінде ғасырлар бойы екі халықтың қаламгерлері бір-біріне ықпал етіп, ортақ идеяларды жырлап, өзара рухани байланыстарды нығайтып отырғандығын, қазақ пен қырғыз халықтарының ауыз әдебиеті мазмұны мен түрі жағынан өте ұқсас екендігін айта келіп, бүгінде екі ал арасында өрбіп жатқан әдеби байланыстарға тоқталды.

— Қазіргі кезеңде де қазақ пен қырғыз әдебиетшілері, жазушылар одағы, баспалары бір-бірімен шығармашылық байланыстарын үзген емес. Кітап аудармалары, бірлескен конференциялар, фестивальдар — бәрі де халықтарымыздың достығын одан әрі тереңдетуде. Сөзіміздің дәлелі ретінде республикалық «Таң-Шолпан» әдеби-көркем, көпшілік журналының 2022 жылғы шығарылымдарын толықтай қырғыз әдебиетіне арнағанын айтсақ та жетіп жатыр. Аталған басылым «Қырғыз әдебиеті» айдарымен жыл бойы қырғыз қаламгерлерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, үзбей жариялап отырды.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВ
АЛДЫМАДА АҚЫН АБАЙ —
ТЕМІРҚАЗЫҚ

ҒАЛЫМНЫҢ
ғажап бір қыры

10

ШАНОВТЫҢ
контраст әлемі

13

ӨР АЛТАЙ,
Асқар алтай!

18



ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕР ЛИДЕРЛЕРІНІҢ VIII СЪЕЗІ

17–18 қыркүйек күндері елордадағы Тәуелсіздік сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VIII съезі аяқталды. Форумға 60 мемлекеттен келген 100-ден астам делегация қатысты. Олардың арасында әлемнің ең ірі конфессияларының рухани көшбасшылары, халықаралық ұйымдардың өкілдері, сарапшылар, саясаттанушылар мен қоғам қайраткерлері болды.

Ауқымды жиында рухани құндылықтарды нығайту, конфессияаралық диалогты нығайту, конфессияаралық диалогты дамыту, экстремизм мен радикализмге қарсы іс-қимыл, сондай-ақ қоғамның тұрақты дамуына әйелдердің қосқан үлесі және басқа да мәселелер қарастырылды.

Әлемнің ең беделді рухани көшбасшылары бас қосқан съездің ашылу барысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Қазір жер жүзінде сын-қатерлер көбейіп, халықаралық ахуал ушығып тұр. Соның салдарынан түрлі қақтығыстар көбеюде. Алмағайып кезең ешкімге оңай болып жатқан жоқ. Өкінішке қарай, соғыстың сипаты мен болмысы белең алуда. Дегенмен біз өткен заманнан дұрыс сабақ алып, сындарлы әрі ашық келіссөздерге ұмтылуымыз керек. Мәмілеге балама жоқ. Бұл тұрғыдан алғанда, бүгінгі Съездің мән-маңызы айрықша. Дін басшыларын гуманистік көзқарастарды ту еткен Бейбітшілік елшілері деп айтуға болады. Сіздер ортақ мүдде үшін бірігіп, әлем жұртшылығын игі мақсат жолында жұмылдыруға ниет білдіріп отырсыздар. Баршаныңа шынайы ризашылығымды білдіремін, — дей келе, — аталған құжат біздің бейбітшілікті сақтау, тату-тәтті өмір сүру және баршаға ортақ адамгершілік құндылықтарын берік орнықтыру секілді ортақ мақсатымызды айқындайды. Геосаяси шиеленіс ушыққан заманда мұның бәрі айрықша маңызды. Съездің қорытынды декларациясы ресми құжат ретінде БҰҰ Бас Ассамблеяларында таралады. Бұл — съезд жұмысына берілген жоғары баға. Алдағы мерейтойлық 80-сессияда да аталған үрдіс жалғасады деп үміттенемін.

Қазақ даласында әлемдегі ең негізгі діндер мен конфессиялардың барлығы дерлік тараған және бір-бірімен жарасым тапқан. Біз қазіргі Қазақстанда да осы игі дәстүрді сақтап, одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді саламыз. Еліміздің этносаралық және дінаралық келісімді нығайтуда тәжірибесі мол. Қазақстанның этностық әрі діни толеранттық моделі «Бірлігіміз — әралуандықта» қағидатына сүйенеді. Бұл ұстаным тіпті әлемдік өлшем тұрғысынан бірегей саналатын Қазақстан халқы ассамблеясының қызметінде де көрініс тапқан. Тарихтың өзі қалыптастырған халқымыздың төзімі, ынтымақ-бірлігі мен кең дүниетанымы бүгінде еліміздің бейбітсүйгіш, тенгерімді сыртқы саясатынан анық аңғарылады. Бұл саясат сенімге, диалогқа және ынтымақтастыққа негізделген. Жалпыға ортақ осы құндылықтар мен қағидаттар барша халықтар мен мемлекеттер үшін де маңызды екеніне сенімім көміл», — деп осы жиынның маңыздылығына тоқталды.

Елордаға келген мәртебелі меймандар қатарында Рим папасы Франциск, әл-Азхардың Жоғарғы имамы Ахмед ат-Тайеб, Иерусалим Патриархы III Феофил, Израильдің бас раввиндері және басқа да беделді дін көшбасшылары бар. Съездің екінші күнінде Діни жас көшбасшылардың II форумы және әлемнің жетекші университеттерінің ғалымдары қатысатын сараптамалық дөңгелек үстел өтті. Талқылау қорытындысы бойынша қоғамға қызмет ету және жаһандық өзара түсіністікті

нығайту мақсатында ғылыми және діни білімді біріктіретін ұзақмерзімді платформа құру ұсынылды. Дамудың ықтимал бағыттарының бірі ретінде Oxford, Harvard, Yale, Georgetown, LSE, Tufts, Groningen, Bar-Ilan университеттерінің жанындағы дінаралық орталықтармен, сондай-ақ рухани дипломатияға маманданған жеке зерттеушілермен ынтымақтастық орнату мүмкіндігі қарастырылды.

Дөңгелек үстел Съездің ғылыми негізделген және практикалық тұрғыдан қолдануға болатын шешімдер арқылы диалог аясын кеңейтуге бағытталған жаңа мазмұндық бағытын дамыту жолындағы маңызды қадамға айналды.

Екі күнге созылған форум жұмысының қорытындысы бойынша «Астана бейбітшілік декларациясы — 2025» қабылданды. Құжатта діндер мен мәдениеттер арасындағы диалогты тереңдетудің маңыздылығы ерекше атап өтілген. Сондай-ақ соғыстар, экстремизм мен терроризм қатаң айыпталып, экологиялық жағдай мен климаттың өзгеруіне алаңдаушылық білдірілді. Әділетті әрі бейбіт қоғам құру ісінде жастар мен әйелдердің рөліне айрықша назар аударылды.

Жабылу салтанатында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде бұл кездесудің бүкіл адамзат үшін маңызын атап өтті: «Меймандарымыздың діни мен ділі бөлек болса да, тілегі мен ниеті бір екені сөзсіз. Съездің қорытынды Декларациясы — соның айқын дәлелі. Құжатта ортақ идеялар мен ұсыныстар көрініс тапты. Жалпы, форумның түпкі мәні де — осы. Біз құрмет пен сыйластыққа негізделген сындарлы диалогтың күәсі болдық. Ең бастысы, дінаралық ортақ мүдде жолында күш біріктіруге дайын екенін көрсетті», — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанның барлық деңгейде өркениетаралық және дінаралық диалогты жан-жақты қолдайтынын атап өтті. Сондай-ақ ол: «Біз Съезд Хатшылығының БҰҰ институттарымен және басқа да құрылымдармен серіктестеріміз, жастар, сарапшылар, волонтерлік ұйымдар қатысады. Бейбітшілік — ең басты байлығымыз. Бұл — барша елдерге, халықтар мен діндерге ортақ аса маңызды құндылық», — деп, съездің жаһандық деңгейдегі диалог алаңы ретіндегі беделін арттыруға еліміздің белсенді түрде үлес қоса беретінін мәлімдеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IX съезі 2028 жылы Астанада өтеді деп жоспарлануда. Бұл Қазақстанның жаһандық деңгейдегі дінаралық және мәдениетаралық диалогтың жетекші орталығы ретіндегі мәртебесін айқын көрсетеді.

Президент барлық негізгі діни дәстүрлер мейірімділік, әділдік, жақынына жанашырлық, бейбітсүйгіш қасиет секілді жалпы гуманистік құндылықтарды дәріптейтініне назар аударып, Қазақстанның осы ұстанымға бейіл екенін атап өтті. Сондықтан еліміз зорлық-зомбылықты, экстремизмді және өшпенділікті ақтап алу үшін дінді пайдалануға үзілді-кесілді қарсы деп мәлімдеді.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінде Қасым-Жомарт Тоқаев форумның бір топ қатысушыларына мемлекеттік наградаларды, Дінаралық диалогқа қосқан үлесі үшін Астана халықаралық сыйлығын, Съездің құрмет медалін, сондай-ақ Ізгі ниет елшілерінің айрықша белгісін табыстады.

ҚАДЫР ТОЙЫ ТУҒАН ЖЕРІНДЕ

Батыс Қазақстан облысында Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның халық жазушысы, ақын Қадыр Мырза Әлінің 90 жылдығы кең көлемде аталып өтті.



Мерейтойға қатысушылар, алдымен, Оралдағы ақын ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. «Атамекен» өнер орталығында Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармония әртістері дәуір дарабозына арналған концерт қойды.

Концерт барысында сөз алған Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев Қадыр Мырза Әлінің өлеңімен де, азаматтық болмысымен де Тәуелсіздігіміздің іргетасын қаласып, ұлттымыздың рухын көтерген қайраткер екенін атап өтті.

— Тағы бір қуанышты жаңалық — «Қадыр» ғылыми-қоғамдық журналы оқырманға жол тартты. Бұл басылым Ақ Жайық топырағынан түлеген ақын-жазушылардың шығармашылығын кеңінен танытатын руханияттың жаңа жаршысы болатыны анық. Сондай-ақ Қадыр ағамыз бен Ақ Жайықтың жұлдызы, Қазақстанның халық артисі Ескендір Хасанғалиевтің бірлескен туындысы — халқымыздың рухын асқатқан «Атамекен» әнінің шыққанына 55 жыл толды. Бұл ән бүгінде барша қазақтың жүрегінен орын алған мәңгілік рухани мұраға айналды, — деді өңір басшысы.

Ақынның жары Салтанат Мырзалиева осындай құрмет үшін Ақ Жайық жұртшылығына ризашылығын білдірді. Қадырдың мол мұрасы — халқымыздың сарқылмас байлығы. Оның 18 томдық шығармалар жинағы — соның дәлелі. Мерейтойлық іс-шарада белгілі меценат, «Қадыр Мырза Әлі» қоғамдық қорының құрылтайшысы, «КАТЭК» серіктестігінің бас директоры Құндыз Нұповтың демеушілігімен жарық көрген «Жүрегіме жеткен жыр» және «Қадырдың қанатты сөздері» атты қос жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Мерекке Құлқенов Қадыр Мырза Әлінің қазақ руханиятындағы орнына тоқталды.

— Осыдан он жыл бұрын Оралда Қадырдың орталығы мен ескерткіші ашылған кезде қазақтың тағы бір ұлысы, кемелгері Әбіш Кекілбай: «Қазақтың руханиятына, қазақ поэзиясына Қадырдай еңбек сіңірген ақын кемде-кем», — деген еді. Мен соған толық қосыламын. Өйткені Қадыр — балаларға арналған тапқартардан бастап, қазақтың ақсақалдары айтқысы келетін сөздің бәрін жазып кеткен адам. Домбыраның қадыр-қасиетін де жеткізген ұлы Қадыр. Кең даламыздың да поэзиялық портретін жасап кеткен сол Қадыр, — деді М.Құлқенов. «Қадыр мұрасы — ұлттың баға жетпес рухани құндылығы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияда да ақын шығармашылығы жөнінде құнды пікірлер айтылды.

Бұдан кейін Қадыртойы туған жері — Сырым ауданында жалғасты. Мұқадес Есламғалиұлы атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде Қадыр Мырза Әлі атындағы әдебиет және руханият залы өз есігін айқара ашты. Ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Ақшүтап Бактыгереева өз сөзінде кітапханаға есімі берілген Мұқадес Есламғалиұлының өз өлкесінің тарихын түгендеп кеткен жазушы екенін еске салды.

— Қадыр — қазақтың Абайдай кейінгі ұлы ақыны. Қазақтың ұрпағы аман тұрғанда, ақынның 180 жылдығы да тойланатыны анық. Біз осындай ақын-жазушыларымыздың туындыларын оқып, кейінгі буынға насихаттай білуіміз керек, — деді А.Бактыгереева.

Ғайсағали СЕЙТАҚ,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

МӨҢКЕ БИДІҢ 350 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Ақтөбеде тарихи тұлға, қазақ хандығы дәуірінің ірі өкілі, көреген би, өз заманының ойшылы Мөңке би Тілеуұлының 350 жылдығына арналған кең көлемде іс-шаралар өтті.

Тахауи Ахтанов атындағы облыстық театр сахнасында «Мөңке би» тарихи драмасы сахналанды. Облыс орталығының іргесіндегі Ақшат елді мекенінде қазақ күресі, тоғызқұмалақ пен асық атудан сайыс өтіп, ат бәйгесі ұйымдастырылды.

Ақшатта дөңгелене тігілген 60 ақшанқан киіз үй 20 мыңнан астам қала тұрғындары мен қонақтарды қабылдады. Облыс әкімі Асхат Берлешұлы Шахаров ұлы тұлға, данышпан би, ағартушының есімін ұлықтаудың маңыздылығын атап өтіп, оның даналығы мен әділдігі бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі болып қала беретінін айтты. Этноауылдағы шаралар Ахмет Жұбанов атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрінің орындауындағы Мөңке бидің «Қиу дәурен» күйімен басталып, дәстүрлі әншілер мен жыраулар орындауындағы жыр, терме, халық әндерімен жалғасты.

Өнер орталығында өткен «Мыңжылдықты болжаған Мөңке би» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда 1675–1756 жылдары қазақ хандығының күрделі кезеңінде өмір сүрген тұлғаның ел ішінде сақталған мұралары, ол өмір сүрген тарихи кезең туралы айтылды.

Филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып «Мөңке би өсиеттерінің өміршеңдігі» туралы баяндамасында Мөңкенің даналығы, әулиелігі құбылысына тоқталды. Дананың ел ішінде тараған сөздерін Ахмет Байтұрсынұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Сәкен Сейфуллин, Нұржан Наушабаев, Ахмет Жұбанов хатқа түсірді.

— Ғалымдар арасында Ахмет Байтұрсынұлы Мөңкеге ең алғаш қалам тартты. Ол 1926 жылы



«Сауат ашықш» кітабында шекті Мөңке би жеті жасында билік айтып, кісі құны дауын бітіргенін жазады. Мөңке өмір сүрген кезеңде теміржол салынған жоқ, тепловоздар да шыққан жоқ. Соған қарамастан, әулие түрлі-түрлі халық болатынын, күндіз түні жарық болатынын айтып, электр шамдарын болжап кетті. Электр шамдары Еуропа көшелерінде XIX ғасырдың аяғында пайда болғанын ескерсек, оны 150 жыл бұрын көре білген.

«Бармақтай зат тауды жығар» деп атом бомбасын айтып кеткендей. Мөңке бидің шешендік өнері туралы архив құжаттарына сүйене отырып, бүгінге жеткізген фольклортанушылар — Балтабай Адамбаев, Нысанбек Төреқұлов, Тұрсынбек Кәкішев, Бауыржан Омарұлы, Серікқали Баймеше, — деді Бауыржан Жақып.

Түріктің тарихшы ғалымы Ахмет Ташоғлы, башқұрт ғалымы Гүлвира Нуралиева, Қырғыз ҰҒА академигі Абдылдажан Ақматалиев, т.б. шет елдік ғалымдар баяндама жасады.

Қазіргі уақытта Мөңкенің «Қиу дәурен», «Шалқыма», «Өттің жалған-ай» және «Жиын. Алқа. Кенес» күйлері Құрманғазы оркестрінің репертуарына енген.

Ақтөбе облысы

«Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік»

ЭКСПЕДИЦИЯ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА

«Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік – 90» республикалық экспедициясы Павлодар өңіріне аялдады. Сапар барысында Павлодар облысының әкімімен кездесу өткізіліп, ұлттық мұраның мән-маңызы талқыланды. Экспедиция мүшелері Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесіне зиярат жасап, кейін ғұламаның музейінде тағылымды басқосу ұйымдастырды. Сондай-ақ Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы облыстық кітапханада оқушылар, студенттер, ұстаздар зиялы қауым өкілдерінің мазмұнды әңгімесін тындап, өзара пікір алмасты. Жиындарда Зейнолла Сәнік еңбектерінің этнографиялық құндылығы мен жас ұрпаққа рухани тәрбие берудегі маңызы кеңінен сөз болды.



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА



Қазақстан Жазушылар одағы мен Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры ұйымдастырған этнографиялық экспедиция 18 – 21 қыркүйек аралығында Жетісу – Үржар – Мәкәнші өңірлеріне сапар шегіп, рухани тұрғыдан олжалы оралды. Жетісу облысындағы сапар барысында ұйымдастырылған кездесулер мен тағылымды шаралар ұлттық мұра мен рухани құндылықтарды дәріптеуге арналды. Алдымен, экспедиция құрамы Д.Қонаев қаласына барып, қалалық кітапханада жергілікті ақын-жазушылармен, кітапханашылар және зиялы қауым өкілдерімен жүздесті. Жиында қазақ этнографиясын ғылыми тұрғыда зерделеу, ұлттық құндылықтарды насихаттау және жас ұрпақты рухани тәрбиелеу мәселелері талқыланды. Кездесу барысында Зей-

нолла Сәнік қоры туралы деректі фильм көрсетіліп, қатысушыларға «Қазақ энциклопедиясы» кітабы сыйға тартылды. Сонымен бірге экспедиция құрамы қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың ескерткішіне тағзым етіп, музейіндегі құнды жәдігерлермен танысты. Сондай-ақ ғалымның жерленген жеріне барып, рухына құран бағыштады. Сапар Талдықорған қаласында жалғасын тауып, облыстық кітапханада жергілікті ақын-жазушылар, мәдениет өкілдері және университет ұстаздары бас қосты. Әдебиет пен ғылымдағы өзекті тақырыптар таразыланып, ұлттық мұраның болашаққа жету жолдары жөнінде ой-пікірлер ортаға салынды. Бұл жиында да деректі фильм көрсетіліп, «Қазақ энциклопедиясы» кітабы тарту етілді.

АБАЙ ОБЛЫСЫНДА



«Ұлттық құндылық. Қазақ этнографиясы және Зейнолла Сәнік – 90» республикалық экспедициясының сапары Үржар ауданында жалғасын тапты. Аудандық Мәдениет үйінде өткен басқосуда сапар иелері мен мәдениет саласының өкілдері ұлттық мұраның мән-маңызы төңірегінде кеңінен толғады. Экспедиция құрамы Үржардағы Зейнолла Сәнік атындағы көшеге арнайы

барып, артына мол мұра қалдырған тұлғаның еімімен аталатын даңғылға, ел жадындағы орынға құрмет білдірді. Сапардың келесі аядамасы Мәкәнші елді мекені болды. Мұнда ұйымдастырылған кездесулерде өңірдің этнографиялық ерекшеліктері сөз болып, қаламгерлер Зейнолла Сәнік еңбектерінің жас ұрпақ үшін тағылымдық қырын айрықша атап өтті.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Қостанайда Алаш арысы Міржақып Дулатұлының ескерткіші салтанатты түрде ашылды. Шараға Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқыды.



– Төл тарихымызда азаттық үшін аянбай күрескен, ұлттың рухын көтеруге өлшеусіз үлес қосқан тұғырлы тұлғалар аз емес. Соның бірі әрі бірегейі – Міржақып Дулатұлы. Ол қазақтың асқақ арманы мен мұн-мұқтажын терең түсініп, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Жұрттың сана-сезімін жаңғырту жолында еңбек етіп, жасампаз рухтың жаршысы болды. Адамзатқа ортақ құндылықтарды кеңінен дәріптеп, жастарды өнер-білімге үндеді. Міржақып Дулатұлы әдебиетімізді жаңа деңгейге көтеруге зор еңбек сіңірді. Халқымыздың біртуар перзентінің қайраткерлік қасиеті мен азаматтық ұстанымдары

өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге болары сөзсіз, – делінген Президент құттықтауында.

Сондай-ақ жиынға Міржақып Дулатұлының ұрпақтары, еліміздің түкпір-түкпірінен келген зиялы қауым өкілдері, тарихшылар мен әдебиетшілер, сондай-ақ Міржақып мұрасын дәріптеп жүрген ғалымдар жиналды.

Айта кетейік, Торғай төрінде Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы тойланып жатыр.

БІШКЕКТЕ ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ІХ ФОРУМЫ ӨТТІ

(Басы 1-бетте)

Бұдан өзге «Түркі әлемінің әдебиеті» атты тарихи-мәдени, рухани байланыстарды нығайту жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Жобаның басты мақсаты – түркі елдері әдебиетінің ең үздік шығармаларын қазақ тіліне аударып, шығару. Шығармалар 1991 жылдан, яғни туысқан мемлекеттер Тәуелсіздік алған кезден кейін жазылуы шарт, сөйтіп, біз ол елдердің советтік дәуірдегі социалистік реализм дәстүрлерінен арылған, жаңа заман әдебиетін өз оқырмандарымыздың игілігіне айналдырмақпыз. Қазіргі таңда үш мемлекет – Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстандағы Жазушылар одақтарымен тиісті меморандумдарға қол қойылып, алдын ала дайындық жұмыстары атқарылды. Әр елден 52 автор, барлығы 156 қаламгер қамтылып отыр. Басқа да түркі елдерінің шығармашылық одақтарымен келіссөздер жүргізілуде, – деді Басқарма төрағасы.

Мереке Әбдешұлы қазақ-қырғыз зиялыларының ІХ форумына қатысушы зиялы қауым өкілдері алдында өз ұсынысын тастады.

– Осы орайда, сол тұстағы төрт миллион қазақтың екі миллионын құрбан қылған, миллионға жуық адамның шекарадан асып кетуіне себеп болған жаппай ашаршылық жылдарын айтқым келеді. Бұл нәубет пен зұлматқа толы жылдар ағайын екі халық үшін де тарихтың азалы парақтары болып қалмақ. Туған жерімен қоштасқан талай қазақтың Новосібір, Барнаул, Кемерово жақта жанын баққаны мәлім. Бұдан өзге қаншама халық Өзбекстанда, Түрікменстанда, Қарақалпақстанда аман қалды. Біраз ел Алатаудан асып Қырғызстанда пана тапты.

Осы қиын-қыстау кезде ашаршылықтан көз ашпаған қазақтарға жәрдемдесіп, қол ұшын созған азамат қырғыз үкіметінің басшысы Жүсіп



Әбдірахманов болатын. Сол тұста астық дайындау жоспарын орындап, шолақ белсенділік танытпай, азық-түлікті орталыққа жібермей, өз елінде алып қалған, осылайша, Қырғызстанда ашаршылық зұлматын азайтып, 200 қазақ отбасын ашаршылық нәубетінен аман алып қалған Жүсіп Әбдірахмановтың ерлігін қазақ халқы ұмытпайды.

Айтулы қазақ ақыны Ығылман Шөреков: «Ел қамын жеген ерлердің, Сөз білген жанда хақы бар» деген екен. Осы ретте, Астана мен Алматы қалаларында елінің қамын жеген ер – Жүсіп Әбдірахмановтың ескерткішін орнату керек деп санаймын. Бұл екі халықтың өткен тарихы үшін де, мәңгілік достығы үшін де маңызы зор ескерткіш болар еді, – деді М.Құлқенов өз сөзінде.

Форумға қатысқан қазақстандық арнайы делегация өкілдері сонымен қатар Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, А.Осмонов атындағы Ұлттық кітапханасында 2020 жылы ашылған Абай Құнанбаев атындағы Қырғыз-Қазақ мәдени орталығында болып, әдеби жәдігерлермен, кітап қорымен танысты.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясының
құрметті профессоры, жазушы

Неше ықылым заманнан бері қазақтың ұлы даласындағы ата-бабаларымыз ән әуезі мен күй күмбіріне бөленіп, содан рух алып, жүректеріне мейірім ұялатты. Кеудесі шежіре-сырға толы Алатаудың Майтөбе атты жайлауында жартасқа таңбаланған домбыра суреті табылып, бұл үлкен жаңалық болды. Белгілі этнограф, өлкетанушы **Жағда Бабалықұлы** ағамыз тапқан жәдігерді баспасөзде кеңінен жариялады. Ғалымдар зерттей келе бұл домбыра суреті үш мың жыл бұрын тасқа қашап салынған деген байламға келді. Сонау көне қола дәуірінде қазіргі домбыраның арғы тегі – күмбірлете күй төккен, туындыларын, жан сырын қос пернеде төгілген ғой... Қазір осы тастағы сурет Ықылас атындағы Ұлт аспаптар музейінде сақтаулы.

Міне, жазиралы Алатаудың осы өлкесінде тура осыдан бір ғасыр бұрын өрен өнерімен қазақ атын әлемге паш еткен біртуар тұлға Нұрғиса Тілендиев дүниеге келді. Ұлы өзендердің басы мөлдір бұлақтан басталады. Нұраған да батырлар мен ақындар елінде туды. Титтейінен жырдың пірі Сүйінбай бастаған кара ормандай әнші-ақын, жыраулардың ән-жырын, ертедегі қисса-дастандарды естіп өсті. Қазақтың абыз ақыны Жамбыл ата тізесінде балаң шағында еркелей отырып, қарт жыраудың домбыра қағысын үйренді.

Әкесі – Тіленді, жақын бауырлары Шортанбай, Қыдырқожа, Өмірәлі, Шаштайлар аспандағы аққу үнін күйіне қосқан асқан күйші, шетінен жүректі үзілдіретін сынқылдаған шертпе күйлердің шеберлері еді. Нұрғиса, міне, осындай әнмен оянып, күймен бөленіп, уызында қазақ өнері бойына дарыған бірегей тұлға.

Ұлыны ұлы таниды. Сұңқарды сұңқар шарлап ұшқан қанат қағысынан, тұлпарды тұлпар жер тарпыған шалқар шабысынан таниды... Иә, бес жасында Қарақыстақтан Алматыға көшіп келген әке-шешесі жұмысқа шығып кетеді де, бала үйде жападан-жалғыз қалады. Осы күнгі екінші шойын жол вокзалы тұрған орында бәкене, тоқал тамның үстіне шығып алып, Нұрғиса ертеден кара кешке дейін қалақтай ұшқат домбырасын құшақтап, өзі үйренген күй сарындарын тарта береді, тарта береді.

Жолай ары-бері өткіншілерден портфель көтерген бір кісі тоқтап, ылғи тындап тұрады. Сол кісі бір күні бұған бұрылып келіп:

– Жүр, сені мен оқытайын, – деп жетектеген күйі Чайковский атындағы музыкалық мектепке алып келеді. Мектеп басшылары салған жерден:

– Жасы жетпейді. Тәртіпті бұза алмаймыз. Келесі күзде болмаса, – дейді.

Көп сөзге жоқ, істің адамы Ахан ауырлап, бір сұрланып, бір қызарып отырып:

– Немене, мен сендерге көшеде ит қуып жүрген біреуді әкеліп отыр дейсіңдер ме? Қой әрі, болашағы бар, екі ішектен күй төккен домбырашыны оқытындар, сауатын ашып, музыкалық білім берсін деп әкеліп отырымын. «Кейін» дейсіңдер, кейін кеш болады, – дейді нақтылай түсіп. Сосын, ары-бері өтіп жүріп, домбыра тартып отырғанын жиі көретінін және өзінің ықылас қойып сырттай тындайтынын жасырмай айтады. Артынша баладан бір күй тартып беруін сұрайды. Өжет мінезді бала киіз қаптан домбырасын алып, әкесінің «Аққу» күйін шертеді. Тыңдағандар таң-тамаша қалып, бастарын шайқайды. Сөйтіп, оқуға қабылданады. Бұны ертіп келген кісі – атакты Ахмет Жұбанов еді.

Нұрғиса өнердің де, білімнің де әліппесін осында ашады. Ән-күйге іңкәр

ТҰЛА БОЙЫ ТҰНҒАН ӨНЕР



бала 1934 – 1940 жылдары Алматыдағы №18 мектепте, кейін №12 мектепте оқиды.

Бүркіт қыран болар балапанын құзар шын басындағы ұясынан бүріп, шырқау көкке алып шығып, төмен тастап кеп жібереді екен. Сонда нағыз қыран болар от жүректі, болат қанаттысы ғана тез ес жиып, өжеттеніп туу биікке қайта самғай көтеріліп, қайсарланып, қасқайып ұшып шыға келеді. Сол ғана көк әлемнің дүлдүлі, алқара аспанның ардағы – мұзбалақ қыран болады. Қырандар шынға қонады, ешқашан төмендемейді, ғұмыр бойы биіктей береді, алыс-алыс шалқар әлемге самғай береді. Атакты ұстаздары – Ахмет Жұбанов, Мұқан Төлебаев, Латиф Хамиди, Бақытжан Байқаламов сынды қазақ өнерінің корифейлері бала Нұрғисаны барынша баптады, әлінше әлпештеді.

Өнерге талпынған Нұрғиса он екі жасында Құрманғазы атындағы Халық аспаптар оркестрінде домбырашы, он төрт жасында шәкірт дирижер болды. Мектептегі оркестрді басқарып, республикалық, бүкілодақтық сайыстарға қатысып, жүлдегер атанып жүрді. Мәскеу төрінде де өнер көрсетіп қайтты. Ал 1943 жылы ел басына нәубет төнген кезде, өзі сұранып қанмайдаң аттанды. Польша, Чехословакияда соғысқа қатысып, неміс жеріне аяқ басқанда соғыс бітуге екі ай қалған тұс еді. Сонда қысқа мерзімді демалысқа туған жеріне жібереді. Ахмет Жұбанов қояр да қоймай сол кездегі республика партия ұйымының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке алып барып: «Женістің төбесі көрініп тұр, домбырашыға қатпыз, Нұрғиса ауадай қажет болып тұр», – деп талант иесін елде қалдыруға қолқа салады. Ж.Шаяхметов Түркістан әскери округінің бас қолбасшысымен тікелей сөйлесіп, майданға қайтып жібермей алып қалады.

Кезінде Ахмет Жұбанов Нұрғиса ағамызды осылай әспеттеп, әлпештесе, Нұрағанның жақын бауыры, дарынды әнші Ақан Әбдуәлиев Жұбанов атындағы мектеп алдына Ахмет Жұбановқа ескерткіш орнатты. Бұл – ұлы ұстаз, өнер санлағы Ақанның, Ахмет Жұбановтың қазақ елінде тұрғызылған тұңғыш ескерткіші еді.

Дарынды Нұрғиса атакты Мұқан Төлебаевтың қолдауымен Мәскеуге, атынан ат үркетін Москваның консерваториясына оқуға түсіп, өнердің қабат-қабат, қатпар-қатпар қыр-сырларын терең менгерді. Ол кез жайлы Қалтай Мұхаметжанов былай деп төгілтіп естелік жазыпты: «Әлі есімде, Нұрғиса Мәскеу консерваториясына оқуға келгенде сондағы әр салада оқып жүргендердің рухани көсемі, ұстаз ағасы болды. Қолындағы қоңыр домбыраның

өкпесін қабынта, өнешін суыра ел көшкендей анырата жөнелгенінде әп-сәтте бізді басқа бір әлемге алып кететінсің. Пернесінен от шашып, шанағында найзағай ойнаған қоңыр домбыра бар ма, жоқ па, кім білсін? Бірақ сенің дүлей темпераментіңе қай домбыра шыдап қарық болды дейсін. Ол түгіл пианиноның өзі саусағын тие бергеннен-ақ сарнап қоя беретін. О, заман-ай! Ол да бір сенің шойын шайнап, шок бүркіп жүрген шағың еді-ау, сабазым! Оқуыңды тамамдап, опера театрынан бастап, Жамбыл атындағы филармонияның бас дирижері болған кезінде тұғырға қонысымен қыран қанатыңды бірде жайып, бірде бауырыңа алып, бүкіл оркестрді жез бұйдалы тайлақтай жетелей жөнелгенінде жауырыңа дейін жыр төгіп тұрушы еді-ау. Алпыс екі ағзан күйге айналып, кей аспаптан жетім шыққан дыбыстың мыңнан бір мөлшерін қалт жібермейтін қалқан құлағыңда қандай қияпат-құдірет бары тек Алланың өзіне аян... Мұның барлығы сенің ұлылық сапарыңдағы шарқ ұрған шағың болатын.



«Нұрғисаның әні, Нұрғисаның күйі» деген ұғым әбден етек алғанда құм құндағында қалған Отырарды ояттын. Арғы заманда атаусыз қалған қаншама музыкалық аспаптарға жан бітіріп, қан жүгіртті. Олар иесін тапты, сен киесін таптың, көсегесін көгертіп, өркенін жайдың. Сен сол Отырарыңмен күллі әлемге халқыңның музыка мәдениетінің інжу-маржанын шаштың», – дейді Қалаған. Бұдан артық қандай тенеу керек?!

Иә, Нұрғиса 1952 – 1961 жылдары опера және балет театрының дирижері, одан кейін үш жыл қазақтың халық аспаптар оркестрінің бас дирижері, ал 1968 – 1981 жылдары «Қазақфильм» киностудиясы музыкалық редакциясының бас редакторы қызметтерін атқарды. Н.Тілендиевтің атын аспанға шығарған, даңқын әлемге танытқан, 1981 жылы өзі ұйымдастырып, көркемдік жетекшісі болған «Отырар сазы» оркестрі қазақ өнерінде ерекше құбылыс болды. Сыбызғы, қылқобыз, шертер, сазсырнай, нарқобыз, жетіген, дабыл, асатаяқ, даңғара, дауылпаз тағы басқа көне ұлттық аспаптарымызды зерттеп, зерделеп, өн, рең беріп, тірілтіп, оркестрмен сахнаға алып шықты. Халық ата-бабаларының қазақтың кең сахарасында жауһардай сақталған күмбір-күмбір, күңгір-күңгір

ұн қатқан әуез-әуенін сағынып қалыпты, дүр сілкініп, зор тебіреніспен қарсы алды. Жапап дирижер, құдіретті күйші, қайталанбас композитор екенін танытты осы жылдары Нұраған. Жалпы, Нұрғиса Тілендиев – қазақ өнерінің сан-саласын, көкжиегін кеңіткен сан қырлы, жойқын, сұрапыл дарын. Еш қалыпқа сыймайтын өр талант!

Ол «Алтын таулар» операсының (1961, К.Қожамияровпен бірге), «Достық жолымен» балетінің (1958, Л.Степановпен бірге), «Ортеке» балет-поэмасының (1957), «Менің Қазақстаным» (1959) кантаталарының, оркестрге арналған «Поэма», «Ата толғауы», «Ақсақ құлан», «Аққу», «Арман», «Махамбет», «Көш-керуен», «Қайрат», «Жеңіс салтанаты» атты увертюралардың, 500-ге тарта ән мен романстың авторы. 19 көркем фильмге музыка жазды. Қаншама шәкірттер тәрбиеледі. Атакты композитор Шәмші Қалдаяқовты жетектеп Д.А.Қонаевқа алып кіріп, жағдай жасауын өтінген де Нұраған еді. Әсет Бейсеуовтің өзіне де, шығармашылығына да үнемі қамқор болып жүрді. Қаншама өнерпаз шәкірттеріне Алматыдан пәтер алып берді, қаншама талантқа атак, марапат әперді.

Оның әндеріне Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Мақатаев бастаған қазақтың көптеген атакты ақындары сөз жазды. Әлем мойындап, күллі дүниежүзі қол соқты, өнері мұхиттардан, мемлекеттер шекараларынан асып кетті. Мәселен, анау-мынауға таңғала қоймайтын Кореяға 94 мемлекеттен өнер тарландары жиналып, үлкен фестивалда сайысқа түсті. 9 жүлденің алтауын жеңіп алды. Кенеттен кәрістер Нұрғисаға 4 бөлімді «Корей халқының жұлдызы» атты симфониясын орындайтын 126 адамдық мемлекеттік симфониялық оркестріне бас дирижерлік етуді ұсынды. Бұл симфонияның партитурасын бір түнде қарап, кейбір жерлеріне түзетулер енгізіп, келесі күні таңғы репетициядан кейін сахнаға шықты. Ең соңғы концерттің бірінші бөлімін «Отырар сазы» оркестрі аяқтап, сол концерттің екінші бөлімін орындауға Кореяның мемлекеттік симфониялық оркестріне дирижерлік етуімен шыққандағы толқынысы шексіз еді. Симфониялық оркестр ұжымының таңданысында шек болмады. Кәрістер дүр көтеріліп, ұзақ уақыт қол шапалақтап тұрып алды. Жиналғандар «Махамбетті» орындағанда тіпті дүркіреп шалқып кетеді. Міне, өнер құдіреті деген – осы.

Неміс Клаус Шнайдер 1978 жылы «Бұл адамның, осынау алқынып, терін сүртіп тұрған адамның тұла бойы толған музыка ма дерсің. Мен оны музыкадан жаралған жан деп атаған болар едім. Ол деген оркестрмен бірге атта шауып бара жатқан секілді, ноталардың үстімен, аспанда, тауда, даламен құйғытып бара жатқандай», – деп жазды. Үнді жігіті гитараман «Күстар әнін» сызылты. Нұраған өнері әлемді шарлап кетті, биіктеп кетті. Әлемді мойындату – ұлы іс, жанкешті еңбек, төгілген тердің өтеуі, асқан дарын жемісі. Егер Нұраған жазған әрбір ән-күйі мен шығармасы жайлы айта берсек, оның әрқайсысы – бір-бір том монографияға лайық байтақ дүние.

Н.Тілендиевтің өнері мен өміріне, еңбегіне әділ баға беріледі. «Халық Қаһарманы» атанған Нұрғиса Қарасай бабасының 400 жылдығына арналған салтанатта шабыттана өнерін паш етті. Бұл – ұлы жүректің соңғы сәттерінің бірі еді, сахнаға соңғы шыққаны еді. Сол жазда Нұраған туған өлкесін сағына аралады. Мені ертіп, Атабай атты сайды көріп, мөлдір бұлағынан су ішіп, қысар ауасымен кеуде кере дем алды. Соңғы кездері: «Жамбыл ата, Жәкем жарықтық жанынан екі құлаш жер беріңдер, Жәкеңнің қарауылы боп жатайын», – дегенді талай естіген едік.

(Жалғасы 8-бетте)

Алғашқы күй тартылып аяқталғанша Жамбыл сыр мінез танытып, салқын отырды. Өн бойына біткен қорғасындай сабырлығына маңғаздығы жарасып, қариягершілік бағасына сай сөз саптауы кімді болса да мойындатқандай. Әншейінде адамға көзін тіктеп қадайтын Жәкең, күй күмбірлеп тұрғанда қалың ойға шомған жанарын көлегейлеп, көрсеткісі келмегендей жербауырлатып, төменшектей бергенмен, қатпары домбығып ісінген қабағындағы қордаланып тұрған мұң-наланы жасыра алмады. Бір кезде жуандау дауысымен тамағын кенеп, жанқалтасынан шақшасын алды да, асықпай басбармақтың ойығына насыбайын салып, атты. Артынша лақша білінер-білінбес түшкіріп қойды.

ЖАМБЫЛДЫҢ ТҰҚАТАЙЫ

Гүлзейнеп СӘДІРҚЫЗЫ,

жазушы

— Тұқатай, соңғы қайтарымындағы ырғақтан айырылып, астарлы дүниені бүлдіріп жібердің ғой, сол жерін қайыра тартшы, — деді Жамбыл жақтырмай жұтандау қолын көтеріп домбыраны нұсқады да, артынан күмістей жарқыраған қаба сакалын жаймен тарамдай сипап.

Бұл — Байсеркенің дауылды «Ұран» күйі еді. Жұрттың кеу-кеуімен арқасы қозып, өзін ұстай алмаған қармақтай арық, қазаншадай басына қалқан құлак біткен 13 жасар жасөспірімнің онсыз да шыбықтай нәзік саусақтары перненің асты-үстіне шыққанға талықсып әбгерге түскенін білдіріп қойды. Оның үстіне, бұл кезде Жамбылдың атағы әлемге әуелеп, аяқ-қолы жерге тимей тұрған кезі. Соншама жасқа келгенде қарттықтың даналығын көрсетіп тоқсанында топ жарған, жырдың желмаясын мініп, ақын-дарияға айналған шағы. Үкімет пен партия да алақандарына салып, бір өзіне көмекшісін де, хатшысын да, қосшысын да қосып, басыбайлы емшісін, ең аяғы, аспазшысына дейін сайлап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай отырған жайы бар. Ал қырғыз ағайындарың болса, жыр алыбы — Жәкең десек, жырдың кені — Кенекең деп айыр қалпақтарының қос қырына салып төбелеріне көтерген уақыты. Әрине, осыншама құдірет, құрмет арқалаған әрі өзінің жанашыр, тілегі адал бабасының алдында бармақтай балаға сынға түсу оңай тисін бе? Осының бәрін сезініп, өзгеше күй кешкен баланың қысылғаны сонша, маңдайына шыны моншақтай тізілген тер шалт қимылдаған сайын жүзін жауып, тарамданып ағып түсіп жатты. Тек күй аяқталғаннан соң ғана таңырайған мұрнын екі тартып, бетін қолымен сыдыра сыйпай сүрткенмен, одан бетер айғыздап тастады. Тәтесіне қараса, өңменнен өтер өткір жанарын қадап, қимылын қалт жібермей бағып отыр екен.

— Неге асығасың, қай жау сені қуып келе жатқан?

Күйші бала сол қайырымынан күйді қайыра орындады. Ол кезде балаң күйші қазіргі К.Байсейітова атындағы музыкалық мектепте қазақтың төл сазының ардақтысы Ахмет Жұбановтың класында әрі №18 жалпы білім беретін мектепте оқитын. Баланың зерек, көкірегі күмбірлеген күй сандық екенін, болашағынан жылтырап айы, күлімдеп күні жарқырап тұрғанын сезген көреген ұстаз атақты шебер Романенкоға айтып, арнайы домбыра жасатып, сыйға тартады. Күйші баланың қолында — сол киелі домбыра. Аспапта мін жоқ. Ұзын мойын, құмырсқа бел — сүмбі қыздай жасанып-ақ тұр.

— Әп, бәрекедді. Міне-міне... — деді қабағы жадырап сала берген Жәкең. — Тұқатай, енді Әйемнің «Аққуын» ба, «Ақ көбік, қара көбігін» бе тартып жіберші...

Жәкең өзі жұртқа атқойғыш адам. Әйе деп отырғаны — немере інісі Тіленді-тін. Әйенің түбі «әйбат», «әдемі» деген

сөзден шыққан. Мұхтар Әуезовті — Қара дәу, Сәбит Мұқановты — Балуан шолақ, Кененді — Келібасым, Орынбайды — Тау құдірет, Үмбетәліні — Қара жорға, Нұрлыбекті — Арқардың құлжасы десе де, ал күйші баланы, Тұқатай деген соң анасы да, ауылдастары да солай атап кеткен. Оның не сөз екенін баланың өзі де білмейді, әйтеуір Тұқатай десе, «әу» деп жүре береді.

«Аққу» күйі шарықтап кетті. Бірде күй қиқулап ұшып келе жатқан құстың падишасы — аққудың тілімен сөйлегендей, сағым, сағыныш болып бөлме ішіне сіңіп кеткендей әсер берсе, бірде елітіп, еліртіп жүректің туырлығын тілгілеген сикырлы үндей арбап, әуеннің, әуездің патшалығын құрып алғандай асқақтап тұрып алады. Содан да шығар, отырғандарды тыпыр еткізбей шынырау тұңғыққа тастап жібергендей, бөлмені біраз үнсіздік биледі.

Күй тартылып біте салысымен:

— Жарықтық Әйемнің «Аққуына» күй жете ме, — деді де, үнсіз қолын созып, домбыраны маған бер дегендей ишара білдірді. — Домбыраң өте шешен екен. — Жамбыл аспапты аударып-төңкеріп алай-бұлай қарады да, алдымен маңдайына басып, сонынан иіскеп: — Тұқатай, домбыраннан өзіңнің иісің аңқып тұр ғой, — деді күлімдеп. Салалы саусақтарымен домбыраның ішегін термелеп қағып көрді де, бұрауы теріс болған соң қоя қойды. — Мынауыңның бұрауы қатты, тиегі биіктеу ме? Немене мынаның бәрін жыпырлатып қойып, — деді пернелерді бірінен соң бірін көрсетіп.

Жәкеңнің олай айтатын да реті бар. Бұрынғы ағаштан тұтастай ойып жасалатын домбыралар, әрине, қолға ыңғайлы, тартуға жұмсақ. Ешкінің ішегімен, аласа тиекпен, жеті перменен тартыла беретін. Ал Ахаң сыйлаған домбыраның ішегі — кергуттен, екі октава нота түгел пернеге түсірілгенде жыпырламай қайтсін.

— Тұқатай, қарағым, саған айтарым, осы кара домбыраға ие бол. Сенің атыңды да шығаратын, азығыңды да тауып беретін — осы қазақтың киелі домбырасы. Қасиетіңнен айналайын, ашаршылықта осы домбырамен бүкіл үрім-бұтағымызды аман сақтап қалмадық па? — Біраз үнсіздіктен кейін: — Маған анау тұрған кәрі жолдас, кәрі шөңгеме қол жалғашы, — деді Жәкең батасын берген соң. — Ол менің тілімді де, сырымды да жақсы біледі. Шырағым, мына күйді білесің бе, мұны Әйең саған тартып бермеді ме? — деп, күйді бастап жіберді.

Күй көкірек әлі өрекіп тұр. Қарт күйшінің қағысындай емес, саусақтарында ешқандай діріл, әлсіздік байқалмайды. Өнерге, жырға іңкәр болып туып, ғасырға жуық көмейінен жыр қоздатқан қарт жырау енді күй көмейге айналғандай, көзін жұмып сілтеп отыр. Бұл өзінің «Ой, дүние-ай» күйі болатын.

Жарықтық Жәкеңмен бұл кездесу 1938 жылы Алматыда бұрынғы Сталин көшесі, 3-үйде — Тілендінің туған інісі Тілегеннің әйелі қыз туған шілдехана тойында болған еді. Тұқатайдың анасы Салиқа шешей заты

әйел демесе кара күштің иесі болған. Кейбір тілін безеп, кердендеген күйеубалаларын көтеріп, дуалдан лактыратын көрінеді. Бірақ ешкімге орынсыз ұрынбайды. Содан да болар, ол кісіні келін-кепшік, абысындары «қара қасқыр апа» деп атаған. Салиқа шешейдің осындай шатақтау мінезі баласы Тұқатайда да жоқ емес еді. Жазғы каникулда: «Балам, сенің жаралған топырағың, шыққан елің — Ұзынағашта. Менің басым қисайса, саған пана болатын солар», — деп ауылға апарып тастайтын. Содан ғой, Алғатай көбіне жазды күні шөп шабуға жиналғандарында құрдасы домбырашы, күйші Шаштай екеуі Тұқа-

Олар таң ата жолға шықты. Бірақ күйші жігіт ұлы бабасын соңғы рет көріп, ақырғы рет дидарласқанынан мүлде бейхабар еді. Өзіне рухани тірек те, асқар таудай әке де болған жақын жанды қалай жаманатқа қисын. «Аман-есен келсем, әлі-ақ шөліккеген шөлімді, Алатаудай сағынышымды басармын» деп ойлады.

Мәңгілікке жаралған пенде жоқ. Жамбыл көз жұмғанмен, ақынның рухы, аталы сөзі, жыр маржаны — алып бәйтерегі құламады. Оның бүгінде көлеңкесі ұзарып, саясы мәуелі баққа айнала түскен. Мың жасайтын алып бәйтерек қалай болушы еді?.. Өзегі жуандап, тамыры теренге



тайды еркелетіп, иықтарына көтеріп ала кететін. Екі достың ең далада қосылып ән салғандарын талай естіген, сол дауыстар әлі құлағында.

Жәкең Мәскеуге баратын жылы Алматыдан «Аманкелді» фильмін түсіру үшін біраз кино тарландары келеді. Сол фильмге түсуге көрші ауылдан Жамбылды да алдырады. Жәкең болса, каникулда жүрген Тұқатайды сол фильмге түсуге бірге ала барады.

Бірде Аманкелдіні өлтіретін эпизод түсіріліп, біраз адам төбеде қалып, қызықтап тұрған. Аманкелдінің жары болып ойнаған қазақтың биші қызы Шара Жиенқұлова да Жамбылды төңіректен жүргенді. Бір кезде қуғыншылар Аманкелдіні сайға қарай қуып тығып, атып өлтірмек болып әрекет жасай бастағанда Жәкең танақоз, қылыш қас Шараны құшақтаудың айласын тауып:

— Әй, Жандарбектің баласы, тарт, — деп айғай салады. Оны естіп жатқан Құрекен бар ма, — Әй, Байсейіттің баласы, сен де оңбайсың, Аманкелдіні атып. Шырағым, келін, бері келші, жесір қалсаң, сені кім алады? — деп өзіне жақындаған Шараны қапсыра құшақтап, қысып-қысып жібереді.

— Кешір, келін, мен Аманкелдіні шынымен атып жатыр екен деп қалсам. Әй, Шара-ай, мына дәуді қайдан тауып жүрсің, Аманкелдіні өлтіріп қоя жаздады ғой, — дейді артынша күлімдеп...

1943 жылдың қыс айы. Соғыстан екі ағасы Қаймолда мен Баймолдадан бірдей суық хабар келген күйші жігіт ешкіммен ақылдаспастан 18-ге толмаса да соғысқа өзі сұранып, майданға аттанбақ. Жалғыз соғысқа кетіп бара жатқан ана ырым етіп: «Бабаң ғой, тәтемнің батасын алалық», — деп жылап-сықтап Жәкеңе жетеді.

— Тұқатай шырағым, сен өзі мылтық құрғырды көтере аласың ба, осы? Ол саған иығыңа салып гәккулетіп жүретін домбыра емес, — деді, алдымен, мысқылдай күліп алып. — Сыртқа емес, ішке кеткен баламдай көруші едім. Сен әлі жассың, бұл саған өз алатын соғыс емес. Өзінді өзін ұста, өзінді өзін сақта. Бізде қай жетіскен тұқым бар дейсін. — Жамбыл ауыр күрсінді де батасын беріп, бетін сипады.

тартып, жапырағы жайқала түспей ме? Ал сол бәйтеректің шынардай біткен бұтағы — күйші бала, дарабоз дарын иесі, ешкімге ұқсамайтын шабысы бөлек, желісі ерек нысаналы жүйрік, халқының еркебұланы, Жамбылдың Тұқатайы — Нұрғиса Тілендиев еді.

Бұл күнде Нұрағанның үйінде алты домбыра бар. Олардың ішіндегі Нұрағана ыстығы, жүрегіне жақыны — саздың, әуездің киесінен жаралған Ахаң сыйлаған, жырдың киесінен жаралған Жамбыл ұстаған қоңыр домбыраны Дариға шешемізбен бірге баласын әлпештеп, мөпелеген анадай оң бүйрегіне салып үлгілетіп отыр. Оны тек қасиетті күндерде, үлкен жиындарда ғана қолына алады. «Қыз Жібектегі» барлық күй, музыкалық сүйемелдеу қоңыр домбырамен орындалған. Әрине, сол қасиетті қоңыр домбыраны көруге біз де құмартқан едік, Нұрағанның қасиетті шаңырағындағы осы бір баға жетпес қазынасын қолымызға ұстау бақытына ие болдық.

56 жыл өмір сүрген домбыра-ғұмыр... Күні кеше ғана хас шебердің қолынан шығып, ұлпа шашақтай жеп-жеңіл, қырық күн суытып, ашы терін алған сәйгүліктей бабында тұрған домбырадан кәдімгі иіс келеді. Бір-екі қағып көріп едік, күніре-не күмбірледі. Шертуге бұрауы солақай болған соң, бұзуға дәтімиз жетпеді.

«Маған домбыра — әкем Тіленді мен бабам Жамбылдан қалған мұра. Бұл — менің тілекшім, сиынатын пірім. Қасиетіңнен, киеннен айналдым, қоңыр домбыра! Киелілігі, қасиеттілігі сол ғой, бас жағыма қойғанда түнімен дыңылдап күй тартып тұрады. Егер маған көңілі таза емес адам бұл домбыраны ұста, бір-екі күн сырт беріп, шерткенде бұрауы бұзыла береді». Нұраған солай дейді...

Өзі де — жыр, сөзі де — жыр, қайғысы да — жыр, қуанышы да — жыр, жыр-ғұмыр Жамбылдың он тізесінде отырып, рухтанып өскен Тұқатайдың киелі қоңыр домбырасы бүгінде иесін қорғап-қоршап жүрген әулиедей көрінеді маған.

1996 жыл

Есболат АЙДАБОСЫН,*жазушы-журналист*

Біз о кісіні «Мүйізді ата» дейтінбіз. Өз аты – Жапар, сүйегі – Шапыраштының Екейі. Тура шекесінде бас бармақтың көлеміндей шодырайған сүйелі бар еді. Сонысын елге көрсетейін дегендей қысы-жазы шашын тақырлап алып жүреді. Жарықтық әңгімешіл еді. Желдей есіп, судай тасып сөйлегенді жақсы көреді. Не нәрсені болсын апыл-ғұпыл құйындатып жылдам істейді. Қолы қарулы, қай жұмысқа салсаң да жапырып жібереді. Атам: «Екейде елу бақсы, сексен ақын, гулейді жың құғандай кешке жақын», – деп бұрынғылар айтып кеткен. Бұлардың байлығы – мал емес, өнер. Өлең қонған ру, арқасы бар атадан», – деп көтермелеп отыратын.

Мүйізді атаның әйелі Сұлушаш апа – әжемнің немере сіндісі. Жалпы, әжемнің үш сіндісі бар еді. Мағрипа, Балшаш, Сұлушаш... Үшеуі де үлкен ағасы Қашқынбайдың қызы екен. Алдыңғы екеуі туралы әжемнің әңгімесінен естігеніміз болмаса, түрін көрмегенбіз, біз ес білмей тұрып дүние салыпты. Ал Сұлушаш апа қараторының әдемісі еді. Сыбырлап сөйлейтін, анау-мынауға күйіп-піспес біртоға кісі еді.

Мүйізді атаны атам «бажа» дейтін, келген сайын төрге шығарып, құрақ ұшады. Әкем «жездепел» жаны қалмай жалпақтайды. Біз «мүйізді ата» деп өлердей қорқамыз. «Мүйізді ата келе жатыр» десе, төсектің астына тығыламыз. Бір күні қарындасым Гүлнұр екеуіміз бір-бір томпақ пірәндікті кеміріп, теледидардың алдында томпып отырғанбыз. «Күндізгі телесеанс» айдарымен берілетін көркем фильмдерді жібермей көру бұлжымас дәстүріміз еді. Бір кезде сыртқы есік «сықыр» етіп ашылды да қыстың суық ауасымен бірге әлдекім алқын-жұлқын кіріп келді. Төркөрпенің үстінен тұрып үлгермедім, әлгі қонақ еденді ойып жіберердей тарс-тұрс басқан күйі тапырақтап қасыма жетті. Басынан қырау қатқан түлкі тұмағын сілкіп шешкенде таныдым, Мүйізді ата екен. Қарындасым «шар» етіп шыңғырып түпкі бөлмеге безіп кетті. Мен де кашуға ыңғайланып едім, қақпайлап жібермеді.

– «Алатау» арнасын қос, – деді бұйыра сөйлеп. Киномыз жаңа басталып еді, мұрын астынан мінгірлеп амалсыз теледидардың құлағын бұрап, «Алатауға» ауыстырдым. Әлдебір концерт болып жатыр екен. – Е, болды, осыған қой да бара бер, – деп қалтасынан бір уыс мөмпәсі шығарып маған ұстата салды. Өзі ұзағынан отыратынын білдіріп малдасын құрды. Оның бір уыс мөмпәсі менің екі алақаныма әзер сыйды. Кино қызығынан құр қалып, жылауға шақ тұрған көңілім жаңбырдан кейінгі жазғы даладай жадырап сала берген. Түпкі үйде үрпиіп отырған қарындасымға қарай жерден жеті қоян тапқандай жүгіре жөнелдім.

– Не болды, о кім өзі? – деп жамап отырған шалының шекпенін сүйретіп әжем де өз бөлмесінен шығып келе жатыр екен. Аңдаусызда соқтығысып қала жаздадық.

– Өй, тұқымын өскір, сен бе тарсылдатып жүрген? – деп, әжем маған кейістік танытып алып, Жапар ата отырған бөлмеге қарай кетті. Мен алып ұшып Гүлнұрға

жеттім. Екеуіміз тәтті-мәттіні теңдей бөлісіп алып, біріміздікі біріміз тістеп көріп, бір уыс кәмпітті біраз уақыт ермек қылдық. Артынан мөмпәсидің тәттілігін киноға деген әуестік жеңіп, теледидар тұрған бөлмеге қайта келдік. Кіруге жүрек дауаламайды. Есіктен мойнымызды қылттып қараймыз, тезірек концерт бітсе, киномызды бел ортасынан болсын көрсек дейміз. Бірақ ол құрғырдың бітетін түрі жоқ. Ұзын бойлы біреу қос қолын ербедетіп, қарсы алдындағы қалың тобырды шырк үйіреді. Қол сілтеген тұстан бірінен-бірі асып түсетін құйқылжыған күй төгіледі. Ол адамның дирижер екенін, ал оның алдында қаздай тізілген кісілердің оркестр екенін бертінде білдік қой, ол кезде алғаш көруіміз. Мүйізді ата сол оркестр салған әуен сикырына арбалғандай теңселіп әрі көгілдір экранға кіріп кетердей телміріп отыр. Әжем күйеубаласынан ара-тұра әлденені сұрап қойып, шекпеннің астарын айналдырып тастап жамауға кіріскен. Қас қылғанда концерт ұзаққа созылды. «Кино көрейікші», – деп қыңқылдағанымызға әжем құлақ аспады. Бізді мүйіздей қуып шыққан мүйізді ата концертті тапжылмастан тамашалады. Концерт біткенде тап бір театр залында отырғандай қол шапалақтап шаттанды. Үй ішін кернеп кеткен сарт-сұрт ұрылған алақан дыбысына елітіп, жүгіріп келгенімізде көргеніміз – әлгі дирижер көпшілікке иіліп тағзым етіп жатыр екен. Қос қолын қапталына кезек-кезек сермеп айналасындағы өнерпаздарға құрмет көрсетті. Теледидардағы көрермендердің разы болғаны соншалық түрегеп тұрып, дуылдатып қол соғып жатыр. Мүйізді ата да орнынан тұрып кетіпті. Телеконцерттің шымылдығы жабылғанда ол да кілт бұрылып қалай тарсылдатып келді, тура сондай екпінмен далаға шығып кетті. Аттап-пұттап бара жатқан күйеубаласының сыртынан қарап тұрған әжем ақырын күрсінгендей болды. Біз дереу теледидардың құлағына жармасып, киномызды іздеп жатқанда әжемнің:

– Енді қайтсін, байғұс-ай, бауыр деген оңай деймісің. Бұл да бір жетім өскен тесік өкпе ғой, – деп күбірлеп жатқанын құлағымыз шалды. Ол кезде есіл-дертіміз киноға ауып әжемнің сөзіне оншалықты мән бермегенбіз, кешкілік естідік Мүйізді атаның әңгімесін.

– Әлгі Жапар неғылып жүр аласұрып? – деді атам асқа бата жасап болған соң нанға қол соза беріп.

– Нұрғисаның кәңсерті болды, соны көруге келіпті.

– Жамантыда телебізир жоқ па екен? – Бар ғой, бірақ әнтендері «Алатауды» ұстамайды екен. Балалары кептер атамыз деп тоғын үзіп тастапты.

– Мм, Құдайдан қайтсын!.. Атамның бұл сөзіне біз түгілі бүкіл ауыл үйренген. Біреуден жақсылық көрсе де, жамандық көрсе де айтатыны сол бір ауыз сөз. Алайда бұл жолы «Құдайдан қайтсынды» не үшін айтқанын ешкім парықтаған жоқ. Жапар мен Нұрғисаның әңгімесі де атамның «Құдайдан қайтсындымен» тамамдалар ма еді, кім білсін, әңгімеге мен қилікпегенде...

– Әже, Нұрғиса деген кім? Анабір ұзынтұра кісі ме, қалқанқұлақ? – дедім ұртымдағы сінірді малжандай шайнап. Менің сөзіме қарындасым мен ағаларым тырқылдап күлді. Бірі ішіп отырған шайына шашалып қала жаздады. Артынша әжемнің «тә жоғал әрісі» мен атамның «тәйт» деген шаңқылдақ үні қатар шыққан.

– Аруақты адамға тіл тигізбе, – деді атам даусын бәсеңдетпестен. Әжем де біраз кейістік танытып:

– Беталбаты сөйлей бермегін, – деп аяқтады сөзін. Артынша қос қария екі жақтап, бірі ұмытқанын бірі толықтырып Жапардың отбасылық тарихын баяндап берген.

Сөйтсек, біз білмей жүріптіз, әлгі мен суреттеген кісі расымен де Нұрғиса екен. Иә, иә!.. Қазақтың марғасқасы Нұрғиса Тілендиев болып шықты. Ал ол Жапар атаның ағасы көрінеді. Бізді үнемі мүйізмен қорқытатын, қалтасына салып келген мөмпәсімен «борбайдағы байлығымызды» сатып алып, насыбай атқандай түшкірініп-пысқырынатын болмысы қызық шал әйгілі композитордың туған інісі болып шықты.

естіген ол, інісінен қалған жетімектерді қалай да іздеп таппаққа бел буып, атқа қонады. Қаракәстектегі балалар үйіне барады, ол жақтан сұрастыра жүріп Қарағандыға жетеді. Естияр боп қалған Нұрғисаны қиналмай табады, тек Жапардың дерегі жоқ. Ешкім ештеме айтпай дінкелетеді. Ақыры өлдіге жорып, Нұрғисаны ғана алып еліне қайтады. Өз атын фамилия ретінде тіркеп, әкесі Атабайдың баласы деп құжатқа жаздырады, сөйтіп, «Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев» болып шыға келеді. Осы ретте айта кетер бір жайт – ел арасында Нұрғиса мен Жапардың бір әке, бір шешеден туатынына күмәнданатындар көп. Солардың

Мүйізді ата

Нұрғисаның туған інісі Жапар туралы не білеміз?



Оқиға былай өрбиді: Екейдің ішіндегі Ботақара руының белді ақсақалы Атабай бидің кіндігінен үш ұл, бір қыз өрбиді – Тіленді, Тілеген, Тілебалды, Күленді. Нұрғиса мен Жапар Тілегеннен туған. Отызыншы жылдары қырғыздармен әлдебір қақтығыс туып, Тілеген жазым болады. Ерін өлтіргенімен қоймай қырғыз тобы Тілегеннің әйелін қоса олжалап кетеді. Үйелменді-сүйелменді Нұрғиса мен Жапар жетім қалады. Бірі алты-жеті, екіншісі төрт-бес жастағы қос бейбақ әуелгіде Қаракәстектегі балалар үйіне түседі, сонан ары Қарағандыға жөнелтіледі. Қарағандыға барған бетте Жапардың басына жара қаптап, шекесіне шодырайып сүйел шығады. Беймәлім дерт тұтас денесін алып кетеді. Өзгелерге жұқпас үшін балалар үйінің басшылары оны дереу алапес, қотырларға арналған арнайы мекемеге тапсырады. Кішкентай інісінен тірдей айырылып Нұрғиса қала береді.

Бұл кезде Алматыда тұратын Тілендіге де қаралы хабар жеткен еді. Інісінің өлгенін, келінінің қолды болғанын кештеу

қолымен шежірелік кітапқа Нұрғиса Тілендінің, Жапар Тілегеннің баласы деп жазылып кеткен. Алайда осы жерде заңды сұрақ туады: егер Нұрғиса Тілендінің баласы болса, неге ол жетімдер үйіне түседі? Әке-шешесі тірі жеткіншекті өкімет адамдары неге балалар үйіне берген? Осы жағы түсініксіз, яғни Нұрғисаның жетімдер үйіне түскені рас болса, онда оның Тілегеннің баласы екені де рас болғаны. Жапар екеуінің туған ағалы-інілі екенінің де рас болғаны!

Хош! Алмағайып заманда бір-бірінен адасып қалған екі ұл екі жақта ержетті. Ел тоғайып, ес жия бастаған тұста соғыс басталды. Нұрғиса әскерге аттанды, ал Жапар әлгі дерттен құлан-таза айығады. Тек басындағы сүйел кетпей қалады. Жасы толмады ма, әлде денсаулығындағы кінәрат әсер етті ме, әйтеуір, Жапарды әскер қатарына шақырмайды. Есесіне Қарағанды шахтасында қара жұмысқа жегіледі. Соғыс аяқталып, ел тынышталғанша қайла-күрекпен кен қазып, еңбек етеді. Осылай жалғыздықта жабығып жүргенде жиі-жиі түс

көреді. Түсінде ақ сақалды бір қария келіп: «Елінді тап, елінді тап», — дейді екен. Ақыры өзі өскен балалар үйіне барып, сұрау салады. «Мен кімін? Қайдан келдім?» — деп сұрастырады. Мұрағат құжаттарынан ағасы екеуінің Ұзынағаштың қасындағы Қаракәстек балалар үйінен жеткізілгенін біледі. «Не де болса сол елдің адамы шығармын» деген оймен Жетісуға қарай жолға шығады. Ұзынағаштың манайындағы ауылдарды шыырлайды. Ақсақал, қарасақалдармен сөйлеседі. Атабай бидің үш ұлының бірі Тілегенді танитындар көп ұзамай табылады, осылайша, өзінің шыққан тегін, руын біледі. Әйтсе де Тілегенмен бірге туған Тіленді туралы мағлұмат аз. «Қайын жұртын сағалап Алматы жаққа кеткен» дегеннен басқа дерек жоқ.

Елін, жерін тапқанымен, бірге туған ағайындарын таба алмай жарым құрсақ, жарты көңіл болып жүргенде Алматы-Бішкек тасжолының құрылысына қатысады. Осы жерде жүріп өмірлік жары Сұлушашпен танысады. Екеуі бас қосып, біздің ауыл Ақтеректің бөлімшесі санатындағы Жаманты елді мекенінде тұрақтап қалады. Балалы-шағалы болады. Қайын жұрты Қасқараудың ішіндегі Таутеке руына түбегейлі сіңіп кетер ме еді, ойламаған жерден Нұрғисаны жолықтырмағанда...

Нұрғиса мен Жапардың кездесуі өмірде емес, сауатты сценаристің киносында ғана болатын тосын оқиғадай қызық. Ол туралы атам мен әжем әлденеше рет баяндап берген. Бертінде мүйізді атаның өз аузынан да естідік.

— Алматы-Бішкек тасжолының 119-шақырымындағы Дорбуткада* отыратынбыз ол кезде, — деді мүйізін орнында ма дегендей басындағы сүйелін бір сипап. — Ақпанның соңы болатын, жарым түнде үйге үш еркек сау етіп кіріп келмесі бар ма?! Балалар далаға кіріп шығып жүріп есіктің ілгегін салмаған екен, есім шығып кетті бастапқыда. Біреуі — ұзын бойлы, басындағы бөркі үйдің төбесіне тиеді екен. Екіншісі — балуан денелі төртпак, мұртына қырау қатқан шомбал. Үшіншісі — дембелше келген, шымырлау жігіт. Мекеніміз тоғыз жолдың торабы, ұры мен қарының жүретін жері. Дәу де болса солардың бірі шығар деп ойладым.

— Әй, жігіттер, — дедім батылданып. — Танымайтын адамға түнде есікті ашпаушы едім, рұқсатсыз үйіме кірдіңдер. Оған көндік. Енді не қалайсындар? Кессеңдер бас міне, алсандар мал әнекей қорада қамалып тұр. Тек бала-шағама тиіспендер! Жүріңдер, қатын-баланы ойбайлатпай сыртқа шығып төбелесейік, жекпе-жекке шығындар, — дедім. Осыны айтып, есікке қарай беттеп бара жатыр едім, әлгі ұзын бойлысы жылдам екен, иығымнан шап беріп ұстай алды. Өлсем, алысып өлейін деп жағасына жармаса кеттім. Көмір шахтасында талай орысты тоңқалаң асырған әдісіме салып, аяқтан қырка шалуға оңтайланып тақала бергенім сол еді, ортамызға әлгі дембелше жігіт килікті. Жабылады екен десем, ажыратып әлек.

— Ағатай, қойыңыз, — дейді. — Біз қаракшы емеспіз, тимейміз, тиіспейміз. Боранға ұрынған жолаушымыз. Көлігіміз бұзылып жолда қалды. Жылтыраған жарықты байқап сіздің үйге омбы қарға малтығып әзер жеттік, — дейді. Олардың мүләйімсіген түрлерін көріп мен одан сайын оқырандадым.

— Үйіме баса-көктеп неге кіресіңдер, онда?! Кімді басынып жүрсіңдер? — деп қоямын өзімше сес көрсетіп. Бір кезде

жанағы ұзыны тіл қатты.

— Қодырандамай қоя тұршы, жарығым! Қондырсаң, құдайы қонақпыз, қусаң, кетеміз. Неткен сөз ұқпас дүлейсің өзін? Тек аз-маз бой жылытуға мұрсат бер, — деді. Дауысынан мына бәлеге қайдан тап болдық деген шарасыздық байқалады. Жағдайдың ушығып бара жатқанын сезген дембелше жігіт әңгімеге қайта араласты. Көліктің шопыры сол екен. Айтуынша, барлығы Қырғыздың астанасы Пішпекте өтетін үлкен бір жиналысқа кетіп бара жатыр. Қасындағылар Қазақстан тұрмақ бүкіл Кеңес Одағына танымал атакты адамдар көрінеді.

— Мына кісі, — деді жаңа ғана мен жағаласқан ұзынтұраны нұсқап, — атакты композитор Нұрғиса Тілендиев болады. — дембелше жігіт аз-маз кідіріс жасап менің бетіме бажайлап қарады. Шамасы «мына жаман қазақ қайтер екен?» деген болса керек. Мен де қырсықпын ғой, «енді қайтейінге салып» сазарып сыр алдырмай тұрмын. Анау қайта сөйледі. Ал ана кісі — Сәбит... Сәбит Мұқанов. — Осы кезде төбемнен біреу сойылмен салып қалғандай состыйып тұрып қалдым. Жүрегім дүрс-дүрс соғады. Беймезгіл уақытта келген қонақтарым да әліптін артын бағып үнсіз тұр. Балуан денелі мұртты кісі күнде етігімді кьерде отыратын ағаш шөркеге бөксесінің бір бөлігін ғана іліндірген екен.

— Әй, ақымақпын ғой, ақымақпын, — деп Мүйізді ата осы кезде балғадай жұп-жұмыр жұдырығымен өз басын қойып-қойып жіберді. Жасымнан жетім өсіп адам баласына сенуден қалғанмын. Анау өтірік алдап тұр деп ойлаған болсам керек, аспалы шамды алып, әлгі екеудің бетіне үңіліп тұрып қараппын. Әрі бір емес, бірнеше рет. Мына жағына бір шығып, ана жағына бір шығып әбден зәрезап қылсам керек, бір кезде әлгі кісі қойнынан партбилетін суырып алып, алдыма лақтырып жіберді.

— Оқы! — деді жекіп. Хат танымын ғой, оқыдым. Өзімнің қылығымның ерсілеу болғанын түсіндім. Қызыл билетке қарап тұрып құлағыма дейін қызарып кеткенім сездім. Ұялған тек тұрмастың керімен: «Сұлушаш, әй, Сұлушаш», — деп айғай салыппын сасқанымнан. Түпкі үйден ішкөйлекшең атып шыққан оған: «Ойбай, қазан көтер, үйіне бак келді, қызыр қонды», — деп бақылдаппын. Қойшы, әйтеуір, қонақтардың жатамыз дегеніне көнбей жарым түнде ет асылды. Атак пен даңқты қанжығасына байлап жүрген мықтылармен бір көрпенің үстінде шын-тақтасып жатып, әңгіме соқтым. Сөздің соқпағы мәдениет, тарих, саясат секілді бүкіл дүниені шарлап шығып, бір кезде руға келіп тірелді.

— Қай туған боласыз? — деп шопыр жігіт сұрады.

— Екеймін, — дедім жұлып алғандай. — Шапыраштының Екейімін, — дедім. Даусымнан руымды білетініме масаттанғаным сезіліп тұрса да артым қуыс. Ары қарай сұрамаса екен деп отырмын. Жетім өскен байғұспын ғой, жеті ата тұрмақ екі-үш атамның атын мұнда білдім. Менің жауабыма екі мықты да елең ете қалды.

— Жәкеннің (Жамбыл Жабаев) інісі болдыңыз ғой, — деді Сәбит Мұқанов қолтығындағы жастығын ыңғайлап алып.

— Қайсы Екей? Кәдімгі қызыл Екей ме? — деп сұрады Нұрғиса. Не болса да шындықты айтайын деп шештім. Көпті көрген бәлекеттер бәрібір бұлтаңдауға мұрша бермей бас салар...

— Қай Екей екенін білмеймін, әйтеуір, елім — Екей. Фамилиям — Тілегенов. Төрт-бес жасымда екі жас үлкен ағам

екеуіміз Қарағандыдағы балалар үйіне түсіппіз, сол жерде жүріп ағамды жоғалттым, содан ағайын-туғанды көрген жоқпын. Осындағы Жаныстарға күшік күйеу болып сіңгенмін, — деп тарихымды баяндап бердім. Байқаймын, мен сөйлеген сайын Нұрғисаның қос жанары жарқырап, көзімен ішіп-жеп барады. Түрлі сұрақтарын төпеп жатыр. Мен шамамның келгенінше есімде қалғанын айтып, жауап бердім.

— Әй, сенің ағаңның аты кім еді? — дейді.

— Білмеймін, — деп иығымды қиқаң еткіземін.

— Әй, сол Қарағандыдағы жетімдер үйінде мен де болдым ғой, — дейді.

— Қай кезде?

— Тап сол уақыттарда. Сен ағанды жоғалтсаң, мен інімді жоғалтқанмын.

— Ә, солай ма? — деп мән бермедім.

— Әй, сен осы, үсті-басыңа жара қаптап ауырмап па едің?

— Ауырғам, — деп айтып үлгермедім, құрықтай ұзын қолын созып жіберіп, басымдағы тақияны жұлып алды. Шопыр жігіт тағы да төбелес басталып кетер ме екен деп атып тұрды. Сәбит ақсақалдың мұрты жыбыр етіп, елендей қалды. Мен түкке түсінер емеспін. Нұрғисаның салалы саусақтары басымды сипалап жатқанын сезіп, момақансып отырмын. Ол кезде қазіргідей емес, ұйыса өскен қою кара шашым бар. Сүйелді сол шаштармен қанша жасырғанмен орманның арасына біткен шоқыдай шошайып тұрады. Нұрғиса алғашқы сипағанда-ақ сол сүйелді тауып алды. Ары-бері ұстап отырды да айқай салды.

— О, жасаған ием! Құдіретіңнен айналдым сенің, — деп дауыстағанда құлағым шыңылдап кетті. Мені басымнан ұстаған күйі бауырына қысып, ал кеп еңкілдеп жыласын. Оның кеудесіне тұмсығымды тығып мен тұрмын, бір жағынан тұншығып барамын. Ары-бері бұлтақтап қоямын. Бірақ Нұрғисаның қолы қарулы екен, жібермейді. Арасында басымдағы сүйелден шөпілдетіп сүйеді. Сәбит Мұқанов пен шопыр жігіт «не боп қалды» деп шыр-пыр, мына жакта Сұлушаш жүр есі ауған адамша әркімге бір жалтақтап. Бір кезде өкіргенін дереу тыя салып, бетіме бетін тақады да. — «Қарандар ұқсаймыз ба?» — деді. Сонда ғана Сәбит Мұқанов мәселенің мәнісін түсінгендей, дөңгелек қой көздерімен екеуімізге алма-кезек қарады. Ақырын бас изеді де, көзіне көлкілдеп келген жасын саусақ ұшымен сүртті. Нұрғиса қайтадан құшақтап алып, өкіруді бастады. Жылап жатыр, әлдене деп сөйлеп жатыр. — Бауырымсың, сенің туған ағаңмын. Әлгі жоғалтып алған ағаңмын, — дейді. Оны естіген соң, енді мен жылауды бастадым солқылдап. Сол түні екеуіміз таңға ұйықтаған жоқпыз.

— Неге мені іздемейсің? — деп ренішімді де айттым. Жолдан шаршаған Сәбең мен шопыр бала екі бұрышта қорылдап жатыр. Біз Нұрғиса екеуіміз ананы-мынаны сұрасып, көз ілгеміз жоқ. Ертеңіне көліктерін жөндеген соң олар Бішкектегі жиналысына аттанды, қайтар сапарында соғып мені ілестіре кетті. Бірден Ұзынағаштың төңірегіндегі Екейдің шалдарына бардық. Сол күні екеуіміз бен шешеміздің рухына бағыштап Құран оқыттық, мал құдайы бердік. Шешемдегі шодырайған сүйелдің арқасында, осылайша, бауырымды таптым, — деп Мүйізді ата әңгімесін аяқтады.

*Дорбутка — жол жөндеушілерге қызмет көрсететін қосын

Сол бір боранды түндегі кездесуден кейін Жапар мен Нұрғиса ағалы-інілі болып өле-өлгенше араласып тұрды. 1996 жылы Мүйізді атамыз қайтыс болды, араға екі жыл салып қазақтың Нұрғисасы да інісінің артынан жөнелді. Бірі — 69, екіншісі — 73 жасында дүние салды.

Жапар ата мен Сұлушаш апа Қыдырбай, Әділ, Қуанышбай, Қуандық, Кендебай деген бес ұл, Зейнеп, Зейнегүл, Зағила атты үш қыз тәрбиелеп өсірді. Барлығы — үйлі-баранды, өсіп-өнді. Бүгінде Алматы мен Ұзынағашта тіршілік кешіп жатыр. Ортаншы ұл Қуандық атажұрты — Жамбыл ауылына барып түгін түтетіп отыр. Осы жазбаның соңын сол кісімен болған шағын сұхбатпен түйіндесек.

— **Қуандық аға, Нұрғиса мен Жапардың шешесін қырғыздар алып қашып кеткен деседі. Одан арғы тағдыры туралы қандай мағлұмат бар?**

— Ол кісіні қырғыздар алып қашып кеткен соң еліне апарып біреуге қосады. Балалы-шағалы болып бертінде, 1986 жылы қайтыс болды. Ол кісіні мен көрмедім. Нұрғиса атам мен Жапар әкем шешелерін іздеп, Қырғызстанға әлденеше мәрте барып келді. Ол жақта да шеше жағынан бауырларымыз бар.

— **Шежіреде Нұрғиса Тілендінің, Жапар Тілегеннің баласы деп жазылыпты. Неге олай? Не себептен Нұрғиса атамиз көзі тірісінде «Мен Тілендінің емес, Тілегеннің баласымын» дегенді айтып кетпеген?**

— Ол кісі аруақты қатты қадірлейтін. Тіленді атамиз бен туған баласындай баптаған Сәлиха апамыздың аруағын сыйлаған соң осы тақырыпты қозғамаған секілді. Бірақ біздің үйге келгенде үнемі «бірге туғанбыз» дегенді айтатын. «Сенің көрмегенің жоқ қой», — деп әкемді құшақтап алып, бауырына басып отырған сәті әлі көз алдымда. Далаға, көк шөптің үстіне көрпе салдырып алып сонда жататын. Домбыра шертеді. Кей кездері екеуі сөзге келіп, тіпті төбелесіп қалған кездері бар. Әкем оған ренжиді: «Мені балалар үйіне тастап кеттің, өлі ме, тірі ме деп бір рет іздеп келмедің», — деп. Ол кісі мұрша болмағанын айтып ақталатын. Екеуі де мінезді адамдар ғой, қазір шекісіп қалса, біраздан соң қайта құшақтасып отыратын еді. Сырт көзге бірін-бірі қатты жақсы көретіні байқалып тұрушы еді. Әкем науқастанып қалғанда Нұрғиса атам қатты уайымдады. Әйгілі академик-дәрігер Мұхтар Әлиевті Алматыдан алдыртып тұрып қаратты. Ол кісі әкеме екі рет келіп, әлдебір күшті дәрі салды. Сол дәрінің арқасында әкем едәуір оңалып, үш жылдай арамизда жүрді. Алайда бәрібір жабысқан кесел қоймады. Ақыры алып тынды.

— **Бүгінде сіздерді жұрт Нұрғисаның туған бауырының балалары деп қабылдай ма?**

— Әрине, ол кісі көзі тірісінде-ақ біз осындағы ағайын-туғанмен араласып кеткенбіз. Атамиздың үйіне жиі барып тұрдық, шапағатын да көрдік. Шежіреде кеткен қателік түзелер, түзелмес. Бізді ол соншалықты мазаламайды. Ғылым үшін, тарих үшін керек болған соң ғана айтып жүрміз. Әйтпесе одан бізге келіп-кетер ештеме жоқ. Аталарымыздың аруағы риза болса, болғаны. Осы күні Нұрғиса атамизға арналған жиын-тойдың ешбірінен қалыс қалмаймыз. Мына тойланып жатқан 100 жылдық мерейтойға да қолымыздан келгенше атсалысып жатырмыз.

— **Рақмет! Нұрғиса атамиздың ғасыр тойы құтты болсын!**

ТҰЛА БОЙЫ ТҰНҒАН ӨНЕР



(Басы 4-бетте)

Бірінші сәуір – құстар жылы жақтан көктемді қанатына ілестіріп келе жатқан көкмунар шақта туып, қоңыр күзде – құстар шуылдап, сынсып қайта қайтқан шақта бұл дүниеден озды қайран өз Нұраға! Жамбыл ата мавзолейі жанына ән-күй жүректі ұлы тұлға мәңгілікке қоныстанды. «Отырар сазы» оркестрі Нұрғисаны Жамбыл ата мавзолейі жанына жерлеп жатқанда «Отырар сазы» күңіреніп, күймен қоштасып тұрды. Нұрғиса ағамның көзі тірісінде айтқан өсиетнамасы бар: «Қазақты мендей сүйетін адам болса, қазақ жаман болмас еді. Мен қайтқанда халқым жоқтау айтпайды, әнмен шығарып салады. Мен елдің рухын көтеріп кетуім керек. Сол үшін де жаратылғанмын», – деген еді дәулескер күйші.

«Ат тұяғын тай басады» демекші, «Отырар сазы» оркестрінің бүгінгі жетекшісі, бас дирижері – Дінзухра Нұрғисақызы Тілендиева. Дінзухра – Н.Тілендиевтен қалған жалғыз тұяқ. Оның анасы, өнерде өз орны бар белгілі актриса, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Дарига Тілендікеліні де домбыра тартып, ән салатын. Міне, осындай талант иелері отбасында дүниеге келген Дінзухра жастайынан музыка өуенімен тербетіліп, әуезбен оянып, саф өнерді бойына сіңіріп өсті, терең білім алды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дінзухра басқарған «Отырар сазы» оркестрі әлемнің талай-талай жерлеріне сапар шегіп, өнерлерімен қазақ елін таныстырып, риза етіп жүр.

Нұраға қаншама әнші, күйшілердің бағын ашты. Өзі шығарған ән-күйлерін орындайтын өнерпазды лайықтап өзі тандап, орындапты, аттарын шығарды. Қазір тоқсанға келіп отырған Қазақстанның халық артисі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрғали Нүсіпжановтың орындауындағы оның әндері қазақ өнерінде алтын әріптермен жазылып қалары хақ.

Н.Тілендиев қазақ киносына да өлшеусіз үлес қосты. Досы Сұлтан Қожықовтың өтінішімен «Қыз Жібек» фильміне музыка жазды. Ыдырыс Ноғайбаев, Кененбай Қожабеков сынды аса дарынды актерлермен дос-жаран болып сырласып, араласты. Режиссер Абдолла Қарсақбаевқа жан-жақты шығармашылық көмек көрсетіп отырды.

«Гүл өскен жерде гүл өседі» демекші, Нұр-аға өсіп-өнген өлке қазіргі күнде де өнер дарындарын көптеп дүниеге әкелуде. Әлемнің көзқарықты зейінділерін таңдай қақтырған тума талант, «Қазақтың Моцарты» атанған Рахат-би Әбдісағиді бүкіл шартарап қошеметпен қарсы алып, өнеріне жоғары баға беріп жүр. Ол – көптеген құнды классикалық музыкалар шығарған шалқар дарынды композитор.

Нұр-ағаның қасиетті өнердегі нұрлы да сырлы жолы жалғаса береді. Біздің елде Жамбыл баба айтыпты деген мынандай бір тәмсіл бар: «Енді менен кейін қызыл ишұбар жолбарысым Тілендінің қалқан құлақ баласына ереді» депті абыз әулие ақын. Биыл ЮНЕСКО көлемінде ғасырлық мерейтойы өтіп жатқан Нұрғиса – елінің мәңгі жүрегінде. «Отырар сазы» – елдің ақ тілеуінде.

Сәуле ДОСЖАН,

жазушы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері

Биыл Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, күйші-композитор, дирижер Нұрғиса Атабайұлы Тілендиевтің туғанына 100 жыл толды. 1975 жылы Қазақ КСР халық артисі, 1984 жылы КСРО халық артисі, ал 1998 жылы Халық Қаһарманы атанған әйгілі өнер саңлағы Алматы облысының Іле ауданы Шилікемер ауылында 1925 жылдың 1 сәуірінде өмірге келген. Қазір бұл ауыл біртуар өнер тарланының, яғни Нұрғиса Тілендиевтің есімімен аталады.

МӘСКЕУДЕ ҒАСЫРЛЫҚ ТОЙ ДҮРКІРЕП ӨТТІ

Бес жасынан домбыра тартып, күй шертіп, өнер жолын ерте бастаған дарын иесі он алты жасында өзі сұранып майданға аттанады. Осылайша, Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысқан саңлақ күйші батырлығымен де көпке мәлім.

Соғыстан кейін 1949 жылы Алматы консерваториясының халық аспаптары факультетіне оқуға түскен Нұрғиса қазақ музыкасының асыл мұраларымен танысты. Оқу орнын 1954 жылы тамамдағаннан кейін, ол қазақ өнерінде өшпес із қалдырып, халықтың мәдениетіне өлшеусіз үлес қосты.

ЮНЕСКО-ның мерейтойлық даталар күнтізбесіне енгізілген композитордың туғанына 100 жыл толу мерейтойына арналған халықаралық бағдарлама жыл бойы жалғасып келеді. Қазақ даласын күмбірлі күймен тербеген дәулескер күйші, сайыпқыран сазгердің мерейтойы Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен әлемнің бірнеше елінде атап өтілуде. Мерейтойлық іс-шара бауырлас ел Түркия астанасы Анкарада ТҮРКСОЙ ұйымының аясында салтанатты түрде бастау алды. Түркі әлемінің көрнекті қайраткеріне арналған ауқымды жиында Нұрғиса Тілендиевтің шығармалары орындалып, оның өмірі мен шығармашылығы туралы көрме қойылып, қысқаметражды фильм ұсынылды.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғызстанға ресми сапары қарсаңында Қырғыз Республикасының астанасы Бішкекте, Абдылас Малдыбаев атындағы Қырғыз ұлттық академиялық опера және балет театрында «Әлқисса» шығармашылық кеші өтті. Көрермендер қазақ музыкасының алтын қорына айналған Нұрғиса Тілендиевтің үздік шығармаларын қазақстандық және қырғызстандық өнерпаздардың орындауында тындап, ерекше әсер алды.

Сонымен қатар Қытай Халық Республикасының астанасы Бейжіңдегі салтанатты концертке Алматы облысының әкімі Марат Елеусізұлы Сұлтанғазиев қатысып, өз сөзінде: «Нұрғиса Тілендиев – қазақ руханиятының алтын қазығы. Оның мәңгілік әуендері халқымыздың жүрегінде сақталған ұлттық кодтың бір бөлігі. Ұлы тұлғаның ғасырлық мерейтойының Бейжіңде аталып өтуі Қазақстан мен Қытай арасындағы достықтың, өзара құрмет пен мәдени байланыстардың биік көрінісі», – деп екі ел арасындағы мәдени ықпалдастықтың маңыздылығын жеткізді.

Қыркүйектің басында Алматы облысынан шыққан делегация ғасырлар бойғы көршіміз Ресей Федерациясының астанасы Мәскеуге сапар шекті. Ең кереметі сол, 1936 жылы 17 – 27 мамыр аралығында Мәскеу қаласында Ағарту комиссары Темірбек Жүргеновтің же-

текшілігімен қазақ әдебиеті мен өнерін әлемдік деңгейге көтерген 1-онкүндік өткенде қазақстандықтар тоқтаған мейманханаға түстік (Қазір «Националь» деп аталады екен).

Ж.Жабаев, К.Әзірбаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Т.Жароков, А.Тоқмағамбетов, Ә.Тәжібаев т.б. зиялы қауым өкілдері қатысқан сол тарихи онкүндікке Мұхтар Әуезов: «Бұл оқиға біздің халқымыз, біздің мәдениетіміз өзінің алтын ғасырын басынан кешіріп отыр деп айтуға толық мүмкіндік береді», – деп жоғары баға берген. Ахмет Жұбанов дирижерлік еткен оркестрдің сүйемелдеуімен әншілер Күләш Байсейітова, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков ән шырқап, биші Шара Жиенқұлова, Елубай Өмірзақовтардың жұлдызы жанған болатын.

Міне, осындай ұлылардың табаны

фольклорлық әуендер мен академиялық мектеп үйлесім тапқан. Оның шығармашылығы халқымыз үшін жады мен болмысты сақтаудың, рухани қуатты нығайтудың жолы», – дей келе, Нұрғиса Тілендиевтің композитор ғана емес, те-рең ойшыл болғанын баяндады.

Нұрғиса Тілендиев Мәскеу консерваториясында оқыған алғашқы қазақ баласы екенін еске алған композитордың қызы, дирижер, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Дінзухра Тілендиева: «Мәскеу әкеме жат қала емес. Ол осында Николай Аносовтан тәлім алып, үлкен театрда тағылымдамадан өткен. Сондықтан біз, бұл концертке үлкен дайындықпен келдік. Әкемнің атын ұлықтап, мерейтойлық жылда осы сахнада өнер көрсету – мен үшін зор мәртебе», – деді әрі оркестрге өзі дирижерлік етіп көрермендер ықыласына бөленді.



тиген баспалдақтарды басып, солар Кремльге ағылған халықты тамашалаған балкондарда отырып тарихты жаңғыртып, естеліктер айттық. Алматы облысында бірнеше ауданның әкімі болған, делегацияның жетекшісі Естенов Тоққожа аға ерекше бір оқиғаны еске түсірді. Нұрғисаның анасы ұлына аяғы ауыр кезінде Жамбыл ақынның сақалының ұшынан сүйіп, тәу етіп батасын алған екен. Тарихта сандарға тұлғаларды аналарының ұлыларды қастерлей жүріп, Жаратқаннан ерекше тілек, ләзізбен тілеп алатындарын естіп едім, дәл мына оқиға ана ретінде менің де жан дүниемді толқытты.

Өз дәуіріміздегі ұлы композитор, шығармашылығы мен еңбегі мәдениеттің алтын қорына еніп, ұлттың рухани мұрасын әлемге танытқан Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толу мерейтойын дәл осы мейманханадан бастап, мәскеуліктерге насихаттап жатқанымызға айрықша қуандық. Өнерлерін көрсетуге келген күйші, бишілер мен әншілер де бабалар рухынан қуат алғандай ерекше әсерде шабыттанып жүрді.

Әйгілі «Геликон-Опера» музыкалық театрында қазақтың ұлы композиторы Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығы әлемдік деңгейде аталып өтті. Дүниежүзінің түкпір-түкпірінен өнерсүйер қауым жиналған «Әлқисса» концертінің шымылдығын ашқан Қазақстанның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Абаев: «Өнерде шекара жоқ. Нұрғиса Тілендиев қобыз бен домбыраның көне күйлері мен заманауи симфониялық формалардың арасын жалғасқан алтын көпір болды. Оның музыкасы – ғасырлар үні. Онда дала әуендері, қаһармандық сарындар,

Дәулескер күйші, Қазақстанның халық артисі Секен Тұрысбек, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Нұркен Әшіров Мәскеу төрінде Тілендиевтің күйлерін төгілдірсе, «Алтынай мемлекеттік халық биі ансамблінің» мүшелері композитордың әуендеріне мың бұрала биледі.

Алматы облысының әкімдігі мен Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы елшілігі ұйымдастырған концерт пен көрме Мәскеу жұртшылығына қазақ мәдениетінің бай мұрасын танытып, ерекше әсер қалдырды. Сонымен қатар театр фойесінде Жамбыл Жабаев атындағы Әдеби-мемориалдық музей қорынан әкелінген жәдігерлер көрмесі көптің көзайымына айналды. Музей директоры, ұлы ақынның немересі Салтанат Жамбылова 1936 жылы дәл осы Мәскеуде жыр алыбы – Жамбылдың бүкілодақтық танымалдылыққа ие болғанын еске салды. Оған қоса Дәулет Дәркембайұлы бастаған Алматы облысы шеберлерінің колонер жұмыстары халық назарына ұсынылды. Залдың ортасында бірнеше жерге Алматының апараты үйіле қойылып, хош иісі келушілердің көңілін қуантты.

Мерейтойлық шараға Еуразиялық экономикалық комиссияның төрағасы Бақытжан Сағынтаев, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, ҚР-ның Ресей Федерациясындағы Төтенше және өкілетті елшісі Дәурен Абаев, сонымен қатар Мәскеу қаласының және Мәскеу облысының басшылығы, бірнеше мемлекет елшілері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Кеш барысында Нұрғиса Тілендиевтің шығармалары орындалып, жиналған қауымның жүрегін тебірентті. Шараны 500-ден аса адам тамашалады.

Қали СӘРСЕНБАЙ


«Менің бір бақытым, заманында халқымыздың аса дарынды адамдарымен бірге ғұмыр кешіп, сырлас, пікірлес болдым. Мұхаң айтқандай, олардың басым бөлігі «адамгершілік академиясын» бітіргендер еді.

Осындай мағына мен мазмұнға негізделген мектептен өттік. Осы мектептің қайта тумас марқасқалары Нұрғиса Тілендиев пен Ыдырыс Ноғайбаев есіме түсіп отыр. Екеуі немере ағайындар. Нұрғиса бұрадайын буырқанып жүретін. Ал Ыдырыс тұйықтау, бірақ ғажап психолог еді. Екеуі де аса дарынды болды. ...Нұрғиса Тілендиевтің өзі де талай бұлақтың көзін ашты. Басқасын былай қойғанда, бүкіл қазақ элитасы жабылған «Қыз Жібек» фильмінің үлкен жетістікке жетуінде Нұрғисаның еңбегі де көл-көсір. Бұл өзі жалты, болмысы бұзық адам. Күнделігімде: «Нұрғисаның мінезін бензин құйып өртеп жіберіп, өнерін алып қалу керек» дегенім бар. Шыны солай. Қара тырнағына дейін шенеунік Асқаров жағдай сұрағанда, «Таңертең қазы, түсте қазы, кешке «Отырар сазы» дейтін Нұрғиса ғой. Оған бәрі жарасып тұратын. ... Қайсыбір жолы Нұрғисаның Ахмет Жұбанов туралы айтқан естелігі жанымды толқытты. Бұл бір азаматтық болды. Расында Ахаң болмаса, Нұрғиса болмас еді...»

Асанәлі Әшімұлы «Актермін мен, мың өліп, мың тірілген» атты кітабында (117–118.б) Нұрағана осындай ілтипат білдіреді. Тұлға тұлға туралы қысқа қайырымын «...осындай тұлғаның 100 жылдығының ЮНЕСКО деңгейінде аталып өтуіне тек қана ұзақ қол соғу керек» деп түйіндейді. Сөнген жұлдыздың жарығының өзі миллион жылдарға жететіні тәрізді, көзі тірісіндегіні былай қойғанда, өмірден озған соң да оның өнеріне қол соғушылар саны миллионнан асып, миллиардқа бет бұрған болар-ау. «Тұлға – халқымен мәңгі бірге болу» дегенді айтқанда, Штраус осы ойды меңзеген шығар. Дәл, дөп айтқан. Мәңгі болатыны сол, оның мұрасы, өнегесі өлмейді, салған ізі өшпейді. Жұлдыздар ізі тастап ағады деген тәмілге ден қойыңыз. Тұлға қай кезде де сіздің рухыңыз қажетіңізді өтейді, алдыңыздан шығып отырады, елімен бірге жасайды. Оған таңғалу, тамсану үздіксіз жалғасып отырады. Сондай тұлғаның бірі де бірегейі – сөз жоқ Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев.

Бұрынырақ аса көрнекті композитор туралы «Нотаға сыймаған Нұрғиса» деген эссе жаздым. Сол шіркіннің бір тұсынан жылы ағыс болып көрінуге тиісті сәтті жеке тақырыпқа сұранып тұрған соң ұстап қалып едім. Соның сәті енді келді. Аса дарынды туған адамның ерекшелігі – жұрттың бәріне жаппай ұнайтыны. Ол халыққа жай, өткініш ұнап қоймайды, жүрегінде мәңгілік қалып қояды, тіпті тағдырын өзгертіп жіберуі мүмкін. Мұндай адамның ұсақ-түйек кемшілігі болса, атыңнан айналайын аяулы патша көңілді тыңдарман оны да елемейді, еркелікке балайды. Кемшілік деген не тәйірі, түзетілуі қолдағы нәрсе ғой. Нұрағандар ең бастысы пендешіліктен биік тұрды. Әрине өзі талантты адамның адам ретінде де талантты болмауы мүмкін емес. Мұқаң айтқандай, «адамгершілік академиясын» бітіргендер ғой. Нұрағаның осы қасиеті туралы да аңызға бергісіз әңгіме көп. Бұл қырын өзінің әріптестеріне деген қамқор көңілінен де байқауға болады. Соның бірі – Шәмші. «Шәмші ән әлеміндегі менің туған інімдей еді. Ол Естайдың «Қорланын», халық әндерін жанындай сүйетін. Көп әндерінің негізін халық қазы-

ШЕШЕМДІ ШЫҒАРЫП САЛҒАН «ҚҰСТАР» ӘНІ



насының әдемі накыш-бояуымен әсерлі өрнектейтін. Қай әні болмасын, халыққа тез жету себебі оның халықтық, ұлттық накышында деп білемін» дегені де бар еді. Бір заманда тағдырдан көп таяқ жеген сол Шәмшіні Димекеннің алдынан бір-ақ шығарғанын да естідік. Бұл енді жеріне жеткізіп жазар жазарманы табылса, ғажап баян. Таланттың талантқа қорған болып, араша түсуі де әркімде кездесе бермейді. Тілендиевтің талайды тәнті еткен қасиетін бөле-жарып айтуымыз да тегін емес. Тағы бір оқиға еске түсіп отыр.

Қайсыбір жылы Тынышбай Рахымның «Алтайдың ар жағынан келген ару» әні жөнінде «Мәдениет» деген басылымда жайсыздау жазба жарияланды. Бұл ән қытай қазақтары айтатын «Ақ көйлек» әніне ұқсайтын көрінеді. Содан ақиқатына көз жеткізу үшін белгілі адамдардың пікіріне жүгініп мақала беруге тура келді. Ә.Бейсеуов, Н.Нүсіпжанов, қытайдағы жүзден астам қазақ әндерін сол тұста «Мәдениет және тұрмыста» нотасымен жариялап жүрген О.Асқар бұл пікірдің тас-талқанын шығарды. Сондағы Нұрағаның мәшінкеге бастырып, өз қолымен түзеген қолжазбасы әлі күнге архивімізде тұр. Былай депті. «... Мен бұрын Тынышбай Рахымды белгілі лирик ақын ретінде білетінмін. Оның Мұқағали Мақатаев туралы «Жыр-Естелік» дейтін өлеңі тек маған ғана емес, жырқұмар қауымға тегіс әсерлі деп ойлаймын. Кейіннен ақын інімінің Шәмші туралы «Ән-естелік» деген телехабарын көргенімде оның өнерді, Ш.Қалдаяқовты шын сүйетініне көзім жетіп, жаңа қырынан таныдым. Кейінгі кезде ән сүйер көпшілікке қуаныш сыйлаған, біреулерде қызғаныш тудырған «Алтайдың ар жағынан келген ару» дейтін әнімен өрісін кенейте түскен Тынышбай інімнен өз

басым әлі де тамаша туындылар күтемін. Құдайым соған жазғай! Өйткені «Аққа құдай жақ» деген сөз бар ғой, ағайын! Осы екі әннің екеуі де мен өз басым халықтың музыкалық тарапынан өзінің орнын алатынына сенемін және екеуін де оркестрге түсіріп, лайықтап әншілерге айтқызамын. Халықтан шыққан дүние үлкен қазына, бекер жерде жатпау керек. Ол – халықтыкі, менікі де емес, басқа композитордікі де емес, халықтың өз перзенті» деп «Егемен Қазақстанда» «тәйт» дегені бар.

Бүгінде Нұрағанның қамқор көңілімен қанаттанған бір ғана Тынышбай емес, елге танымал болған қаншама тұлғалар ойына орала кетеді. Олар – Нұрғалилар, Тұяқтар, Қошқарбектер, Алтынбектер, Майгүлдер, Мейрамбектер... Бір деректерде күйлерін, басқа да музыкалық туындыларын былай қойғанда бес жүзге жуық ән қалдырған делінетін композитордың байтақ мұрасы қазіргі кең тараған шығармаларымен ғана шектеліп қалмаса керек. Біз кейде тәуелсіздік қолымызға өзі келіп қона қалғандай сайраймыз. Кешегі күндей күркіреп өткен Алаш арыстарын айтпағанда, бертіндегі тоталитаризммен тайталасып өткен тұлғаларымыздың да тәуелсіздік таңын жақындатып кеткеніне ешкім дау айта алмас. Соның бел ортасында ішкі дүниесі ұдайы көтеріліс жасап жататын Нұраған да болып еді. Желтоқсанның желі жас жүректен қарығанда композитор ертеден сөзі жазылып, жадында жаңғырып жүретін «Жас тұлпар» әнін бұрқ еткізген екен. Бірақ жылдар бойы белгілі, белгісіз себептермен жарияға шықпаған сол алапат сезімді Нұрағанның өмірден өткеніне үш жыл толған еске алу кешінде Нұрағали әнші жеткізді. Демек, зерделі зерттеушісі табылып, композитордың қоржыны ақ-

тарылса, талай олжаға жолығарымыз да ғажап емес.

Композитордың қай әні жөнінде төгілтіп жазуға да болар. Дей тұрсақ та «Құстар» әнінің жөні бөлек. Оны білмейтін қазақ жоқ. Осы әннің әсерімен құстар әлемін бірқыдыру зерттеп, «Құстан асқан әнші жоқ» деген көлемді танымдық эссе де жазып едім. Содан соң бұл әнмен жылдар өткен соң тағы бір мәрте бетпе-бет келдім. Бұл жолғы әсер, қауышу аса ауыр еді.

Шешем марқұмның ауруы да, қайтуы да тез болды. Алматы мен ауылдың арасына сабылып, дәрігерден дәрігер, емшіден емші қойғанымыз жоқ. Ақыр соңында дәрігер ақтық шешімін айтқан соң, құтқанасына алып келе жаттық. Жанары жәу-тендеп бізге қарай береді. Сезді әрине. Біз сездірмеуге тырысамыз. Үйге келген соң шешеме: «Қырғызда бір керемет емші бар екен, соны алып келемін», – дедім де Алматыға тарттым. Ауыз үйге шыға бергенімде кенестің бес сомдық радиосы «Құстар» әнін төгілтіп жатыр екен. Мына сұмдық үйлесімге ұйып, дәлізде дірілдеп, екі дүниенің ортасында мелшиіп тұрдым да қалдым.

*Құстар, құстар сызылтып ән салады,
Сол әнімен тербетеді даланы.*

*Ал адамдар күліп бастап өмірін,
Кетерінде жылай да алмай қалады.*

Төр үйде шешем хал үстінде жатыр, ауыз үйде мынау құдіретті әуен сарнап тұр. Екі күн өткен соң, яғни 1998 жылдың 24 шілдесінде шешем өмірден озды. Қайран уақыт көңіл төріндегі сырды жайып салуға мұрсат берген бе? Осы бір сәтті ұлы адамға барып айтып, жеңілдеп қайтуды да ойлап жүруші едім. Өкінішке қарай, сол жылдың 15 қазанында ұлы композитор да келместің кемесіне мінді. Отбасымызбен барып қоштастық.

Дерек үшін, білмек үшін айтайық. «Құстар» әнінің, жалпы құстардың адамзат өмірінде алатын зор эстетикалық қуатын бір ауыз сөзбен айтып жеткізу қиын. «Маған ғажап музыкалық фантазия жазу үшін құстың бір түшкіргені жетіп жатыр» дейтін Глинка ғой деймін. Ұлы әншілердің кезекті концертке шығар алдында орманға барып, құстардың дауысын тыңдауды да әдетке айналдырған деректер бар. Бір жылдары тыңдарман арасында жүргізген әлеуметтік зерттеу қорытындысында ең көп айтылатын ән Нұрағаның «Құстары» мен Шәмшінің «Ана туралы жыры» екеніне куә болып едік. Рас қой. Құстан асқан әнші, анадан асқан мейірдан бар ма!? Қазір әлемде музыкалық терапия жақсы дамыған. Әсіресе Жапонияда. Бұл үрдіс бізде де бар. Бір қызығы Жапонияда науқастарға ем жүргізуде «Құстар» әні де айтылады екен. Мына Балтық жағалауы елдерінің бірінде «Халық әні» деген ескерткіш бар. Сонда ұшып бара жатқан құстар бейнеленген. Біздің Нұраған да өзгесін айтпағанда, осы бір әнімен-ақ өзіне мәңгілікке мызғымас ескерткіш тұрғызып кетті. Бұл ән әр орындалған сайын адамдарға өмірдің соңы өкініш, өткініш екенін ұқтырып тұрады. Шешемді соңғы сапарға шығарып салған әннің авторына деген менің тыңдарман ретіндегі әуелдегі жұрт қатарлы сүйіспеншілігімнің жылдар өткен сайын биіктей беруінің бір сыры да осында. «Қазақты мендей сүйетін адам болса, бұл қазақ жаман болмас еді. Мен қайтқанда халқым жоқтау айтпайды, әнмен шығарып салады. Мен елдің рухын көтеріп кетуім керек. Сол үшін де жаратылғанмын», – деп еді Нұраған. Мұндай адам ұмытыла ма? Жұл құсы секілді ғой. Келіп, кетіп тұрады.

Әбубәкір ҚАЙРАН

Қазақ еліндегі бүкіл әдебиет сүйер қауымға атақ-даңқы ежелден мәлім көрнекті ғалым, абайтанушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қайым Мұхаметхановтың жас кезінде танымал ақын болғандығын білмейтіндер көп.

Дегенмен кеңестік дәуірде өмір сүрген ардамдардың біразы сол кездегі Қазақстан Республикасының Әнұранын жазған Қайым ағамыз екенін ұмытпас. Менің өзім де сол кісінің ең жақын шәкірттерінің бірі бола тұра, артында қалдырған поэзиялық мұрасының көп екенін білмей жүр екенмін, осыдан төрт-бес жыл бұрын ғана естідім. Қайым ағаның туған қызы, филолог ғалым Дина Мұхаметхан маған әкесінің өлеңдерін жинастырып, кітап етіп шығаруға талпынып жүргендерін айтқанда, қуанышымда шек болмады. Сол Дина Қайымқызы өзі дайындаған кітаптың компьютерлік нұсқасын карап беру үшін маған жолдағанда, бір үлкен шаруаның біткелі тұрғанын сезініп, тағы да шаттандым.

Кітапты дайындау Динаға оңай болмапты. Сонау отызыншы жылдардың басынан басталып, елуінші жылдардың ортасына дейін созылған Қайым ағаның ақындық жолының бұралаңдары мен шырғаландарында жоғалып кете жаздап аман қалған бұл өлеңдер мен аудармалардың көрер жарығы бар екен. Ал жоғалып кеткені қаншама!

«Поэзия жинағын құрастырушылар ақынның араб, латын және қазіргі қазақ графикасындағы түпнұсқа қолжазбаларымен жұмыс жүргізді, — дейді Дина Қайымқызы. — Әртүрлі графикалық жүйелерден қолжазбаларды аудару, қолжазба мәтіндерін компьютерде теру, сөздер мен ұғымдардың мағынасына тереңірек үңілу, әр жол мен әр сөзді егжей-тегжейлі зерттеу сияқты кешенді жұмыстар атқарылды. Жұмыс, шамамен, бес жылға созылды».

«Алдымда ақын Абай — Темірқазық» деп аталатын бұл кітаптың кіріспе сөзінде Дина қарындасымыз кітаптың шығуына азды-көпті еңбек сіңірген әдебиетші ғалымдарға өз ризашылығын білдіріпті. Олардың қатарындағылар: өлеңді төте жазудан қазіргі қазақ графикасына көшірген Қуаныш Шайзадинов пен Амантай Исин, латын графикасынан көшірген Гүлжан Қашақу, Шолпан Сартай, Сәуле Түсіпбаева, Бердібек Бияров.

Сонымен, қолжазбадағы бүкіл тыныс белгілерінен бастап, сөз сипаты, сөз кәтелерімен қоса сөз коданыстарындағы қате көшірілген келеңсіздіктерді түзеп шыққан маған да (Әбубәкір Қайран) алғысын білдіріпті. Пейілі үшін рақмет! Бірақ бұл менің ұстазым алдындағы өтелмес парыздарымның бірі ғана екенін білдіріп қойғым келеді.

Кітаптың компьютерлік нұсқасын оқи бастаған кезінде-ақ өзімнің ұлы ұстазымның маған ашқан сан түрлі сырлары мен мұңдарының санамда қайта жаңғыра бастағанына тандандым және қуандым. Кейбір өлеңдерін оқығанымда, тіпті баяғы студент кезімде маған кейбір әңгімесін айта отырып, қыстығып, ызаланып кететіні, кейде «түсініп отырмысың?» дегендей бетіме аса мәнді

түрде қарай қалатыны елестеп, көңілім толқыды. Мысалы, екі-ақ шумақтан тұратын өлеңін оқып отырған кезімде ол кісінің маған тәркілеу мен ашаршылық туралы айтқан кезін сол сәттердегідей елестеттім-ау деймін. Өлең 1932 жылы жазылыпты.

*Дуниені қара түнек торлады,
Ел басына қасірет-қайғы орнады.*

ҒАЛЫМНЫҢ ҒАЖАП БІР ҚЫРЫ

(Қ. Мұхаметханов. «Алдымда ақын Абай — Темірқазық». «Мектеп» баспасы, 2025ж.)

*Бас еркінен, мал-мүлкінен айырылып,
Қайран қазақ, жұрдай болып сорлады.*

*Сорлатқан кім, қорлаған кім
қазақты?!
Тартқызған кім қазаққа ауыр
азапты?!*

*Қаражүрек, қызыл таял, қанишер —
Кең далама орнатты әкеп тозақты.*

Бұл өлеңді жазған кезінде Қайым аға он алты жастағы жеткіншек еді. Ағаның өмірбаянына карап отырсақ, ол кісі 1924 — 1932 жылдары Семейдегі колхоз жастары мектебінде, одан кейін ауыл шаруашылық техникумында оқыған екен. Жүрегі жалындап тұрған жас бозбаланың осы бір тұстарда ақындыққа деген аңсар құштарлығының оянғаны анық.

Оның «Бала», «Ұстазыма», «Жас жүрек бірін-бірі сүйген қандай», «Арынғазы» сияқты бірнеше өлеңдері осы жылдары жазылған.

Қайым ағаның өлеңдер топтамасы алғаш рет 1937 жылы сол кезде Семейде шығып тұрған «Екпінді» газетінде жарияланды. Осыдан кейін — оның ақындық атағы жұртқа жайылып, өлеңдерді көптеп жазуға ден қойғанын байқаймыз. Негізінен, арманшыл жастың ақындыққа ұмтылуына ең бірінші — әкесі Мұхаметхан Сейітқұлов, одан соң әкесімен тым жақын дос, пікірлес болған Алаш арыстары әсер еткен. Олай дейтіміз, Қайым аға өз естелігінде әкесінің мына бір сөзін келтіреді: «Төңкеріс болған жылы сен аяғыңды енді ғана басқан сәби болатынсың. Сонда Семейге Әлекеңнің келгені ерекше салтанатқа ұласып еді. Бүкіл қазақ қауымы үлкен қуанышпен ханнан кем қарсы алған жоқ. Шындығында, Әлекең ұлт көсемі еді ғой.

Мұны енді сол шақта Сұлтанмахмұт та келістіріп жырлады емес пе!

Ахаң мен Жақаң — Ахмет пен Міржақыпты айтамын, сондай-ақ Мағжан мен Сұлтанмахмұттар Әлекеңнің қасынан табылатын. Біздің үйде қона жатып әңгіме-дүкен құратын. Сөйтіп, ел болашағын алыстан болжайтын. Сол ұлылардың сен тізесінде отырып өстің ғой, шырағым! Соны ұмытпа!»

Міне, осы бір үзік сырдан Қайым ағаның кеудесіндегі таусылмас қайнар бұлақтың бастау көзі қайда жатқандығын білуге болады деп ойлаймыз. Тым жас кезінде жазған өлеңдерінің өзінен-ақ оның Абайға, одан кейінгі Мағжан, Сұлтанмахмұттарға еліктей бастағаны анық білініп тұрады екен.

«Алдымда ақын Абай — Темірқазық» деп аталатын осы кітапқа енген өлеңдердің әрқайсысында жазылған жылдары көрсетілген. Мұның бір жақсы жағы — ақын өмірінің қай кезеңдерін-

де жазылғандығын біліп отырамыз. Оның үстіне, өлеңдер легі өз ретімен қойылғандықтан, ақынның өмір жолындағы өзгерістер мен даму, жетілу сатылары да айқын көрініп тұрады.

Осы бір тұста айта кетуіміз керек, бұл кітапқа дейінгі Қайым Мұхаметхановтың шап-шағын өлеңдер жинағы 1910 жылы Семей қаласында жарық

көрген болатын. Өкінішке қарай, оған енген өлеңдер бұрын ескі газет беттерінен кеңестік саясатқа орайластырылып, өздерінше түзетіліп басылғандықтан, көңіл жұбата қойған жоқ. Ал мына кітапты шығаруда Қайым ағаның түпнұсқа қолжазбаларымен көп жұмыс істелгені туралы жоғарыда айтып өттік.

Қайым ағаның тым жас кезінде жазған «Ақын» деген өлеңі сегіз жолдан тұратын бір-ақ шумақ.

*Ақынды қиял тербесе —
Дуниені ойдан шығады.
Ақынның сырын аңғарып,
Луде біреу ұғады.
Қиял басы биік шың,
Ақын — қыран шығады.
Қиялдан қисын таппаса,
Қиял асау жығады.*

Жап-жас ақынның осы өлеңінде айтқанындай, оның жазып кеткен жырларынан Қайым ағамыздың әр кезеңіндегі заманға, қоғамға деген көзқарастары мен қуаныш-қайғысын, сыни пікірлерін, адамдарға деген сүйіспеншілігі мен күйініштерін, тіпті әжуә-мысқылдарына дейін байқап отырмыз. Әсіресе жастық шақтың жалыны — махаббат туралы өлеңдеріне қатты сүйсінудеміз. Сонымен қатар сол кездегі жас ақын адам мен адам арасындағы қасиетті сезім — достық, жолдастық туралы да көп жырлапты. Ол өзінің бұл тараптағы айтар ойын мөлдір сезіммен де, кейбір екі жүзді сатқындарды әжуалап, ашық түрде сықақ етумен де жеткізе білген. Мәселен, Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің үлгісімен жазылған «Сегіз сырлы, бір қырлы» жолдасқа» деген мына бір өлеңінің бір ғана шумағын оқып көрейік.

*Дос болдық, жүрдік,
Ойнадық, күлдік.
Мағына жоқ, мақсат жоқ.
Қас бола білдік,
Кеткен соң бірлік,
Ұят та жоқ, ар да жоқ.
Жолдастық, достық көзінше,
Әркім-ақ мақұл өзінше.*

Қайым ағаның өлеңдерін оқып отырған адам оның не туралы жырласа да, жан дүниесімен, жүрек әмірімен жазатынын байқар еді. Бұл ақынға жасандылық та, көлгірсуде, әсіре боямалау да жат.

*Ішім күйіп, қайғы басып,
Зарымды айтып жазғаным.
Тілек, мақсат баяғыдай,
Басқа оймен жазбадым, —*

деп жазыпты өзі де. Бұл 1946 жылдың 8-қаңтарында жазылған.

Жалпы, кітаптағы өлеңдерді жазылған мерзіміне қарай бес бөлімге бөлуге болады: соғысқа дейінгі, соғыс жылдарындағы, соғыстан кейінгі, Карлағ

капасындағы және одан кейінгі өлеңдер.

Соғысқа дейінгі өлеңдерінің көпшілігі — махаббат тақырыбында, енді біразы жастыққа тән көңіл күйлері мен жеке бір адамдардың мінез-құлықтарын, жүріс-тұрыстарын сынап немесе жақсы жақтарына сүйінішін білдіретін өлеңдер. Ақынның отызыншы жылдардың аяғына қарай дарыны дауылдап,



шабыты шалқи бастағанын білдіретін кең құлашты толғау жырлары жанды толқытады. Ел мен жер тағдыры, халық ахуалы жас ақынның назарынан тыс қалмапты. Әрине, бұл жетістіктер Қайым аға бала кезінен ілім-білімге құштар жан болғандықтан ғой. Кеңес үкіметі алып келген азапқа толы жылдары мен ішінде өз әкесі де бар Алаш арыстарының күреске толы кезеңдерін ес біле бастаған кезінен-ақ санасына сіңіріп өскен Қайым ағаның қайсарлығына ғана емес, жан дүниесінің жасампаздығына да танданасын. Ол — нағыз отансүйгіш, оптимист ақын. Оның осы керемет қасиеті соғыс жылдарында жазған өлеңдерінен тіпті анық байқалады. Ол дәл соғыс басталған күні «Женеміз!» деген толғау жырды жазды. Бұл ұзақ өлеңді көп қысқартып, 1941 жылы 22 маусымда «Екпінді» газеті басқан екен. Мына кітапқа түпнұсқа қолжазбасы беріліп отыр.

*Өлең былай аяқталады:
Әділет, жаңалық
Бұл майдандасқаны,
Тұманға айналмақ,
Жауыздың аспаны.
Сенеміз,
Жеңеміз!
Көрінер ертең-ақ,
Әділет ақ нұрын әлемге шашқаны!*

Қайым ағаның соғыс жылдары жазған өлеңдері әр сипаттылығымен ерекшеленеді. Бірақ бәріне ортақ бір ұқсастық — өр рух, қайтпас жігер. 1941 жылы жазылған «Батыр аға» (гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлына арналған), «Қан майданда», «Ері қорған еліне» (Кеңес Одағының Батыры В.Кисляковқа арналған), 1942 жылы жазылған «Мен сүйем туған елді — алтын бесік», «Отан үшін, ел үшін!» «Қыруар халқым, құлақ ас», «Ер қазақ ұлы, жауды ку», «Ел қаһарын жырландар» және тағы басқа жырлары ақыр аяғында Ұлы

Жеңіске жеткеннен кейінгі «Салтанат жыры» деп аталатын ұзақ өлеңге ұласады.

Бұл өлең:

*Сақтаған Ұлы Отанды зор апаттан,
Еліме күн боп шығып, таң боп атқан.
Мың алғыс, миллион алғыс ер халқыма —
Жеңіспен салтанатты той тойлатқан!* — деп аяқталады.

Қайым аға бұл кездерде жас ақындардың алдыңғы қатарына қосылған болатын. Ол 1940 жылы жиырма төрт жасында КСРО Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды және Н.К.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтында қазақ әдебиетінің оқытушысы, Абай мұражайының аға ғылыми қызметкері болды. 1942-1947 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысы бойынша уәкілі болып қызмет атқарды.

Соғыстан кейінгі уақытта да Қайым аға ғылыммен айналысумен қатар өлең жазуды да тоқтатпаған. Өкінішке қарай, 1951 жылдың жаз айында «Абайдың әдеби мектебі» тақырыбына арналған кандидаттық диссертациясын қорғаған соң, «саяси сенімсіз» деген айыппен қуғын-сүргінге ұшырап, тұтқындалып тынды. Семей түрмесінен Алматы түрмесіне ауыстырылып, ақыры 25 жылға бас бостандығынан айырылып, «Карлаг» деп аталатын Қарағанды лагеріне қамалды. Абырой болғанда, Қайым ағамыз 1955 жылдың басында қамаудан босатылып шықты.

«Карлагта» отырғанда жазған өлеңдерінен де Қайым ағаның қайтпас қайсарлығын көреміз. Әсіресе «Сүйген жар», «Балаларыма» деген өлеңдері жан толқытады. Ең кереметі — ол атақты Николай Карамзиннің «Бедная Лиза» әңгімесін сол Карлагта отырып өлеңмен аударды. «Сормандай Лиза» поэмасы деп аталатын бұл аударма қазақ поэзиясына қосылған үлкен үлес деуге әбден сияды. Өйткені орыс классикасын қазақ өлеңімен аударғандар: Лермонтовтың «Вадим» повесін өлеңмен аударған — Абай, Пушкиннің «Дубровский» әңгімесін өлеңмен аударған — Шәкәрім, Карамзиннің мына әңгімесін өлеңмен аударған — Қайым Мұхамедханов.

Жалпы, Қайым аға аударма жасауға көп көңіл бөлген сияқты. Мына кітапқа оның Тарас Шевченкодан, Михаил Лермонтовтан, татар ақындары — Ғабдолла Тоқайдан, Сағит Рәмиевтен, Дәрдмәндтен, Зия Ермекеевтен, Ибраһим Башмаковтан, Ғабдолла Қариевтен, Нәжип Ғафуриден аударған өлеңдері енгізілген.

Қайым Мұхамедхановтың «Алдымда ақын Абай — Темірқазық» дейтін бұл кітабында оның өмірінің соңына дейін жазылған өлеңдері де бар. Сонымен қатар «Қайым Мұхамедхановқа арналған өлеңдер» деген арнайы бөлім де бар. Осыған қарап отырсақ, ағамыздың ең ардақты, ең аяулы, біртуар тұлға болғанын білеміз. Сонау ерте кезден бастап-ақ бұл кісіге қаншама ақын өлең арнаған десеніңші!

Реті келіп тұрғанда айта кету керек, келесі жылы Қайым Мұхамедхановтың туғанына 110 жыл толады. Мына «Алдымда ақын Абай — Темірқазық» атты өлеңдер жинағы соған орай шығарылып отырғаны назарларыңызда болсын.

ҚҰБА ТАҢДА ЖУСАҒАН ҚҰЛАН-ЖЫР...

Өмірзақ МҰҚАЙ

Көрнекті әдебиет қайраткері Қасымхан Бегмановтың «Құлан иек, құба таң» таңдамалы жыр кітабын шама-шарқымызша талдап оқығанымызға да бір жарым жыл болыпты. Уақыт өлшемін көрсетуіміздің өзіндік сыры барын айта кетелік. Кітап оқымайтын қазақ емеспіз. Бірақ бір кітапты осынша қайталап оқитын кезіміз сирек.

Жазу үстелімен түспейтін екі-үш автор бар. Біріншісі — «Сережка», яғни Сергей Есенин, екіншісі — «Ай», яғни Төлеген Айбергенов. Талғамымыз болу керек, осы екі талант шығармаларынан соң үстелімде ұзағырақ тұрақтап қалған туынды — осы «Құлан иек, құба таңы» болды, әріптестер.

Басқаны қайдам, өз басым Қасымхан өлеңдерінен қоңыр ырғақтың тасасына жасырынған қоңыр мұң, қоңыр сурет көрдім. Ақиқатында сезіндім. Ой мен түйсікті ықпалды әсер қозғайды. Әңгіме поэзия тілінде сөйлеген көрініс, суреттерге қатысты.

Литваның Чюрленис деген өзі композитор, өзі суретші дарыны бар. Сол Чюрленистің салған суреттерін көрсен, музыка ырғағын, ал музыкасын тыңдасаң, сурет көргендей боласың. Біз Бегманов жырларынан да осындай феномен сезіндік!

Әлбетте, бұл — ұлттық поэзиямыздағы айрықша құбылыс. Әрине, бұл постулатқа да біржақты қарауға болмас. Біреуге ұғынықты болған тың үрдісті енді біреудің түсінбеуі де мүмкін...

Ақиқатында әркімнің өз талғамы, анализі, дүниетанымы болуы заңды. Кәдімгі махаббаттағы сияқты...

Өнер тарихында Балуан Шолақ деген тұлға, оның «Ғалия» атты шедеврге айналған әні бар. Историзміне келсек, ән персонажы Ғалия Төлеуқызы — біздің елдің адамы. Үлкендердің айтуы бойынша, Ғалия анау айтқандай сұлу емес, қараторы, сепкіл бет, Шортанның базарында қымыз сатып отыратын қарапайым келіншек болыпты.

Жерлестері: «ойбай-ау, Балуан Шолақ деген атың бар. Қарапайым Ғалияға ғашық болып, несіне осындай тамаша ән шығардың?» дегендерге Балуан: «сендер Ғалияға менің көзіммен қараңдар...» дейді екен.

Әлбетте, бұл дүниетаным мен қабылдауға, көзқарасқа қатысты тұжырым. Біз Қасымханның қоңыр жырларын осылай қабылдадық... Әрі оған негіз де, қисын да бар. Бұл ниетке қарсы көзқарастар болуы да ықтимал. Оларға айтарымыз: «Қасымхан өлеңдерін бір мәрте емес, біз сияқты қайталап, бір жарым жыл оқыңыз!.. Ақынды да, осы пікірді де сонда түсінесіз...»


Енді кітаптың өзіне үнелейік, анализ жасалық.

«Балалыққа бұрылып, қайтып кеткім келеді,

Кеудемдегі зарымды айтып кеткім келеді» —

дейді Қасымхан «Арман» атты өлеңінде.

(Поэзия тілінде салынған суреттер)



Кәдімгі «Айтып өткен ақында арман бар ма, жүрегінің түбіне кір жасырмай» деген әдеби постулатқа айналып кеткен фразеологиялық тіркестің жаңаша түлеген қисынды, логикалық жаңғырығы.

Алдымен, Қасымхан өлеңдерінде осы қисынға негізделген шынайылық бар.

Әдебиет, оның ішінде, әсіресе поэзия біржақты дүниетанымды қаламайды. Алдымен қабылет-дарынмен қоса, кемел ТАНЫМ керек. Танымал, ел мойындаған әдебиет тарландарының арасында сөз өнеріне еш қатысы жоқ басқа саладан келгендер бар. Олардың арасында мұнайшы Темірхан Медетбековтен де бұрын геологтер Есенберлин мен әлем мойындаған Олжасты ауызға алу керек. Біздің шығармашылығына анализ жасап отырған персонажымыз да үлкен білікті талап ететін техникалық мамандықтың иесі. Оның шығармалары мен дүниетанымды да біз, осы ерекшелігінен іздеуге тиістіміз.

«Сәуір тәуір болмады биылғы бұл,

Сағағынан дір етіп қиылды гүл.

Долы дауыл бұтақты ала қашып,

Көкірегіме өзендер құйылды бір» —

деп толғанады ақын Қасымхан.

Міне, тақырыптың шешімді қисыны мен логикасы осы жерден көрініс табады. Ал көріністің, оған сәйкес туар қиял-түсініктің нәтижесі — нақты сурет. Чюрленис феноменіне қатысты тұжырым да осы жерден шығады. «Көкірегіме құйылған өзен». Көкірекке құйылған өзеннің жан дүниені толқытуы, толқындалуы, толғандыруы заңды. Оған дәлел мына бір шумақ дер едік:

«Суық жаңбыр қақты кеп тереземді,

Бұзып-жарып ақты кеп сең өзенді.

Ағыл-тегіл жауғанмен ақ жаңбырлар,

Қандыра алмай қойды-ау жер, кене-незеңді».

«Ағыл-тегіл ақ жаңбырлар қандыра алмаған кенезенің» ишаралы мимикасы жоғарыда айтып кеткен ақынның дүниетанымы мен талғамына әкеліп тірейді.

Тұлғалық болмысты да осы дүниетаным мен талғам қалыптастырады. Шығармашылық адамының стильдік ерекшелігі де сонда жатыр.

Қаршадайдан артымыздан сөз ерген,

Ерініміз талай-талай кезерген.

Алапат бір қайғы таптап кеудемді,

Тұрғандығын сезер ме ең.

Жүзіп өттік «өмір» дейтін өзеннен,

Сол сәтте оның түпсіздігін сезер ме ең.

Сонша неге өзеуредің, қарағым,

Мен төзгенге төзер ме ең.

Армандай бер, тағы арманда, арманда,

Оңашада жалғыз өзің қалғанда.

Ит талаған ештеңе емес, жазылар,
Сөз талаған жаман екен жалғанда, —
деп күйзеледі ақынның тұлғалық болмысы!

Шағын мақаланы Қасымхан жырларымен толтырсақ, талдауға мүмкіндік шектеледі. Ақынның «Алматыға келді тағы гүл көктем» деген өлеңін оқыңыз. Онда «Қоғасы көлдің қозғалады әрен» Кеңшілік лиризмнің жаңғырған жалғасы барын аңғардық. Кәдімгі таза лирика!

Лиризм — жалғыз поэзияның ғана емес, барша шығармашылық танымталғамның түптамыры. Қасымханның поэзия тілімен салған суреттері осыны тағы да бір дәлелдейді.

Алматыға қар жауып тұр ақпанда,

Жаңа ғана атқан мынау ақ таңда.

Алатауға қарап тұрдым балконнан,

Аппақ дүние сыр жасасырып жатқанда.

Соңғы күні, соңғы түні ақпанның,

Осындай бір көңіл күйді тапқанмын.

Ешкім сезбес ешқашан да, оянды-ау

Көңілімде қалғып бара жатқан мұң.

Қасарысқан кетті кеше қаңтарың,

Ертең келер наурызға үміт артамын.

Ақша қарда, аппақ жолға түсіп ап,

Қызығы көп көктем жаққа тартамын.

Ақын Бегмановтың кабинетінде талайдан бері басқа лауазымды басшылардай Нұрекеннің портреті емес, «Айдын», яғни Айбергеновтің суреті тұр. Демек, Қасымхан саясат пен қызметтің емес, шығармашылықтың бар болмысымен басқарған сарбазы деген сөз. Оның жырларының талап биігінен көріне алуы да сондықтан. Ақынның «Төлеген Айбергеновке оралу» өлеңінен де соны аңғаруға болады.

Белдерден асып қайырылмай кеткен

қара жол,

Шолтандай таңғы дара еді ол.

Далалық біздің шалдардай сергек

дана еді ол,

Кей сәтте сәби бала еді ол.

Жалықпайтұғын жағаға қарай

толқындай тулап қайтудан,

Теңіздей шулап айтудан.

Қасқая шапты-ау, алдынан сонда

ай туған,

Алыбым едің заманаларға сай туған, —
деп жазыпты Қасымхан.

Поэзия тілінде салынған суреттер...

Бір жарым жыл сондай шедевр тамашалаған жай бар, ағайын. Жасыратыны жоқ, бұрын бір сыдыртып оқып шығатын, астарын түсіне бермейтін туындылар бізге осылайша, жаңа келбетін ашты.

«Пушкинді түсіну үшін талант керек» дейді Есенин. Бізде өзімізді немесе анализ объектісін жалаң мадақтау ниеті жоқ, болған да емес. Сіз де Бегманов поэзиясына осындай бір тың көзқарас биігінен көз салып көріңіз.

Көзқарасымыздың бір нүктеде түйісеріне біздің әсте күмәніміз жоқ...



айтуы. Бозбаланың бойындағы тазалық, албырттық, адалдық, ұяндық, сезімталдық, сұлулыққа іңкәрлік – бәрі-бәрі осы әуенде, осы кейіпкерде бар. Фильм сонысымен құнды, ерекшелігі де сонда жатыр.

Ал Мейрамбекті өнерге баулыған, тұсауын кесіп топқа қосқан – Алтекен... Алтынбек Қоразбаев – казак өнерінде өзіндік орны, өрнегі бар, қолтаңбасы өзгелерге ұқсамайтын сазгер-сардар. Ол кісінің симфония жазғанын естісем де, есімде жоқ... Бірақ Саркөкемнің «Сағындым Алматымды» әні әр казактың жанында, әр әншінің жүрегінде екені рас.

*«Қосамын әнге атыңды,
Тосамын әр хатыңды.
Сағындым алма бағын,
Арайлы Алматымды...»*

*Сағындым аққу үнді,
Сағындым ақ гүлімді.
Алматым, сыйладың сен
Шабыйтты шаттығымды...»*

Ғашық жанның алыста жүрген арман қызға арнауы. Тыныштығын талқан етіп, түн ұйқысын ұрлаған Алматының өзі емес, оның аппақ қызы... Аппақ қызға арналған әсем әуен...

Мейрамбек бұл әнді жалғыз өзі емес, МузАРТ құрамында Сәкен мен Кенжебекпен бірге орындайды. Мейрамбек триода шырқаса да жоғалмайды, керісінше, еректігімен жарқырай көрініп тұрады. Жалпы, ол бала кезінен үлкен-үлкен тұлға-

елі жақсы көреді, сыйлайды, төбесіне көтереді.

*«Көк аспаннан бара жатыр
Өмірімнің жұлдызы ағып.
Жетем деген арманы жоқ,
Бара жатыр жұлдыз ағып...»*

Жо-жоқ, бұл пессимизм емес, керісінше, философиялық оптимизм. Сол үшін де мына қысқа ғұмырда адам үшін ең маңыздысы, ең керегі – манайыңа нұр шашу, жақсылық жасау, танитын-танымайтын, ойда-жоқта кездескен жандарды қуанту, құшақтау, бауырыңа басу. Адам үшін одан басқа не керек?!

Мейрамбек отыз жыл бойы осылай ән салып жүр. Бүгінде не көп, жұлдыз көп. Кеудесіне нан піскені де, көздеріне шаң түскені де жетерлік. Ал Мейрамбек өзгеше. Басқаларға ұқсамайды.

Қоңыр әуен

Талғат ТЕМЕНОВ,
кинорежиссер, Қазақстанның халық артисі

*«Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй...»*

Жаныммен, жүрегіммен ұнататын Абайдың өлеңін еске түсіргенім бекер емес. Осындағы «Көңілге түрлі ой салар» өлең жолында үлкен құпия, ашылмаған сыр жатыр. Әлемге әйгілі математик Давид Гильберттің шешілмеген сұрақтары сияқты, көңілдегі ой – әр пенденің өз құпиясы, сыры, сыр сандығы. Сондықтан да «Әр кәлләда бір қиял» деген мәтел бар екені тағы рас... Мен де – көп кәлләнің бірімін. Қиял деген біздің ауылда да жетіп артылады.

Мейрамбектің әнін жұмыс істеп отырғанда, жол жүргенде, қолым босағанда, жаяу жүріп қыдырған кезде де, көлік жүргізіп бара жатып та тыңдай беремін және оны тындаудан жалыққан емеспін. Оның әндерін бұлай жақсы көретіндердің қатары аз емес.

Мейрамбек шырқаған әндердің музыкалық иірімі, темп ритмі, ырғағы қазақ елінің менталитеті, өмірі, тіпті пәлсафасы десек, артық емес. Бізде қазір «ұлттық» деген ұғым бар. Ұлттық кітапхана, ұлттық театр, ұлттық оркестр, ұлттық мұражай т.т. Осы тұрғыда мен Мейрамбектің дауысын, үнін, оның салған әуенін, ешкімге ұқсамайтын тембрін ұлттық ұғымымен бағаласам, артық болмас.

Қазак киносының тарландарының бірі Қанымбек Қасымбековті қазіргі оқырман, көрермен көп біле бермес. Өткен ғасырдың 70-80-90 жылдары Канонның есімі ерекше ыстық та сыйлы болатын. Оның алғашқы жұмысы – «Шоқ пен Шер» халықаралық Монте Карло кинофестивалінде бас бәйгені алған. Атағы жер жарған режиссер ағамыздың «Қоштасқым келмейді» фильмінде Мейрамбек алғаш рет көзге түсті. Кино да, ән де бүгінгі тілмен айтқанда, «хит» болды. Көгілдір экраннан осы фильмді асыға күткен жастардың шет жағасын көріп қалдым. Оның үстіне, бұл әуенді Мейрамбек те ұмыта қойған жоқ. Реті келгенде әлі айтады. Әлі күнге дейін той-жиында жастардың сүйіп айтар әуені – осы ән. Авторы – әнші, композитор Марат Омаров. Фильмнің де, режиссердің де табысы – актер Мейрамбектің осы әнді



Тоғызға толмаған ойын баласын Жамбылдағы филормония директорына мұғалім апайы алып келген екен. Алтекең оны тындаған... Тындаған да дәл таныған... «Бұлақ көрсен, көзін аш»... Бұл мәтел – Қоразбаевтың өмірлік қағидасы, кредосы.

Өнер иесі іргедегі Глинка атындағы музыкалық колледжде Мейрамбекті алып барады. Қас қылғандай, Қазақстандағы қалада домбыра класы жоқ екен. Жамбыл қаласында Жамбыл тартқан аспап болмай шықты... Абыржытын Алтынбек емес... Баланы қобызға берді. Мейрамбек осылайша, өнер өңіріне алғаш қадам басты. Кейін консерваторияға, артынан Өнер академиясына ауысты.

Мен ол кезде Қазақ мемлекеттік театр және кино институтында, яғни Өнер академиясында ректор кезім. Алып-ұшып Алтекең келген. От ала келген кісідей асығыс. «Осылай да осылай... Бір балам бар, жақсы әнші, тамаша күйші. Осы бала консерваторияда қор болып жүр. Сол баланы осы институтқа алсаң», – деп қолқа салды. Ол кезде Қоразбаев көкеммен тығыз араласпасақ та сыйластығым мықты. Алдым. Мейрамбектің Өнер академиясында оқуына осылай сеп болғанын бар-ды...

Ғажайып әуен күйсандықтан құлай түскен... Жинақы да жанға жақын... Жағалауға қайта-қайта соғылған толқын тәрізді. Болмаса Медеудің сонау төбесіндегі баспалдақтың басынан төмен қарай жүгірген қымбатына, қимасына құлай түскен арудың ардасына асыққаны секілді... Ойнақы да ерке... Желмен жарысқан ақшыл түсті көйлектің қысқа етегі бір ашылып, бір қымсынып жарқ еткені сияқты...

ларды көріп қалды. Тұлпар болар құлыншақ сәйгүлікпен бір жүрер... Мейрамбек Нұрғиса көкесін де көрді, батасын алды. Қазақтың дүлдүл ақындарымен, талантты әншілерімен аралас-құралас болды. Шамасы келгенше ағаларына қамқорлық танытып, қастарынан табылды.

*«Көк шыққанға бір қуанып,
Шөп шыққанға бір қуанып,
Өмір өтті-ау зырғып ағып,
зырғып ағып...»*

*Сарғалдаққа бір қуанып,
Қызғалдаққа бір қуанып,
Өмір өтті-ау зырғып ағып...»*

Талантты ақын, өмірдің қызығы мен шыжығын қатар татқан Есенқұл Жақыпбектің өлеңі. Адам ғұмырының, уақыттың келте екенін мойындаған, бас иген, шарасыздан шарқ ұрып, манайынан қарманатын тал таппаған ақынның күйзелісі, көңіл күйі, мазасы мен азасы... Ақын өмірдің мәні мен мағынасын іздеген Қорқыт баба іспетті мұңаяды...

Осы әнді орындағанда Мейрамбектің дауысы, үні, толғануы, толқуы, тебірене толғауы әр пендеге ой салады. Мына қысқа ғұмырда жылтыраған зат, дорбалаған ақша емес, адам үшін ең керегі сыйластық пен махаббат екенін емеурінмен меңзейді. Бұл әуенде сағыныш бар, Пер Гюнттін Сольвейг салған сазындай әуез бар. Әр жолда алаңсыз өткен жастық шағына деген ностальгия жатыр... Мейрамбек әр тыңдарманның қасына кеп құшақтап бауырына басқандай әлдебір бөлек күй сезіледі. Үн-түнсіз тыңдап, мына әуез бітпейінше қозғалғын келмейді. Бұл әуен бітпесе дейсің. Қоңыр әуен сазына батып оянғын жоқ... Құдды сонау сәби шақта анаң салған бесік жыры іспетті жаныңды тербейді. Сондықтан да Мейрамбекті

*«Дүние қызыл-жасылды,
Сан ұрпақ саған бас ұрды.
Толқын да толқын қазақтың
Топырақ бетін жасырды.
Өткізін қилы ғасырды,
Бірысың жатқа шашылды.
Тау менен тасқа соқтым мен,
Халқым деп ғазиз басымды...»*

Бұл кешегі Ақтамберді, Шалкиіз, Қожаберген, Жиёмбет, Доспамбет, Бұхар жыраулардың жаңғырығы емес пе? Ұрпағына өсиет айтып, болашаққа сәлем деген дүлдүлдердің бізге қалдырған өсиеті осы ғой...

Кейде маған Мейрамбек сол абыздарды еске салады. Жақсы көрген сүйікті елін, тыңдарманын осылай айқайламай, бақырмай-шақырмай, қоңыр әуенді көңіл әуезімен оятып жатқан іспетті. Абыздық жасқа емес, дарынға тән екенін еске тағы түсіргендей.

Бала кездегі бір көрініс жадыма қалыпты. Алатаудың бауырында атақты Асы жайлауы бар. Әкем екеуміз бір үйге тоқтағанбыз. Түнде кеш жаттық. Таңертең тыңқылдаған домбыра үні оятты. Далаға шықсам, үйдегі ата екен. Керегеге арқасын тіреп жай ғана ыңылдап отыр. Қоңыр дауысымен ұйықтап жатқан немересін оятқаны екен. Домбырасы болмаса да, талай әжелер мен аталардың ертегі айтып, кішкентайын ұйықтатқанын көргенім бар. Алайда сүйікті немересін әнмен оятқан абызды көріп таңғалғаным тағы рас... Мені де Мейрамбек дәл солай оятады, ойландырады, таң сібірлеп атқанда шаңырақтан түскен сәуледей манайына жарық төгеді. Нұрландырады, жанымға нұр құяды.

Қоңыр әуен манайға маңып барады. Қандай ғажап ән... Мейрамбектің дауысы... Ұлттық әуез!

Қоңыр үн, қоңыр әуен...

Жеңіс КӨКЕНҰЛЫ, суретші

Мүсінші Өмірзақ Шановтың шығармалары салтанат пен аздай карама-қайшы. От пен судай бөтен. Күн мен түндей алма-кезек. Қолданатын материалдары да балауыз бен гранит, саз бен мрамор, гипс пен қола болып кереғар келеді. Келбетінен қарайтын барельеф, горельеф те бар, айнала көретін мүсін де жеткілікті. Мүсіндерінің жасалу мәнері де сан-қилы: бірде бұжыр-бұжыр, енді бірде жып-жылтыр. Төртбұрыш һәм домалақ, созылыңқы да келте, қалың да жұқа. Қылаң ұрып тұрғаны, ұсқынсыз да болып тұрғаны. Дулығасы күнге шағылып, алшая ат мінген батыр мен жарадар, жадау тұтқын да (*упелектей әзіл мен запырдай сарказм да*) осында. Қатарлай қарғыған кара ат мініп, белінен бұрылып, жағалай жақ тартқан біркелкі жауынгерлерімен шендеспейтін «Жанасу» көрші қонады. Шеберханасында бейқұт балақайлар ойнап жатады, олармен қорлық пен аза композициясы алқа-қотан отырады. Ине мен жіптен жана шыққан, аса ұқыптылықпен тігілген ықшам киіммен, дөңгелек бөрік киіп, шиыршықтап хат ұстай, тақта отырған боз-бала мен кең мол пішілген, етегі жер сызған, ұзын жеңін неше қайыра киген шапаны, басына баса киген мұрағы бар ханзаданы да параллель қояды. Желгек әулие шаолин де, жеңіл арба сүйрегіш рикша да осында. Шанов шеберханасынан үнін шығартпай ауызын желім қағазбен жапсырып-жауып, желкесінен тартып, сан рет орап, аяқ-қолын орындыққа танып тастаған жазаланушының сұлбасы да, әдемі коллона болып жасалып, капители әйелдің аршын төсті торысы болып бітетін мүсін де, «Аверс» пен «Реверс» те қатар табылады.

Оның барлық шығармалары адамға, оның айқын ажары мен қатпарлы көлеңкесіне, ұлылығы мен малғұндығына арналған. Қолынан шыққан күллі бұйымдары кісі баласының арда басы мен аяр қалпын, бүгін тысы мен түнек те түгін ішін бүкпесіз көрсетіп тұрады. Түп санасын қопарып, қоясын ақтарып береді. Туабітті қарлық қалпы мен жүре бітті кембағал, пәкене де топас түрін көрермен назарына қатар тартады. Қақтығыс, итжығыс, қимыл-қозғалыс, тартылыс бір мезетте байсал тартып, дағдарып, сілтідей тынып, тоқтап-тоқырап, қалшыып қалады. Іле шалт қимылдап, құбылып, асаусып, дес бермей аспандап-қияндап кетеді. Қолына түскен шикі саз, өлі пластилин сәтте жадтанып, жансыз тастар «тіріліп», түрленіп сала береді.

«Соңғы сапары» қандай? Мұнда мезгілсіз қайтқан қимасын иықтасып көтерген топ мүсінделген. Оң жағынан төрт, сол жағынан төрт адам (*қайтқанменен тоғыз*) қайғымен ілбиді. Композицияда адамдар мүшесі, бет әлпеті, аяқ-қолдары айқындалмаған. Ым-ишара ғана бар. Алайда білінер-білінбес буылтық-буылтық, шаршы топтан аза сезіледі. Қайтқан жанның өз мәйітін көтеріп келе жатқандарға деген ұлы қимастығы, тірілердің удай өкініші кернеп-буып тұр. Осынау шағын ғана жұмыстан озанда, жылап-сықтау «естілмейді», жым-жырт, зұлмат қайғы еседі...

Сан мәрте айналып соққан Шокан Уәлиханов образы қандай? Ақ күмістен құйып та жасағаны мен ақ мәрмәрдің қойнынан аршып та алғаны қандай? Аса беріліп, ықтияттап, шұқшия да үніліп, материалдың өзегін кеудей, зергердейін сүйрік қуалап жасағаны қандай? Шановтың қарулы да сезімтал қолынан өрген Шыңғыс төренің арда ұлы бірде сырлы, бірде мұнды. Сонша жастығына карамай байсалды, сабырлы да төзімді. Салмақты. Бірде асқақ, бірде балаң, енді бірде дана. Дегдар, аристократ та әрудит, қалжыңбас та жомарт. Туасы жазушы, суретші, ғалым, зерттеуші секілді қабат-қабат мүмкіндік жаратылысына деп қонған сан-қырлы Шокан баба ғасыр айналып келіп Шанов шығармашылығына осылай енеді. Қазақтың көгінен күндей болып көшкен бірегей ғұлама мүсінші жанымен қабаттаса сіңісіп, көрерменге қайыра жол тартады.

Шановтың 1987 жылы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арнап жасаған мүсіннің көргеніңіз бар ма? Сол құрбанды мен көрсем, оның сұм заманы (*замананың өн бойына кесел-*

дей жабысқан жауыздар) толарсағынан жерге тығып, белін екі бүктеп, басын иіп топырақ қаптырып, екі қолын белінен асырып, қайырып, үзілмейтін сымтемірмен шандып тастаған екен. Екі жаққа қарап, адыра калған саусақтар қорланушының, бүкіл бір таптың, тұтас бір халықтың агониясын, жан тітіретер азабын паш етіп, тарбиып жан шошытып тұр екен. Қолдардың пропорциясы әдейі үлкейтіліп, жүйкені инедей шабақтау қалпын үдете түседі. Тырнақтары суырылып, азаптан қисайып, ісініп, алақандары тілініп, буындары шор болып қалған азапты саусақтар жан тітіренісін еселеп ұлғайтып жібереді. Мұрнымен емес, ауызымен ауыр тыныстап тұрған міскіннің жұтқыншағы азаптан ғана жоғары-төмен қозғалатындай. Бүктелген бел, доғадайын омыртқалар, қабысып қалған қарын, шодырайған тізе, шығыңқы жамбас, үшкір шынтақ пен созылған сіңір... — бәрі-

кіріп, аяқтары бауырына тығылып, етпеттеп, бір уыс болып, жер соғып қалғанын қалай ғана дөп көрсеткен?

Суретші назарынан ақыл иесінің тән сұлудығы еш түскен емес. Ол адам анатомиясының шығармаға арналған бар мүмкіншілігін өз шығармасына ерекше бір ықыласпен қолданады. Шығармаларының өн бойынан жақ тартып тұрған сарбаз, бұлшық ет білеп тұрған бодибилдинг-спортшы, Қажымұқан балуанның тұлғалары кездеседі де отырады. Көкірек, қолдың қары, бицепс пен трицепс, иық белдеуі, қабырға аралық, күрсак, жамбас, сан, балтыр бұлшық еттерін аса бір ықыласпен сомдайды. Шаршы, үшбұрышты, жұмыр, трапеция, күмбез тәрізді бұлшық еттерді кейіпкер қаңқасына қондырып, ой-

Шановтың КОНТРАСТ ӘЛЕМІ



бәрі адамзат баласының өзіндей адамзат баласына істеген жойқын жауыздығының шырқау шегін паш етеді.

Өмірзақ мүсінші Ташеновтің де мүсінін жасады. Оң қолына жеңіл сырт киімін іліп, қалпағын сол қолына серпе ұстап, басын сәл иіп, қабағы әнтек түйіле, ойлана түсіп, Жұмабек қайраткер алға қарай адымдай басып келеді. Жазғы костюм-шалбары бойына бек жарасқан. Оның әр қыры, сызығы мен қыртысы, тігісінен адам бойының сыртқы дәлдігімен қатар көрнекті тұлғаның ішкі бұлқынысы, отты жігері сезіледі. Оң шырайынан, елге, жерге деген мүдделен айнымайтын қайсарлығы мен табандылығы, ақылы мен шапшаң шешімталдығы қатар білінеді.

«Жад» дейтін еңбегі және бар. Осы еңбегінде жазықсыз атылған, кінәсіз қорланған, зұлмат ашаршылықтан қырылған, жоқталмаған, аза жыры айтылмаған, жер қойнына арулап тапсырылмаған, сайда саны, құмда ізі қалмаған (*ақ сөңке сүйектері екі миллион жеті жүз жиырма бес мың шаршы шақырымның өн бойына тарыдай шашылып қалған*) мың-сан жақсылар азабы жадында қалған естінің шөгө түсіп, басы кеудесіне

наттып, бұлтылдатып жібереді. Буындардың жазып, бүгіп, серпіп, жиырылып тұратын қасиетіне ерекше назар аударады. Мүсін өнерінің өн бойынан әмсе түспейтін бұл әдіс Шанов шеберханасында да өз орнымен, орайлы сәтіммен жүзеге асады. Әсіресе күш атасы Қажымұқан бабамыздың образына сан рет айналып соғып, қазақ жыраулары әсірелеп айтатын «шодырайған екі шекелі», «жауырыны қақпактай», «жұдырғы тоқпактай», «екі йығына екі кісі мінгендей», «кеудесі төңкерілген қазандай», «екі саны бұрадай», «балтыры баладай» дейтін тенеулерімен теңдей көрініс жасап бағады.

Шановтың қолында сонау бала кезінде, үш-төрт жасында киген кіп-кішкентай аяқ киімі сақталған, миында Мамай қорғандағы «Отан анадан» да үлкен (*биіктігі 80, тұғырымен қосқанда 120 метр болатын, Волгоградтағыдай қылыш білемеген, сәби көтерген*) «Жер-Ана» жобасы және бар. Осы мүсін жобасын «Менің суретшілерім» айдарымен әлеуметтік паракшама салғанымда, ең көп дауысқа ие болған еді (*астына жазылған пікірлердің күллісі «Ғажас» пен «кереметтен» тұратын*). Алайда жұрт жабыла мақтап отырғанда «қырық би — бір жақ, қысық би — бір жақ» дегендейін, біз де бір қыңырайып көрейікші:

— Басын шәлімен жауып, ұзын жең, бүрмелі көйлек, түймелі камзол киген ананың жалаң аяқ жүрісі несі? Бұл кісінің жалаң аяғы баяғы бала кезімден есте қалған суретші С.Герасимовтың «Партизанның анасындай», фашист алдында қасқайып тұрған әйелдің жалаң аяғындай нық та нақ болмай тұрғаны қалай? Сол қолындағы баланың отырысы да күмәнді-ау? Әдетте баланың денесін орай көтермеуші ме еді, арқапап алмаушы ма еді? Мына сәби өз тепе-теңдігінен ауып кетердей, құлап қалардай (*тұмысынан ебедейсіз солақай қол құлағанды қақшып алып үлгермейтіндей*). «Жер-ана» образы өзіміздің далалық балбал тас үлгісімен жасалса, қалай болар еді? «Жер-ананы» жасарда скифтік бейнелердегі философияға жүгінсе еді? Мысалы, мүсіншінің «Бейбітшілік», «Мейірім» секілді анаға арналған жұмыстарының сарынында қалыпталса нәтер еді? Оларда бауырына басқан баласын өліп-өшіп иіскеп, құшып-сүйген ғажайып мейірім бар еді. Сәбиін орап құшақтап, басынан асыра көтерген ұлы махаббат бар еді. Екі ананың жасалуы, стилі екі түрлі болғанымен әсері бірін-бірі қуаттап, дамытып, аса байытып тұратын.

Кош.

Өмірзақ Шановтың мүсін қоры өзіміздің Әбунасыр, Міржақып, Мұқағали, Нұркен, Әбу, Ғабит, Әбіш, Шапық, Нәзір, Мұқан, Хамит, Сәтімжан, Қалдыр, Асанәлі, Шота, Нұрсұлтан, Темірәлі, Ахат сынды тұлғалармен қатар сонау Сократ, Веллингтон, Чер-



чилль, Элизавет ханшайым, Ататүрік секілді қайраткерлермен мольғып (*портреттердің жасалу мәнерінің араландығымен менмұнда-лап*) тұрады. Сумо палуаны мен американың азамат соғысындағы жауынгер, ерні жырық маскарампаз, беті қорасан дағынан көрінбейтін император, сәукелелі қалыңдық, періште, биші, акробат, салт атты, сынар мүйіз жылқы, кентавр, сиам егіздері, әбжылан, арыстанмен де толығып тұрады.

Кітап сөресі Вергилий, Вольтер, Гердер, Бабель, Фрейд, Челлини, Тит Ливий, Шиллер, Платон, Макиавелли, Пруст, Гомер, Камю, Цицерон, Софокл, Аполлинер, Ницше, Шекспир, Гитлер, Шопенгауер, Плутрах, Шпенглер, Ключевский, Цвейг, Набоков, Довлатовтың кітаптарына сықап тұрады.

Сурет қоржыны графикалық суреттерге кемерлеп тұрады. Онда басы аяғына келіп, төңкеріліп, ат-матымен түпсізге құлап бара жатқан адам да, қарғыған пегас, қару сілтеген баһадүр, шапшыған кентавр да бар (*әлеуметтің барша суретшінің сыртынан айтатын «есі дұрыс емес», «ауыш», «хулиган», «бунтарь» дейтін эпитеттерін жандандыра түсетін суреттері және бар*). Суреттерінің штрихтары, дақтары, абрис пен көлемі сан тараулы. Шиыр соқпақты, оппалы.

Өмірзақ суреткердің ерекшелігі сонда болмыстың тереңіне кетіп, астарын зерттеп, таптырмасын аңдап, кейде олармен келісе алмай кейіп, қазымырланып, қарсыласып та қасарысып отыратынында. Өзге ақылмандар секілді «қызғанба, өш алма, шағынба, жамандама» демейді. «*К милому, талантливому молодому коллеге! Айналайын, оглянувшись невольню назад, среди обгоревших от зависти тел, это ты идешь по верному, вдохновенному пути! Вперед, и не оглядывайся! Зависть, лучшая похвала и вечный спутник таланта, гласит убеждение со старых дневниковых записей*», — дейді. «*Вся жизнь — преодоление собственного невежества*», «*гостеприимство и чистосердечие — наше проклятие*», — деп және қосады. Бұл да болса мүсіншінің контраст та қиямпұрыс қалыбының парасы.

Заман желісін сәтте аңдап, оны мүсінге ыңғайлап, өз пайдасына шешу, шығарманың дискурсын, берілу тәсілін тану да Шанов шығармашылығының жұлын тұтасы деп білеміз. Автор заманның түр-сипатын, уақыттың бет-бейнесін, мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін, жан толқынысын, сезім тебіренісін беруде соны ізденістерге барып, идея белсенділігімен сапа биігіне шығып кетеді. Қым-қуып мінезімен, кесек қалпымен болашақ назарына да жол тартады.

Өмірзақ суретші жылқы баласын өте-мөте жақсы көреді. Ол ұшқыр ат пен қаражон-қақпан белді қосар мінген аңшы секілденеді. Керегін иек артпадан да соғып алады, ұзақ-сонардан да олжа түсіреді. «Сыралғы» дейміз.



Жанар ӘБДИШОВА

«Шын ақын 50-ге келген соң, өлеңді қою керек»
А.С.Пушкин

Жамалдың небәрі екі балы жетпей, өзі қалаған университетке түсе алмады. Іші ұдай ашып, делсал болып, не істерін білмей тұрғанында, қасында тұрған сары қыз:

— Менің де жолым болмады, екі балл жетпей қалды. Бірақ мына жоғары оқу орындарына осы балмен түсуге болады екен — деп, дәптерін ашып, бір тізімді көрсетті.

Жамал:

— Ракмет! Көрсем бола ма? — деп, қыздың қолындағы тізімді алып, ары қарап, бері қарап, атағы дардай университеттің бір факультетін тандай салған... «Оқуға түспей қалды!» дегеннен жақсы ғой... бітірген соң, көрермін!» деген оймен, құлазып тұрған көңілін сәл демдегендей болды.

Мұнай саласының маманы болады екен. Түсуі оңай болғанмен, оқуы қиын болды. Сабактың көбі орыс тілінде жүреді. Бірге оқитындардың көбі екі иығын жұлып жеген мұнайлы өңірден келген жігіттер. Жамал да намысына тырысып, көз майын тауысып, кітапханадан шықпай жүріп, олардан қалыспады. Тіпті Қошқарата деген жерге барып, қап-қара майды жеті қат жер астынан қалай шығаратынын да көрді. Мұнай соратын алпамсадай «қачалқа» деген түн ішінде бағзы заманғы динозаврлардай мойны сорайып, қорқынышты көрінетін құрылғылармен танысып, тәжірибеден өтті.

Өзімен бір курста оқитын Жолан да барған. Араларындағы мектепті «Алтын белгімен» бітіріп келіп, оқуға түскен, үздік оқитын студенттердің бірі. Адамды өзіне тартып тұратын бір қасиеті бар... Тұңғық, ойлы қара көзі ме, жоқ, қайратты құндыздай қапқара шашы ма, әйтеуір, бір тылсым күш Жамалды өзіне қарата беретін. Сүзіліп өзіне қарай беретін осы қыздан қапқақтап, ол қасына көп жоламайды. Бойшан, ірі денелі Жамал келе жатса, әйтеуір, ірін тауып, кетіп қалады. Бұны Жамал да талай рет байқаған...

Бірақ ішінен қанша өзінің намысын қайрап, «қарамайын, нем бар осыда?» десе де, бүкіл жан дүниесімен оның қайда тұрғанын, қандай киім киіп келгенін, қалай күлгенін, қалай сөйлегенін, кімге қарағанын көкірек көзімен, түп санасымен көріп тұрады... Оны тіпті алыстан көрсе де, жүрегі кеудесіне сыймай атқалақтап, көзінің алды буалдырланып, денесі бір күйіп, бір жанады... Өзін өзі қолға алып, сан мәрте өзін өзі тоқтатып, «несіне іздеймін соны!?!» десе де, жанарының сол жаққа қадалып тұрғанын өзі де байқамай қалады...

Үшінші курсқа көшкенде, осы сезімі өлең болып төгілді. Күні-түні сол туралы ойлайды, сол туралы сезімін ақ қағазға түсіреді... Кейде қолы бос кезде, институт алдындағы орындықта отырып, жатақханаға кешке бірақ келеді. Оны ақша бұлттардың арасынан көреді, барлық жерден іздейді, ойынан бір сәт шықпайды...

Тіпті оның қай кезде спортзалда болатынын, қай кезде қай кітапханаға баратынын жатқа біледі. Сол отырған, сол жүрген жерге жақынырақ отырып, оның не істеп отырғанын бар болмысымен сезіп тұрады, көкірек көзімен көріп, санасымен біліп тұрады.

Турникте оның жап-жас денесі серіппеше серпіліп, неше мәрте шыр айналғанына сүйсіне қараса, алаңда допты лақтырғаны жас барыстың атылғанындай көрінетін, ал кітапханада ол қаламсабының басын тістелеп, алдындағы кітапқа еңкейіп отырғаны бейкүнә періштеңің отырысындай әсер ететін... Қараса, қарай бергісі келеді, іші-бауыры елжіреп, жүрегі лүпілдеп, өңі бір қызарып, бір бозарып, көзі тоймайды...

Әйтеуір, қай кезде көрсе де, жандүниесін астан-кестен қылып, қызық күйге түсіретін бір күш бар...

Бүкіл жанжүрегімен діріл қағып, жүрегі кеудесіне сыймай, торға түскен торғайдай тыпырлап, оған ұрланып, мейірлене қарайды... «Шіркін-ай, шашынан бір рет сыйпар ма еді?» деп армандайды... Ол жүрген жерде бұл да жүріп, сыртынан көріп, қарап отырғанының

өзі тағдырдың бір үлкен сыйы, шексіз тартуы сияқты қабылдап, өзін бақытты сезінетін... Ол туралы жазып жүрген күнделігіне күнін, айын, жылын, сосын... «Мен оны көрдім. Бақыттымын!» деп жазып қоятын...

Бірақ анық білгені — Жолан бұған жоламайды, тіпті мойнын бұрып қарамайды, бұның өрттей жанған сезімін байқамайды... Қашады... Сөйтіп жүргенде, күлсе, отыз екі тісі түгел көрінетін, тау-кен факультетінде оқитын, ұзын бойлы, ақ құба Омар деген жігітпен орталық кітапхананың астыңғы қабатында орналасқан асханасына барғанда танысты. Қайда барса да, екеуінің жолы түйісе беріп, жатақханаға бірнеше рет бірге келді. Бір күні Омар:

— Ылғи қалың ойда, қолыңнан блокнотың түспей, жазып отырсың. Не жазасың? — деді.

— Өлең, — деді ұялып.

— О, ақын екенсің ғой! Оқып бересің бе? — деді.

Жамал не істерін білмей, екі ойлы болып, абдырап қалды. «Өлең жазамын деп несіне айттым? Енді қылымсығандай болмайын... Оқымасам, болмас!» деген оймен сөмкесінен блокнотын алды. Ынтыққан көңілінің

Мәжнүн және қасқыр

сағынышын, мазасы кетіп, оны іздеген жүрегінің дүрсілін, жауапсыз махаббатының азабын, қаңғырып қалған жан дүниесінің құлазуын жазған бір-екі өлеңін оқып берді.

Үнсіз тұндыған Омар:

— О, тамаша өлеңдер! — деді. — Жауапсыз махаббат... Жақсы жеткізіпсің... — Омар ыңғайсызданғандай жымыспен Жамалға қарап, — осы жырларыңды арнаған сол бақытты адам кім екен? Білуге бола ма? — деді.

Жамалдың беті ду ете түсіп, денесі бір ысып, бір суып кеткендей болды. Тамағын кенеп:

— Абсолют махаббат қой, — деді, — көзінің қиығымен Омарға қарап, — оны ілуде бір адам ғана сезеді әрі мойындайды екен... Сирек кездесетін ауру сияқты...

Сендер, жігіттер ғана ғашықтық жырларын, пәк сезімін ашық білдіре алады деп ойлайсыңдар ма? Жоқ, сол сезім қыздардың да басынан өтеді... Бірақ олар білдіруге ұялады. Менталитет...

Бұл — бақ па, сор ма білмедім... жеткізе алыптың ба? — деді үлкен қара көздері боталап...

— Иә, сездім, — деді Омар. — Сен бұл өлеңдеріңді жинай берме! Талантты жастардан ақылдан да, көмегің де аямайтын ақын әйел бар. Өзі бас редактор, біздің жақтың түлегі... құмды өңірден шыққан дегенім ғой... Сол кісіге көрсет, не дер екен? Қаласаң, ертіп барайың! Бізбен туыстығы бар адам, — деді.

Омардың ақылымен ол кісіге де барды. Сұсты әйел екен. Біраз өлеңдерін республикалық баспасөз беттеріне жариялатты. Газет беттерінен өзінің суретін, жазғандарын көргенде, жан сырын бүкіл ел біліп қойғандай, бір жайсыз сезімде болды... Бірақ осыдан кейін жас ақын ретінде танылып, курстастарының арасында беделге ие болып, жас қаламгерлердің бас қосқан жиналыстарына, іс-шараларына шақырылып отыратын болды.

Сонымен, осы кездесулердің соңы достыққа, ақыры үлкен сезімге ұласып, Омар екеуі қол ұстасып, өмірге бірге қадам басты...

Оның еке-шешесі қарапайым, жайдары адамдар екен. Қазақ қалыптағы Жамал олардың көңілін шығып, жас келіндерін риясыз көңілмен қабылдады. Байсалды мінезі, үй жұмысына ұсынғылықтығы, тиянақтылығы, қазақша әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жетік білетіні ұнады.

— Екеуі де бойлары сорайып, жарасып тұр. Жалғыз ұл орысша оқыған соң қорқып едім... Құдайға шүкір, орыс-оймауытты алып кетпей, шашы беліне түсетін, бота көзді, қазақша сөйлейтін, аппақ келін алып келгеніне ризамын, құдаларым да жайдары, жайлы, бақуатты, өсіп-өнген, жақсы кісілер екен, — деп отыратын шешесі.

Омар өзі оқыған оқу орнында оқуын жалғастырып әрі оқытушы болып, Алматыда қалатын болды. Жамал босанып, ұл туды.

Әке-шешесі ақылдаса келе:

«Балалар елдің босағасында жүрмесін!» деп, таудың етегінен келіскен үй алып берді. Нәрестені қырқынан шығарған соң, — Оқуларыңды бітіріп алыңдар! Бұл батыр — біздің баламыз, бұған алаңдамандар, өзіміз бағамыз! — деп немерелерін ауылға алып кетті.

Бір күні институтта қаламгерлермен кездесу кеші болатын болды. Ұйымдастырушылар

басқа жоғары оқу орындарының студенттеріне де шақыру билеттерін жіберді. Омар аңқылдап келіпті.

— Жамал, сені өлең оқиды деп жазғызып қойдым. Даярлан! — деп ақсиып күліп тұр.

— Ойбу-у, өлеңдерім жарай ма? — деп, ыңғайсызданып қалған Жамал жазғандарын ақтарып, жақсы дегендерін іріктеп, жаттап, даярлана бастады.

«Поэзия кеші» болған күні студенттер де, ақындар да көп жиналды. Оқырмандарға кеңінен танымал болған ақын әйел де келді. Тым тақаппар, тым пан... Алдынан жүгіріп шығып амандасқандармен тым ресми, тым салқын амандасты. Солардың қошаметімен төрге барып жайғасты.

Жамал бойына «ақын» деген қасиет қонған жігіттердің әртүрлі қызық қылықтарын көріп, әрі өздерін тым еркін ұстайтындарын байқап, таңғалды.

«Мен де бір тылсым әлеммін, танысаң, міне, тұрмын, көріп ал, танымасаң, жолың әне, кете бер!» дегендей, көбі жер-көкке сыймай жүр.

Кейбірі сахнаға жүгіре шығып, қолын сермеп, арқырап өлеңін оқи бастаған

кезде зал теңселіп, қошемет көрсетіп, тіпті сатырлаған шапалақтың дауысынан айнала қаңғырып, төбе көтеріліп кеткендей болса... кейбіреуі тоқтамай өлеңдерін оқи бергісі келіп, мінберден түспей, ескерту алып жатты, кейбіреуі тамағын кенеп, дүниенің тұтқасын өзі ұстап тұрғандай, маңғазданып, дауысын созып, жер табандап тұрып алды... Кезегі келгенде Жамал да қызарып-бозарып тұрып, бірекі өлеңін оқыды. Зал тым-тырыс болып тындады...

Кеш сонында, ақын әйел:

— Өлеңдерін оқыған талантты жастарды сәрсенбі күні кабинетіме күтемін! — деді.

Айтылған күні барса, өзімен қатар оқыған бір топ жігіттерді көрді. Көбі мұнайлы өңірдің түлектері... Өздерін кабинетіне жинаған ақын әйел де сол жақтың тумасы екенін білетін.

Қатар-қатар отырғандар кезекпен өлең оқыды. Қаламын бір сәт үстелге қойып, бір алып, жастарға қарап, ойланатын отырған ақын әйел Жамалға қадала қарап:

— Ақын болып туған соң, осы атакқа лайықты болып, ақын болып өлу үшін, нағыз ақындарға өмірді түгел Поэзияға арнауға тура келеді, сонда да азық етеді! — деді.

Жамалдың беті дуылдап, тұла бойы бір ысып, бір суып кетті... «Апай бұл сөзімен не айтпақшы болды?! Маған көңілі толмайтын сияқты ғой... Өзі, расында да, бүкіл өмірін өлеңге арнап жүр...» деген көкейіндегі мазасыз сұрақ көпке дейін жанын жеді...

Ақындардың сол жерде оқылған өлеңдері республикалық газет беттерінде жарияланып, мұнай, тау кен мамандығын оқытып жатқан оқу орнынан бір топ жастар әдебиет деген үлкен арнаға бет бұрғандарын өздері де байқамай қалды. Кейін осы қыз-жігіттердің ортасынан елімізге танымал мықты ақын, жазушылар шықты.

Омар мен Жамал бұл кезде үш-төрт баланың ата-анасы болып, үлкен отбасына айналған. Ата-енесін де қастарына көшіріп алған. Қолдарын созса, таудың баурайына кіріп кетеді. Жаздай ызың еткен не бір шыбын, не бір масаны көрмейсің. Нағыз жайлау дерсің...

Жамал да көңіліне орала кеткен жыр жолдарын отбасы, ошақ қасында жүріп, жазып қояды... Жыр оны тастап кетпеді, сирек те болса, «бармын!» дегендей, көңіл төріне келіп тұрады. Жазғандары да жаман емес...

Оқу бітіргендеріне ширек ғасыр өткенде, бірге оқыған түлектер жастық шақтары бірге өткен, әсем Алматыда кездесу ұйымдастырды. Бұрынырақ келгендері отбасымен, балаларымен келген курстастармен шұрқырасып, бір кездегі институт, қазіргі университет алдында құшақтасып, көрісіп жатыр. Омар сол факультетте қызмет етіп жүрген соң, бұрынғы оқытқан ұстаздарын шақырып, акт залында ректордың өзі қатысып, құттықтау сөзін айтып, жиналыстарын бастап беруін қадағалау үшін, сонымен, оқу орнының қалай өзгергенін көрсететін экскурсия жасап, өздерінің институтқа арнап алған сыйлықтарын музейіне салтанатты түрде тапсыру шараларын ұйымдастыру үшін таң атпастан кеткен.

Сондықтан Жамал жалғыз келген.

— О, Жамалжан, өзгермепсің! — деп құшағына алған оның бетіне қарамай-ақ, сол екенін білді. Денесі дір ете түсіп, қалтырап

кетті. тіпті теңселіп, құлап қала жаздады. Оттай жанып, ду ете түскен бетін қайда жасырағын білмеді. Жүрегі аттай тулап, аузынан шығып кете жаздады. Не дегені, не істегені есінде жоқ. Көзінің алды тұманданып, өзіне күлімдей қарап тұрған, өзін бойжеткен кезден ынтықтырған, соншалықты қымбат, соншалықты ыстық бейнеге тоймай-тоймай қарағысы келген...

Қайдан... Жалт етіп, бір қарауға дәті шыдамай, көзін төмен салды, өзінен-өзі күлімсіреді, денесінің дірілі басылар емес. Ол оны құшағынан босатты.

— Қалайсыңдар? Омар ұйымдастыру жұмыстарымен шапқылап жүр ме? — деді мығым дауыспен.

— Иә... — деді басын изеп, — ж-жақсымыз, — деді тұтығып.

— Жақсы, — деді ол ақсия күліп, — түк өзгермепсің, мен аналармен амандасып келейін! — деп, иығынан ып-ыстық алақанымен бір сипап, ары кетті. Жамал есін жиып, оның қақпактай жауырынына, болып-толған сымбатты тұрқына артынан қарап қалды.

Әне, ол келесі курстасымен амандасуға құшағын айқара ашып, жарқылдап кетіп бара

жатыр. Жамал өзінің қалтырып тұрғанына, құламай қалғанына шүкіршілік етті. Соның арасында Омар келіп:

— Жалғызсырап қалдың ба? Мен ана жақтан шыға алмай жатырмын. Не қып өңін қашып кетсең? — деді бетіне үніліп.

— Білмедім, — деді Жамал күмілжіп, — маған алаңдама, жұмыстарыңды бітіре бер. Мен көпшілікпен бірге боламын ғой, — деді Омарға қарап.

Кеш бойы қанша жанарын алып қашса да, көзін солардан ала алмады. Мейрамханадағы самаладай жарқыраған жарықтан қонақтардың бет-жүзі балбұл жанып, ерекше ренді, сұлу көрінеді.

Оның әйелі де бір сылқым екен. Соңғы сәнмен киінген, гауһар жүзік тағып, гауһар көзді білезік салған келіншектің аты да Гауһар екен. Осы тойдың сәні болып, жарқырап отыр. Абайдың өлеңдерін сызылтып, нәшіне келтіре айтып, залды дүр сілкіндіріп тастады. Биді де қатырады екен. Ол болып, жанып отыр, жұрттың бәрін өзіне қаратып, тамсандырып, табындырып отыр.

Әрине, ол осындай әйелді жақсы көреді. Жамал өзіне қарады. Өңі де ескірген, көйлегі де солбырайған, шашы да қобырап тұрған шығар. Анандай адам бұған әйел деп қарай ма? Іші алай-дүлей болып, қорланып, кеңсірігі ашып, көзіне лықсып жас келді. «Қой, жың ұрды ма мені? Не болды маған?» деп, өзін-өзі сабырға шақырып, көңіліндегі дүлей, қара дауылды әрең тоқтатты. Сөз бергенде байқады, ол ірі мұнай компаниясының тұтқасын ұстап отырған, бүкіл қазақ еліне танымал адам болыпты. Жанында тонның ішкі бауындай болып, институт қабасында кездесу ұйымдастырған, ақын апайдың оң қолы болып, қасында жүрген, қазір танымал ақын, мүйізі қарағайдай, атағы дүркіреген, республикалық газеттің бас редакторы болған жігіт те жүр. Ол кластасы екен. Оқып жүргенде, мойындары қылдырықтай болып, бойлары сыбызғыдай тартылған жігіттердің бәрі есейген, бәрі бабында, болған-толған, тіпті кейбіреуінің қозы қарындары да бар. Келіншектері болса үлде мен бұлдеге оранып, сән көрсетуге келген сылқымдар сияқты жарк-жүрек етіп, үзіліп отыр. Жамал өзінің тым қарапайым, тіпті қарадүрсіндеу киініп келгенін байқады. Шашын да жай түйе салып еді. Ең құрымаса, тырнағын да боямапты. Ол айналасына қарады да отырды, тіпті мына мол дастарқаннан не жеп, не қойғанын өзі де білмейді.

— Тамақ алып отырсаңшы, — деп қояды Омар әлсін-әлсін Жамалға төніп. Оның өңі де шаршаулы сияқты... «Шаршамай қайтсін, кездесу болады дегелі бір күн маза жоқ — шапқылауда...» деп ойлады, күйеуіне қарап, оны аяп...

— Курстастарға қарап, көзайым болып отырмын, — деді Жамал жымып. Сол кезде сөз кезегі тиген ұстаздарының бірі бұрынғы студенттерінің көбінің ел ардақтайтын аяулы азаматтар болғанын тілге тиек ете келіп:

— Осындай қиын мамандықты тандай отырып, жігіттерден қалыспай оқып, көктемдегі өткір суықпен тайталасып, қарды жарып шығатын, өміршең бәйшешектей, жоғары рухты, жүректі жаулап алатын жыр жолдарын жазған, сол кезде баспасөз беттерінде туындылары жарық көрген ақын

қыз бар еді.

Сол қыз бар ма, өлеңдерін жазып жүр ме екен? — деп сұрады айналасына қарап.

Кең залдың әр жерінен:

— Ол — Жамал ғой! — деген дауыстар шықты.

Жамал орнынан тұрып:

— Рақмет, ұмытпағандарыңызға! Сирек те болса, жазып жүрмін, — деді иіліп.

— Жақсы ақынсың, — деді ұстазы.

Антрактыға шыққанда, ол редактор досы екеуі келіп құттықтап, қай кезде көмек керек болса, хабарласуына болатынын айтып, аты-жөндері, телефон нөмірлері жазылған есімхаттарын беріп кетті.

Сөйтіп, «тойдың болғанынан «боладысы — қызық» демекші ширек ғасырдан соң, бірін-бірі көріп, көзайым болған кездесу де өтті.

Содан бері Жамалдан ұйқы қашты. Сөйлесе, тек аузынан ұйқаспен өлең төгіледі. Үйге қарамайтын болды. Есіл-дерті — дала, таудың бөктерінде күбірлеп жүре бергісі келеді. Ауа райына қарамай, төбеден төбеге, бөктерден бөктерге, сайдан сайға өтіп, айдаланы кезе бергісі келеді.

Көп ұзамай Жамалдың бұл «қызық» халін жақындарының бәрі білді. Көбі «не болды

Түн ішінде бір көйлекпен тастай қараңғы далаға шығып кеткен Жамалдың артынан шыққан Омар:

— Жамал, не болды саған? Жүр үйге! — деп еді, ол:

— Көріп тұрсың ба? Қасқырым келді, — деді.

— Қайда? — деді Омар жан-жағына алақтай қарап.

— Міне! — деді Жамал терезенің тұсын нұсқап.

Бірақ Омардың көзіне ештеңе көрінбеді.

Үйге әрең кірген Жамал таң атқанша терезенің алдында отырып, өлең жазды. Бұл жағдай бірнеше рет қайталанып, түн ішінде қай кезде де Омар оянып қараса, Жамал... қасында қалтып отырады. «Неге ұйықтамай отырсың?» десе, саусағын ерніне басып, «сөйлем!» дегендей белгі беріп, ашық терезеден көз алмай, «Маған қасқыр келді!» дей берген соң, әке-шешесіне айтуға бел буды.

Таң атпай шығып еді, түске таман жетті. Жолдары бұзылып кетіпті. Таудың етегіндегі тақиядай ауыл сол баяғы қалпынан өзгермепті. Сол мамыражай тіршілік, Алатаудың баурайындағы алақандағыдай көрінетін ауылдың айналасындағы жазық

Шығарсын ішіндегісін! Дала кезеді дейсін бе? Иесінің артынан жүреді, шошынбандар! Атамыз да сөйтетін. Сосын, қалыпты өмірге оралады. Мына шешесі сенімен бірге барып, жағдайын жасайды. Бетінен қағып, шаршатпандар! Ал қазір ауқаттанып алған соң, жолға шығындар! Ана балалар қорқып қалмасын, — деді қария.

Сонын арасында, Омар үйге кіргенде, сойылған тоқтының еті де пісіп, буы бұрқырап, дастарқанға келіп қалып еді.

Жамалдың жазғандары төрт дәптер болғанда, кездесуде есімхатын берген ақын жігітке хабарласты. Ол телефонын көтерген бетте:

— Сәлеметсіз бе? Мен Жамалмын. Сізге айтатын сырым бар, оқитын жырым бар. Барайын ба? — деді.

— Келіңіз, — дегеннен кейін мекенжайын айтты.

Жамал келсе, ақын күтіп отыр екен. Ол бірден дәптерін ашып, өлеңдерін оқыды, біраздан кейін жатқа айтып отырғанын өзі де байқамай қалды. Ақын оның сөзін бөлмей, үнсіз тыңдады.

Жамал өлеңдерін оқыған сайын бойы жеңілдеп, жан сарайы ашылып, шабыттанып, тынысы кеңіп, өлең жолдары көктен құйылған нұрдай болып төгіліп, төпелеп, көктемгі тасыған өзендей арнасынан асып, долданып арқырап ақандай болып, жағасын соққылағандай болып, адамның асыл сезімдерінің нәзік иірімдерін небір бейнелі сөздермен астарлап, шендестіріп, суреттеп отырғанын байқады.

Шапқан сайын тынысы ашылған тұлпардай болды... аспанда армансыз қалықтаған құстай болды, жаны жай тапты, жүрегің қуаныш кернеді. Бір уақытта тоқтап, жағын таянып, барлық ынтасымен бұны тындап отырған қапсағай денелі, кең мандайлы, аласыз, кара көзді ақынға қарап:

— Қалай? — деді иегін қағып.

— Керемет! Мықты ақынсың. Тіліңіз шұрайлы. Ең бастысы — құйылып тұр... зорлап ұйқас қуу жоқ, тұнық сезім... мөлдір сезім... Өмір туралы жыр. Шынайы... тамаша!

Баспам бар, кітабыңызды шығарып беремін, қалдырыңыз, — деді. Біраздан кейін аздап ыңғайсызданғандай жымыш, — осынша жыр арналған бақытты жанның прототипі бар ма? — деді.

Жамалдың ақ құба жүзіне қызыл арый теуіп, тұла бойы лап етіп, бусанып, қайп-жанып кеткендей болды. Біраз үнсіздіктен соң:

— Абсолют махаббат қой, — деді.

Жамалдың түнде қызыл қасқырын қарсы алып, оның артынан еріп, тау-тасты кезгені, көзінің жасы моншақтап, қағаз, қаламын қолынан тастамай, жазған өлеңдері оны талантты ақын ретінде танымал етті. Бірнеше кітаптары шықты. Тіпті бір кездесуде атақты ақын апайының өзі жарық көрген кітабына оң пікірін білдіре отырып, «Бұл Жамал — поэзияға құбылыс!» дегенді де айтып қалды.

Айтарын айтып қалса да, артынан «тым артық айтып, асыра пікір білдірдім ба, менен артық кім жазар?» дегендей, өкініш бар екенін де жасырмады. Онысын кейінгі бір кездесуде өзін тым асқақ ұстап, бірлі-екілі шымшыма сөз тастап, байқатып та алды. Шашбауын көтеріп жүрген қыз-жігіттер де, ақын апайлары туралы небір ерлікке балаған қылықтары жайлы сүйсініп, аңыз құлып, айтып отырғанын естіген еді. Осындай әңгімелер көбейген сайын «Ақынға телгей-теніз тереңдік, көркем мінез керек!» деген бір ауыз сөз көкірегіңде ылғи тұратын.

Жамал да ақын апайының бұл қылығын анық байқаған соң, онша жолай қойған жоқ. «Осылардың бәрінен өзін артықпын, менен артық жыр дүлдiлі жоқ, төмен етекіден алдыма түсер ақын жоқ, себебі мен өмірімді поэзияға арнадым!» деген өзімшілдік эго тұрғанын ол бірден байқады. Бұл өңірден мұамандығы бойынша жұмыс табылмаған соң, университеттің физика, математика факультетін бітіріп, педколледжде сабақ беріп жүрген. Өлеңдерінде де қазақ ақындарының творчествосында жоқ, физика заңдылықтарын адам сезімімен, өмірімен астастырып, мына Жаратқан жасаған жарық дүниенің бір тұтас дүние, бір дене екенін көрсететін жыр жолдары көктен саулаған нұрдай болып, молынан құйылып, жазыла берді, дәптері тола берді...

Қызыл қасқырының артынан жүргенде, шашы дудырап, шашырай берген соң, басына орамал салатын болды. Кең-молынан киінген Жамалдың тау-тасқа, ұшқан құсқа, маужыраған түнге, толықсыған айға, кара суға, асқақтаған тауға, көгілдір көкке табынып, шарқ ұрып, махаббатын іздеген жырлары төгіле берді, жазыла берді. Жамалды талант ретінде танып, алты аласы, бес бересі жоқ, бір адам шын жүректен көмек қолын созды.

Ол — ақын жігіт. Сыртынан түсі суық, сұсты көрінетін осы жігіт Жамалдың хабарласып, туеліктің қай мезгілі болмасын «Өлең оқып берейін деп едім!» деген сөзін ести салысымен,

басқарып отырған жиналысын, не қатысып отырған отырысын тастай салып, міндетсімей, кабинетіне келіп, оның жазғандарын үнсіз, ыждаһатпен тындайтын әдетінен айныған жоқ. Шын талантты таныған соң, өкпесінде қанаты бар, шын жүйрігін тауып, тұлпарын баптаған атбегідей ығына жығылып, жағдайын жасап, кітабын шығарысып, баспасөз беттерінде жариялануына бас-көз болып, ағалық қамқорлығын аямады.

Жамал болса, «Бұрын аралас-құраласым жоқ адамға неге сонша қолқа салып, батылданып кеттім? Әлде ақындықтың буы ма? Осындай жақсы адамға жолықтырып... бұл да болса, Құдайымын маған жіберген бір жақсылығы ғой!» деп, ішінен шүкіршілік ететін. Тіпті бір рет осы жігіттің баспасына тапсырған, шығайын деп тұрған кітабын «намаз оқитын баспагер бар екен!» дегенді естіп, алып кетіп, «А, Құдайы!» аузынан түспейтін бір адамға апарып тапсырғанда да, ренжімеді...

Шырт ұйқыда жатқан Жамал сол түні оянып кетті. Орнынан ұшып тұрып, халатын иығына іле салып, терезенің алдына барды. Қасқыры шоқиып отыр екен. Осы жылдар ішінде желкесі күжірейіп, бойы биіктепті, өзі іріленіп, аяқтары жуандап, арланға айналғаны, үлкейгені байқалып тұр.

Жамал сыртқа шықты. Қасына барып, арқасынан сипағысы келіп, қолын созып еді, көзінен от шашып, «ы-ы-р!» ете түсті. Шоқиып отырған орнынан тұрып, бүкәндеп, тауға бет алды. Жамал артынан жүрді. Айнала бозарып, таң атып келе жатыр. Жамал жүрісін саябырлатып немесе сәл тоқтап қалса, қасқыр көзінен от шашып, артына бұрылып қарайды да, жер тырмалайды. Жамал қозғалса, артынан келе жатқанын көріп бүкәндеп, жүріп береді.

Қызарып шығып келе жатқан күннің нұры көлбеп, кей жерлерде жапырақ-жапырақ болып, қызыл арайға бөлеп, тау беткейіне түсті. Қызыл қасқыр келесі белеске шығып, артына қарады, бұнын митындап шығып келе жатқанын көріп, шоқиып күтіп отыр. Жамал қасына жақын келіп тұрды. Қасқыр Жамалды иіскегісі келгендей, тұмсығын сәл алға созып, ұмсына түсіп, соңғы рет тесіле қарап, бауу орнынан тұрды да, тау бөктеріне көтеріле берді. Артынан жүрген Жамалға жақындысын дегендей тоқтап, қимастықпен сәл қарап тұрды да, желе жортып, мүлдем көрінбей кетті.

Қасқырда да осындай мейірімді көз болады деп, Жамал ешқашан ойламапты. Көкірек тұсын өлдене сығымдап жібергендей, жүрегі қысылып, қимасынан, қымбатынан айырылғандай, іші-бауыры езіліп кетті... Ол жылап жіберді. «Кетті!» — деді дауыстап жылап, — қасқырым, кетті! Мені тастап кетті!» — деді алға қолын созып. Көзінің жасын сүртіп, төмен қараса, Омар жүгіріп келе жатыр.

— Кетті! — деді ботадай боздап жылап, Омарды құшақтап, — Кетті қасқырым!

— Болды, болды! Бәрі жақсы болады! — деп, Жамалды сүйемелдеп, таудан түсірді.

— Алысқа кетіп қалыпсың. Құлап қалар ма екен деп, есім шығып кетті ғой, — деп сөйлеп келе жатыр.

Жамал содан бері бір жол да өлең жазбады. Жүрегі де қалыпты соғысына көшкен. Жанын жеген сағыныш, қанын тасытқан махаббат тыншыған. Алыстан сағыныш болып, қол бұлғап, жүрегің сығымдап, жарқ ете қалатын сол бейне көмескіленген, мүлдем алыстаған, тіпті ұмытылған. Көктен құйылған нұрдай болып тасыған өлең тоқтаған.

«Мен ақын едім! Жазайын!» деп, ұйқас іздеп, әуре болып, тау-тасқа басын соқпайды. Жан дүниесі тынышталған... өлеңі — иесі — қызыл қасқырымен бірге кеткенін біледі. Осы ақиқатты бар болмысымен қабылдаған... маңдайына жазылғанына көнген. Жүрегіңде өкініш жоқ! Жамал өлең жазып, қасиетті поэзияны қорлағаны келмейді!

Кездесулерге барғанда:

— Не туралы жазып жүрсіз? — деген сұрақ жиі қойылады.

— Қазір өлең жазып жүрген жоқпын, — деп жауап береді.

Баяғы қалпына түсіп, неше түрлі тәтті тоқаштар пісіріп, үйдің бітпейтін шаруасымен айналысып, далаға да көп шықпайтын болды. Қызының жағдайын естіген әке-шешесі:

— Құдайға шүкір, баламыз аман. Иесі қонғанда, өнерін түгел шығарып, халқына беріп, көңілінен шыққан соң риза болып, таудың биік шоқысына шығарып, қоштасып кетіпті. Жамал киелі өнерге лайық, адал болған соң берекелі отанасы болсын, өмірі тыныш болсын деген тілекпен кетті. Атасының иесі — қызыл қасқыр Жамалдың өлеңін ғана алып кетті! Баламыздың жұлдызы жоғары, жолы ашық болады екен! Тәубе, тәубе! — деп, бір малын сойып, аруақтарға арнап Құран оқытты, «Құдайы тамақ» берді.

Бірақ былайғы жұрт оны бірнеше жыр жинақтары шыққан Жамал ақын, мықты ақын деп танитын еді.

(мистикалық әңгіме)



екен?» деген дүдәмөл сұрақпен уайымдап, көңілін сұрап, үйге келіп те кетті. Бірақ Жамал ешкімге көңіл аудармай, ештемеге қарамай, қолына қалам, дәптер алып, көмейінен төгілген, бұлақтың бүлкіліндей бір ырғақпен келген жыр жолдарын жаза берді, жаза берді.

Түн жарымында терезенің ашылып қалған пердесін жабайын деп шетінен ұстап, тарта бергенінде, сыртта өзіне қарап, шоқиып отырған қысқы жүні толық түлемеген қызыл қасқырды көрді. Жон арқасы тоңазып, тағы қарады «елес пе?» деп.

Жоқ, расымен, тірі қасқыр бұған жап-жасыл көздері от шашып, тесіле қарап тұр. Ары қарап тұруға дәті шыдамай, шегініп кетті. Төсектің шетіне шоқиып отырып, тәтті ұйқыда жатқан күйеуін оятайын деп оқталды да айнып қалды. Терезенің пердесі солай жартылай ашық тұр. Қайта қарауға қорықты. Қисайып жастыққа басын қойып жатып еді, жыр шумақтары төгілді дейсін. Орнына тұрып, қалам, қағазын алып жаза берді, жаза берді.

Махаббат. жауапсыз сезімнің азабы, жүрек сыздатар сағыныш. Көзін жұмса да, санасындағы оның бейнесі. кеудесін көрнеген көктен құйылған нұрдай бір сезім. Үзік-үзік елестер.

Ол таң сібірлеп атып келе жатқанда орнынан тұрып, дала кезіп кетті. Қолында қаламы, қағазы. Өлең легі құйылып жатыр, ағылып жатыр, толастар емес. Көзінен парлап аққан жас та тоқтар емес. Нәр татпағанын, оразасын ашпағанын мүлдем ұмытқан.

Артынан іздеп келген Омар:

— Жамал, не болды саған? Жүр үйге, шай да ішпедің ғой! — деген сөзіне.

— Бара бер! Өлең келді. Жазуға мұрша бер! Бара бер! — деді жалынып. Омар артына қарай-қарай кетті. Кеш батқанға дейін тау-тасты кезіп, ерні кеберсіп, өңі қашып, үйге келген Жамал бір кесе суық суды сімірді де төсекке құлады.

Түн жарымында терезеге жақындады. Сыртқа қараса қасқыр шоқиып отыр. Күдірейген жотасындағы жүні қызғылттым сияқты болып көрінеді. Бұл жолы түк те қорықпады, көптен күткен бір ежелгі жанашырын, сағынған қимасын көргендей күй кешті. Тіпті жүрегің бір қуаныш көрнегендей болды. Далаға шықты. Қасына барды, тұрды қарап, жүрегі елжіреп... басынан сипауға батылы жетпеді...

мал жайылып жүр. Саф таза ауа сарайынды ашып жібергендей тынысың кеңіп, әуелі еліктегендей боласың... тап-таза мына дүниеге, айналаңа қарай бергің келеді... қарай бергің келеді... аспаннан, зеңгір көктен көз алмайсың. «Мынандай жерде туып, өлең жазбау күнә ғой...» деген ойлармен айналаға тоймай-тоймай қарай береді. Жалғыз өзі келген күйеубаласын көріп, Жамалдың шешесі үрпиіп қалды. Хал-жағдай сұрасып, бір шай ішкенше, азын-аулақ малын жөндеп, қайын атасы да келді.

Омар көп сөзбай, Жамалдың жағдайын айтты. Әсіресе Жамалға көрінетін қызыл қасқыр туралы айтқанда, екі кәрі бір-біріне жалт-жалт етіп қарап қалысты. Біраздан кейін терде малдас құрып, төбеді болып отырған қария жөткірініп алып, сөз бастады:

— Қарағым, Омар! Біздің арғы атамыз Мұқабай деген кісі атақты шайыр, айтыскер, айтқаны қалт етпей келетін көріпкеп, дұғасы ауырғанға ем, қасиетті кісі болған. Сол кісінің иесі бар еді... Ол — қызыл қасқыр болатын. Сол атамыз Қарқаралыда Албандардың патша Мекалайға қарсы бас көтеріп, көбі қырылатынын алдын ала біліп, бала-шағасын, мал-жанын алып, тау асып, Шығыс Түркістанға өтіп кетеді. Ол жақта да көзге түсіп, гоминдан үкіметінің итаршылары айтқан қиссаларын, айтқан ақындарын, сөздерін тексеріп, маза бермеді. Сол кісі шекара ашылып, құжаттарымызды реттеп, туған жерге енді кетеміз деп жүргенде, аяқ астынан қайтыс болды. Сүйегі Шыңжаң өлкесінде қалды. Сол атамыз бақилыққа атанардың алдында, екі-үш күн бұрын, ертеңгі шайымызды ішіп отырғанымызда: «Бүгін таң бозарып атып келе жатқанда, ием — қызыл қасқырым келіп, маған қарап отырып-отырып, күн қызарып шыққанда, мені тастап, кетіп қалды. Ерейін деп едім, «қал!» дегендей ишара жасады, ергенімді қаламады. Қызыл қасқырмен өлеңім кетті ме, жоқ, өмірім кетті ме, білмей отырмын!» — деген еді. Жарықтық дәм-тұзы таусылатынын біліп айтқан екен. Артынан өзі де кетті, — деді.

Бәрі үн-түнсіз отырып қалды. Қария сөзін ары қарата жалғастырды.

— Омар қарағым, атасының иесі — қызыл қасқыр Жамал баламызды тапса, киелі қасиет қызына келіп қонған екен. Құт болсын! Күні-түні өлең жазып жатыр дейсін бе? Жазсын!



**Болат
ҚҰРМАНҒАЖЫҰЛЫ**

ЖҰМБАҚ АРУ

Кер жорғасын тағалы қарқындатып,
Таулы жолдың тастарын жарқылдатып.
Тоқ жыландай қос бұрым ат сауырда,
Барады ару таңғы түн барқындатып.

Бір ауылдан тайпалтып өте берді,
Иттер шулап, кәрі саулық жөтеледі.
Ерте тұрған намазға қарт таңданды,
Қос етегін арудың жел көтереді.

Масатыдай жайлаудан шаң шықпады,
Қауларына жайқалған таң шықтады.
Аққан жұлдыз секілді ару барад,
Өрттей жігер, жалынын жан жықпады.

Талай ауыл қалдырып зымыратты,
Жолапастай жанына зұлыматты!
Төбетайдан үкісі бұлғақтаса,
Аққұба ару жарқылдап жалын атты.

Жігіттер де жінікті естіп арттан,
Есі кетіп, елеуреп есіл аттан.
Бір көруге дәт қылмай тұра құды,
Қайран жастық, құштарлық есік ашқан!

КЕПТЕЛІС

Кептеліс ұзын сонар сағаттаған,
Қашанғы келеңсізден тағат табам?!
Ол аздай құйды нөсер шелектеген,
Бұл сыйға кенелуде абат далам.

Көліктер бірін-бірі тықсырады,
«Жедел жәрдем» жол таппай ысқырады.
Көліктен түсті амалсыз қуығы бос,
Қарт кісі қолы кетпей ышқырады.

Қабағат аптап тұрды шыжғырардай,
Пендесін бір қауызға сыйғызардай.
Жас ана толғатады арсы-гүрсі,
Кіндігін тәкшишіге қиғызардай.

Кешіксем шығарады жұмысымнан,
Көрмегем бұл сұмдықты тумысымнан.
Несие жұқартып жүр жан жүйемді,
Қайырды күте алмайсың туысыңнан.

Япыр-ау, бізге де әлем табынар ма?
Қалаға қабат жолдар салынар ма?!
Қамыты жемқорлықтың үстінде әлі,
Әйтпесе мендік арман қағынар ма?!

ЖЕРЛЕСІМЕ БАЗЫНА

Бәйшешек қаулап, боз жусан жапқан
жер бетін,
Ғаламат шіркін, Ерентау, сенің келбетің!
Таңқурай, шие, долана тәтті, қарақат,
Екеуміз сонда туғамыз, Жеңіс, жерлесім.

Сол таудың екі емшегі құдды суалмас,
Сарылға ұйып шыңында ұлар шуламас.
Қорқыс пен Қызыл өзендер еді тербеткен,
Тентектік қылсақ анамдай бізді қузамас.

Қыстауы Камал, шоқысы анау Байқонақ,
Қонбады оған құдайы келген қай қонақ?!
Құдықсай қалды, мөп-мөлдір
болған Тасбұлақ,
Құладық талай Керегетастан тайғанап.

Малшыға қоныс, қыраттан үркер арқарың,
Күнгейің құтты, сан жұмбақ
сонда тарқарың.
Сағынсам кейде сені ойлап қоям сырласар,
Жасынан жүзген құнарлы
жырдың шалқарың.

Бабалар өтті дүбірі жерді жарардай,
Дастан қып жазсам құмарым
сонда қанардай.
Өтерміз біз де жаңғыртып ізін солардың,
Сорғалап көктен қырандай аңын алардай.

Ереннің сеңгір шыңына ерте талпындың,
Қатырып басты қиығға самғар талқының.

Табиғат пен мен екен өрік гүлін.
Апай төс те кеудесін тұрған ашып,
Шатқалдарда көлеңке нұрдан қашып.
Бар әлемді мейірге бөлемек боп,
Қараңғыны күн сұлу қуған асық.

Мың өлсек те тіріліп, арып-ашып,
Жалғыз күнмен келеміз шалқып-тасып.
Діңкелеуден күйеді қарауытып,
Талаураған жанарын қалғып-ашып.

Жүр құлаққа естіліп жағымды үндер,
Бар деп ғылым әлемде тағы күндер.
Рас болса, біздікі жалғыз емес,
Бірін-бірі табар ма тағы гүлдер?!

Нем бар еді биік те?
Тірі қалдым,
Пірі екенсің деп жатыр ірі нардың!
Нұр жауғандай жүрекке жыр ұялап,
Қанға тарап жатқандай сыры нәрдің!

ПЕРІ ЖЫР

Пері жыр, соқшы мені ғашық қылып,
Жаныма дарытпастан пасық қылық!
Есейін шу асаудай ауыздықсыз,
Өзіңмен қосылуды асық біліп!

Пері жыр, шыныңды айтышы ақтарыла,
Сандалтпай тылсым, сырлы қатпарыңа!

Мен сенің жайлауыңмын ән салдырар



Туған жер десем, үзілер бүгін өмешек,
Сағыныш деген санаға ерген жалқымын.

Қалғандай, Жеңіс, сәлемің маған сараңдап,
Қалмаймын бірақ жырыңа сөнбес алаңдап.
Тетігің бұрап жүрмісің құмда мұнайдың?
Немесе ойлы шегендеп қалам табандап?

Айтарым, бауыр, бір үзік қана базына,
Жоқ нәлет мүлде бұйырған өмір жазына!
Жеткізем елге деп жүрмін таңды
таңға ұрып,
Арқамда жүгім — салмағы ауыр қазына!

КЕМПІРҚОСАҚ

Найзағай көктің жүзін күркіретіп,
Қоңырқай жазғы бұлттар үркіп өтіп,
Құйса кеп Алла нұрын сіркіретіп,
Жолаушы жаяу қалған дір-дір етіп.

Туылып жатқаннан соң ғайыптан да,
Жаралған ғажап мінез айыққан ба?!
Аспанның ақырғаны керек бізге,
Беретін мол ырысын тарыққанда.

Секілді табиғаттың шаңырағы,
Кемпірқосақ жарқ етіп жамырады.
Таңырқасты жаз күнін сағынған жұрт,
Бүлкілдеп сезім қаны тамырдағы.

Қазақ сәби маз болар баладайын,
Жаннат құшақ көңілі даладайын.
Келің тағы жарқылдап, кемпірқосақ,
Сені басқа қымбатқа баламайын!

КЕЛЕДІ КҮН ЕСІРКЕП

Келе жатыр күн шығып,
Көріп тұрмын,
Бар құдірет жүзінде көрік нұрдың.
Аймалаумен лезде өтті келіп,

Күннен жарық беретін ай серігі,
Ұстағанын көрмедік қай жерігі?!
Өзі ұйықтаса, самсатар жұлдыздарын,
Таңырқатар сертіне сай берігі!

Жұмбақтарды шешпедік ашылмаған,
Тылсымына пенде жоқ бас ұрмаған.
Дос пен жауды келеді күн есіркеп,
Бірдей шашып сәулесін жасырмаған.

ҚАНҒА ТАРАП...

Құрмет қой шығарса төрлегенің,
Құлдырау — оңай,
Қиындау өрлегенің.
Өрнекшідей биікке өрмеледім,
Есімнен кетпес сонда шөлдегенім!

Тырнақ сынып, қанталап көбелерім,
Жанымнан ұшқандай боп көбелегім.
Альпинистей арқан жоқ, санда қамсау,
Үміт бұлдыр, атаққа кенелерім.

Қара термін,
Қалтырап буындарым,
Таңдайланған Сахара құмындамын.
Өзімді құбыжықтай сезінемін,
Динозавр ұмтылды,
Бұғынбадым.

Шайнап жатқан секілді тісі мені,
Арпалыстан миым да ісінеді.
Кісікік етімді пысырады,
Тұлпарым да мені іздеп кісінеді.

Кеберсіген ернім де жібігендей,
Кім жалғады тірліктің жібін нендей?
Зәмзәм суын жұтқызып періште отыр,
Көзімді аштым,
Туым да тігілгендей.

Батайын түндеріңе жұмбақ шешіп,
Бөленіп шуағыңа бақ барында.

Пері жыр, қиынға сал, сына тағы,
Жүрегім соқсын саған жылағалы!
Адам мен ту табиғат бас шұлғысын,
Ұнатып тасқа біткен қынадағы.

Пері жыр, соқшы аямай, тасқындайын,
Сезімге сенен туған қас қылмайын!
Тартайын адырнасын қалт жібермей,
Жебесін ой түйрейтін тасқа ұрмайын!

Арқырат, өзеніңдей сарқылмайын,
Отыңнан жасындайын жарқылдайын!
Пері жыр, тұнық қиял бер тұғырлы,
Әлемдік ақындардан артылайын!

ӨЗІҢ БОЛАМ

Жаннаттай жасыл құшақ таңғалдырар,
Мен сенің жайлауыңмын ән салдырар.
Пейілің — дарқандығың армандайтын,
Сап-сары бал қымызың тамсандырар.

Мен шексіз аспаныңмын — көк зеңгірің,
Тәкаппар тауларыңмын — көк сеңгірің.
Шіліңгір аптабыңмын ми қайнатар,
Жайқалтар жаңбырыңмын, өнсе гүлің.

Жөңкіліп өткел бермес өзеніңмін,
Жарқылдар жасыныңмын, төзе білгін!
Төсіңді жапқан алау гүлдеріңмін,
Шырынын жұтқан ара өзегіңін.

Қабағын түңгі ұйқыдан түрген ақ таң,
Мөп-мөлдір бұлағыңмын керден аққан.
Жер бетін малындырар ақ сәулеңмін,
Сыр тұнар түндеріңмін жұлдыз таққан.

Қарағай, қайсар емен, қайыныңмын,
Қасқарып қарсы алатын қайғыны мың.
Ғарышқа құлаш жайған құсжолыңмын,
Шалқыған кит тулар айдыныңмын.

Тап-тарғыл құмдарыңмын, құба дала,
Қоңыр аң, сырласатын құла...

ТОСЫН

Бұлттар төнді жауарға буазыған,
Жаным менің жабырқап құлазыған.
Қиялымды қыдырған шақыра алмай,
Іздеп жүрмін сандала құба қырдан.

Еркелетсе самалын шақырып таң,
Рақат табар аптабым қапырықтан.
Сезім шалқып баурайды аяқ асты,
Ойыма үкі тағып тақырыптан.

Өмір заңы кімдерді илемеген?!
Бақсыз дәрмен не табар кимелеген?
Озбыр өтті талмастан өзектері,
Соңы қаран зомагер ел билеген!

Алса ерікті иектеп тоғышарлық,
Пәрмен берсін намысқа соғысарлық!
Азғындықтан жүре алман аяқ алып,
Рухың өйсе амал не болысарлық!



**Кәрібек
МҰХАМЕТҚАЛИҰЛЫ**

КӨШ

Үздірмей көк тәңірмен байланысын,
Көш келеді Алтайды жайлау үшін.
Менің анам дүниәге мінәжат деп,
Іліп кетті талына байлауышын.

Ең алдымен, бағыштап дұғаларын,
Тазалайтын сонан соң тұмаларын.
Ұзақ қарап тұратын қайран әкем,
Тәнті боп мол суына бұл аранын.

Маған мәлім елдің көші жасымнан,
Қалмайды ол тетелестей қасымнан.
Көш суретін таңбалапты бәдіздеп,
Бабаларым сонау алтын ғасырдан.

Мамыр туып маусымға таяғанда,
Көшу жайлы басатын баяғы өнге.
Әуірімдеп жететін жаз жайлауға,
Жол ортасы бір түнеп Қаражалға.

Дүйім жұрт мейманасы тасып бүгін,
Қара нарға артып ап басып жүгін.
Жайлау көштің жылжиды ақ кемесі,
Елемей алыс жолдың қашықтығын.

Ел жайлауы Алтайдың қолатында,
Қатар-қатар бой түзеп қонатын-ды.
Гүлге толған көк жасаң ой-қырына,
Шағала шаңқан үйлер толатын-ды.

Боз беткей көк торғын түрге еніпті,
Көген шөп құба талмен күрмеліпті.
Келіндер бие сауып, бозбала мәз,
Желіге құлын байлап күнделікті.

Жағасында өсіпті құрақ бітік,
Таудан төмен ағады бұлақ тұнып.
Құлдыр қағып асығады арнасына,
Алау күннен сәулелі шуақ күтіп.

Адаммын жайлау сәнін түсінетін,
Суретін әдемілеп түсіретін.
Әр үйдің ошағында құрты қайнап,
Күрпілдеп қара саба пісілетін.

Жаз ауса да қызығы тарқамайтын,
Қоныс осы шілде де шаршамайтын.
Жан жоқ-ау қызаратын тамыз туа,
Бармақтай бүлдіргенін аңсамайтын.

Қазақ халқы баласын санамаған,
Ұмытып қап аттарын шамалаған.
Он баласын сыйғызып бір қауызға,
Тұңғыш ұлын дәсердей бағалаған.

Құрдым кетті баяғы көш дегенің,
Қалды артта көмескі өшпеген үн.
Құшағына құндақтап жібермейді,
Тастақ қала, тас көше Өскеменім.

АРМАН МҰҢЫ

Арманшыл ем көкті кезіп кететін,
Қиял, ойым айға кейде жететін.
Қарай-қарай көзім талып алысқа,
Көп күндерім көкжиекте өтетін.

Түні бойы құба талмен сырласып,
Кетуші ем желік желдей қыр асып.
Боз биеден ағып тұрған саумал сүт,
Нәр береді құлын жырға бір қасық.

Тілін ұғып құстарменен жүргесін,
Қызық көрем қанатының күлтесін.
Мақпал түнде өлең жазу ғанибет,
Басып қойып наз көңілдің білтесін.

Кәрібек Мұхаметқалиұлы
Шопатов – ақын, 1955 жылы
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданында өмірге келген.
Бүгінде Өскемен қаласының
тұрғыны. Бірнеше кітаптың
авторы.

Шаһбоз ой бір тұрып, бір құлап,
Несіне ертеңге қалдырдың?!

Несіне ертеңге қалдырдың,
Айтатын сөзінді сен бүгін.
Сен едің иесі ән-жырдың,
Алтайдан ауған кербұғым.

Теперіш көргендер осында,
Ащының дәмін көп татқан.

Найзағай оты жарқырап,
Күңгірлетеді аспан шелекті.

Тәжіне күннің шыдамай,
Әп-сәтте маңып қара бұлт.
Төбеден қарап тұрады Ай,
Тоты құстай таранып.

Асқар тау мүлгіп қалғиды,
Құлпырып жайнап әлемі.

Кешір, өлең, болсам егер төзімсіз

Түн періге жұтқызып ап жырымды,
Кімге айтып қалай ашам сырымды.
Бір әуен кеп бесігімді тербетіп,
Ұялатты сырнай сазды бір үнді.

Тауға қарап таң нұрымен өскен ұл,
Ұнатады ақша бұлттың көшкенін.
Құлатып алам ба деп биік құздан,
Қаламайды үмітінің өшкенін.

Шарлағанмен гүл оранған көшені,
Сый алмадым кереметтей көшелі.
Ақ бәтесті арманайым аһ ұрып,
Ұзақ тұрмай ол да өмірден өшеді.

Қош енді қош, аялаған арманым,
Қайтып енді келмейсің-ау арда күн.
Амал қайсы бес күн мынау жалғанда,
Салып тұрса қысқа ғұмыр қармағын.

БАҚЫТТЫСЫҢ!..

(Бақытсызбын деген бір қызға)

Бақыттысың, жарығым, бақыттысың,
Шимайың әлі салмады уақыт-мүсін.
Алмағайып құлазыған мынау күнде,
Мен білмейтін әлде бір сұрақпысың?

Сұрақпысың?
Леппісің, жоқ әлде нүкте ме едің,
Өзіннен сұлу сөзді күткен едім.
Қара түндей тұңғыық қара көзің,
Мөлдiредi, бiрақ та...
үндемедiң?

Деші жаным, мен бүгін бақыттымын,
Ерке нұрына бөленші жаһұт түннің.
Сәуле боп құйылып тұр саған ғана,
Зерделеп зерін салып шабыт бүгін.

Үзілмейтін үмітің бар үкілеген,
Құшағына құлағандай бүкіл өлең.
Өлеңмен өшпейтін шырақ жағып,
Жамылғансың шапанын күпі деген.

Бесенеден белгілі сырын маған,
Бақыт — ол шындық қой шырылдаған.
Шұға танда кестелеп саған арнап,
Пір өнерді сыйлаған шырын далаң.

Бақыттысың, жаным-ау налымашы,
Жарым түнде жарқ еткен лағыл асық.
Жүрегім жанартаудай атқақтайды,
Бақытсызбын дегенге жаным ашып.

БЕЙІТТЕГІ КҮБІР

Күмбір-күмбір етеді,
Күмбезде мүрделер көмілген.
Құлаққа сарыны жетеді,
Аруақтар өткен өмірден.

Сынсиды жылауық сида жел,
Суырып сауырын даланың.
Бүк түсіп бұйығы бұйра бел,
Түреді мұнайып балағын.

Арманы асылып ақ бұлтқа,
Ұзаққа қалықтап барады.
Сырлары мүрдетас сандықта,
Тырайды сыздатып жараны.

Сыйқы осы опасыз дүниенің,
Пенденің басына беретін.
Сезесің аһ ұрып күй демін,
Өмірде бір рет келетін.

Өкініш өзекті жұлқылап,
Талқысына тартып тағдырдың.



Кешегі айрылмас досың да,
Сапарын осында тоқтатқан.

Күңірен күмбездер күңірен,
Күшіген манайлап жүр анда.
Сұрланған сұрқылтай түрінен,
Жоламай кетті ғой қыран да.

Айкүміс орнатқан басына,
Ғаламның ұшынан тіл алып.
Қалқиған зілмәуір тасына,
Барғанда дұға қып тұралық.

Тірінің мойнындағы қарызы —
Еске алып гүл қою міндетім.
Ұрпақтың өлгенге парызы —
Адал боп орындау сүннетін.

ФАСЫР КӨШІ

Бір күнімді бір күніме алмастырып,
Бір айды келер аймен жалғастырып.
Алға қарай жылжиды ғасыр көшім,
Алатау ақбас таудай малдас құрып.

Ай да менен алыстамаған сияқты,
Күн де шығады көкжиектен тұрақты.
Тұрса да ардакүреңім алып-ұшып,
Қаламадым жанға жайлы жұмақты.

Қаламадым артығырақ армандауды,
Жолатпадым жанымға жалған дауды.
Қайрағым кеп тұрады шарқайраққа,
Тұтанып шала-пұла жанғандарды.

Егіліп кейде, қуаныштан жылаймын,
Жылап тұрып Алладан бақ сұраймын.
Сонан соң тәу етемін жалбарынып,
Мен де бір үмбетімін деп Құдайдың.

Қуанам кейде, қуанам да күрсінемін,
Өлең, жырдың көк темір тілшігі едім.
Шабыт келсе, өмірімнен өлең өріп,
Жазамын жайып тастап жыр кілемін.

Өтіп жатыр сәулелі ғұмыр осылай,
Болмақ емес одан басқа тосын ой.
Отқа салса балқымайтын алмастай,
Жүрсем болды майырылмай, жасымай.

ДАУЫЛДЫ ЖАҢБЫР

Көкте күмбез күркірейді,
Күмістен жолақ қалдырып.
Бұршақ жаңбыр сіркірейді,
Тасқа соғылып жаңғырып.

Бейғам жатқан қара жерді,
Осқылайды камшысымен.
Отта тұрған қаракерді,
Ықтырады тамшысымен.

Жеті қат аспан астынан,
Зарлауық жындар жылайды.
Солардың көлдей жасынан,
Құздардан өзен құлайды.

Тау-тасты бұзып арқырап,
Құлатардай жұлқып теректі.

Түсімен құбылған әрқилы,
Маң дала қандай әдемі.

Жер ана жатыр тыныстап,
Манағы жаңбыр демімен.
Денесін қалған құрыстап,
Жазады дәруіш емімен.

Көштің басын бұрған ба,
Қыстауға қонар күз елі.
Көрсетіп соны тұрғандай,
Дауылдың соңғы мінезі.

ЖОЛДАҒЫ КҮЗ КӨРІНІСІ

Төрт мезгілдің күзі керім, сүйікті,
Сағым белдер сары уыздай ұйыпты.
Шешіп тастап жейделерін көк-жасыл,
Қайың біткен сары көйлек киіпті.

Киікоты қызарады қылтиып,
Жел өтінде тобылғы тұр бұртиып.
Қоныр күздің тамшылайды жаңбыры,
Шақпақ тасқа ілінгенде бұлт ұйып.

Осы шақта құбылады күн неден,
Тығылады басын бұғып гүл деген.
Ақ бұлақтың салқын суы сылдырап,
Асығыстау жүгіреді жүлгемен.

Жауып алып «Өмеш асу» түндігін,
Түнеріп тұр «Қалба» тауда күн бүгін.
Қалың тұман басып қапты асуды,
Көрсетпейді асау өзен кіндігін.

Осы араның табиғаты керемет,
Тастағандай тауға ағашты шегелеп.
Иір жолы жүрісіндей жыланның,
Қиыр жолы атқа тиген бөгелек.

«Тарғын» асып «Тайынтыға» жеткенде,
Бұрыласын көзге жас кеп өткенге.
Өмір сүрген Қасым батыр бұл жерде,
Ізғұтты да сонда туған от кеуде.

Ұқсатасың ой-қырын алашаға,
Асыр салып жүргендей бала-шаға.
Қара суық жоймайды түрін күздің,
Іліккенше қазан менен қарашаға.

КЕШІР ӨЛЕҢ...

Өтіп жатыр мимырт күндер көңілсіз,
Қалай жүріп өмір сүргем өзіңсіз.
Өлкенді шиырламасам өлетіндеймін,
Кешір өлең, болсам егер төзімсіз.

Кешір мені, тағдырым өлең денем,
Елең-алаңда елп етіп елеңдеген.
Бабалардан желдеп кеп маған жеткен,
Қасиетіңнен айналдым көнермеген.

Шырма-шату шешілмейтін бір сиқыр,
Өріледі содан өрім-өрім жыр-шылбыр.
Елес сияқты керемет бір құбылыс,
Гүл бағымда бұлбұл болып құйқылжыр.

Артта қалып барады серуен жыр,
Сынық айдай кетіліп кеміген бір.
Ұйтқытып соққанда дауыл өнер,
Шаңытып көрінеді шегірен қыр.

Шегірен қыр енді гүлге орна ма,
Жұтынып құр аттай боп торала ма?
Бопсалап алып кетсе басқа әлемге,
Мен бейбаққа енді қайтіп орала ма?

Әрі-сәрі күй кешемін осыны ойлап,
Кеткендей зілмауырадай тасын байлап.
Асығамын кетейін деп өлеңіммен,
Бақшамдағы гүл перінің шашын майлап.



Токтар МАҒЗҰМОВ,

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері

Қарақшы құлаған құз

Өскемен қаласының дәл қасынан ағатын Ертіс өзенін өрлей жоғары қарай құлағанда, 40 шақырымдай қашықтықта суға еңкіштеу сұғына кіріп жатқан жарқабақты биік құздар шынды асу бар. Бүгінде осы жерді мекендейтін орыс халқы «Рыжков асуы» дейді. Бұл оқиға баяғыда орыс переселендері қазақ жеріне күпінің біндідей қаптаған заманда болса керек. Сол кезеңмен тұстас жонғарлар қазақ тайпаларынан жаулап алған жерлерін орыстарға қару-жарак зенбірекке айырбастап, тап бір ата-бабаларынан қалған дүниедей қазақ жерін саудаға салды. Ақ патша Алтайдағы қазақ еліне қанды торын сол кезден бастап жайған болатын. Терістік шеті ібір-сібір жерімен, күншығысы қытай, мұңғұл елдерімен шекаралас жатқан байтақ өңір қазақ жұртына қарасты Алтай аймағы аумалы-төкпелі аласапыранға толы өлкеге айналды да кетті. Екі жақты қысымды көрген қазақ жұрты оңтүстікке ауып кеткен соң, орыстың атакты металл қорыту заводтарының негізін қалаған әйгілі Демидовтар қазақ Алтайын қолына алып, қазіргі Риддер қаласының маңына өзінің үлкен өндіріс ошағын ашты. Қалада алғашқы завод салынып бітіп, оның басшысы болған Бондарев деген орысты Ресейдің орталық бөлігінен келген қарақшы-қашқындардың бір тобы өлтіріп кетеді. Осы оқиғадан кейін қарақшы топтың басшысы Рыжков Өскемен бекінісінен күншығысқа қарай 40 шақырымдай қалың орманды тау шатқалына бекініп алады. Тегін байлық кімді болсын құтыратын заман болған соң, енді көп қарақшыларымен Рыжков жақын маңда көшіп жүрген қазақ ауылдарын шауып, ойларына келгендерін істеп, ойранды салып жүреді. Сол жылдары найманның бура, саржомарт, қарауылжасық руларының көкейінде Рыжковтың сұрқия кеспірі мен Ертіс өзенінің бойындағы елдердің мүсәпір күйлері қатар жасап келе жатты. Рыжковтың айналасына жиналған атты казактардың жалаңдаған қылыш найзалары мен мылтықтары сол елдің көзіне үнемі елестейтін болды. Қай ауылда болса да орыс-казактарды қарғап-сілеген, жылап-шулаған ана мен бала, қария-қарттар көрініс берген заман туды.

Осының бәрі қосылып келіп сол маңдағы қазақ ауылдарының басшыларының ашу-ызасын келтіреді. Бірде, мамырдың алғашқы күндерінің бірінде бір күндік салқын түсіп, қаз-үйректер жұмыртқасын жарып, қызылшақа балапанын шығарған қызыл жұмыртқа күні болатын. Ертістің жеті иректі тау бөктерін бағындырған арнасына көшіп келген найман жұртының ауылдарын Рыжков бастаған қарақшылар шапты. Ауылдағы еркек кіндік атаулыны атып, қылышпен шауып, ойранды салып екі-үш күн аялдап аттанып кетеді. Қалың жұрт қаза болғандарын жерлеп, жетісін беріп, ел есін жиғанша құралай салқыны да өткен еді. Мамырдың соңына қарай Үркердің батуы басталған күні қалың жаңбыр жауған мезгіл болатын. Қалың жауыннан болар, дәл сол күні Ертіс өзені де өз арнасынан асып ашулана буырқанып тасып жатқан күн еді. Үркердің батуымен тау іші көзге біреу

шұқып алса көргісіз қараңғы, айсыз өлара түнімен қатар келген мезетті әдейі таңдап алған ел басшылары таң ата қарақшылардың қонысына шабуылды бастады. Таудың қуысындағы көктүбекте аюдың апанындай жерден қазылған төбесі мен есігі ғана бөренеден жасалған жер үйлерінде таң алдындағы қалың ұйқыда жатқан қырық шақты қарақшыларды тарпа бас салады. Алакөленке уақытта кездік, қолшоқпар, қанжармен қаруланған сайлауыт жігіттері ұйықтап жатқандарға лап қойды. Оның алдында, алдымен, айнала қотан орнындай аумақта дөңгелене ор-

бір көзсіз батылдыққа барды.

Құз етегіндегі еріген қармен араласқан лайлы өзен суы құлақ тұндырарлықтай арқырай аласұрып ақ көбігін аспанға атқан күйде еді. Қазақ қолы құз басына жеткенде, Алтайдың биік құзынан құлаған қарақшыны төменде иірімделе айланбаға айналып ағып жатқан Ертістің суық, лайлы суы Рыжковты ат-матымен су түбіне әкетіп барып, қайта қалқытып шығарды. Қайта қалқып шыққан сәтте астындағы аты мынау жарық дүниемен қоштасқандай Қарт Алтайдың құздарын жаңғырта жан дауысы шыға кісінеп-

бетіндегі өкілдері саналатын шамандар мен абыздарды басқарып отыратын құдірет.

Біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықтың ортасына қарай ежелгі дүние ғұламаларына Шығысты мекендейтін жұмбақ тайпалар «алтын қорыған самұрықтар» туралы түрлі аңыз-әңгімелер жетеді. Біздің заманымыздың I мыңжылдығының басында Ертіс бойындағы түрлі оқиғалардан қытай хроникасы сыр шертсе, б.з. бірінші мыңжылдығының ортасына қарай ежелгі түрік руна жазулары мағлұмат береді. Ертіс

ӨР АЛТАЙ, АСҚАР АЛТАЙ!

наласқан жер үйлердің қақ ортасындағы алаңқайда от жағып бүрісе жылынып отырған күзетші қарақшыны жәукемдеп тастаған болатын. Осылайша, барлық үйдегі қарақшылардың үнін шығармастан тықырын білдірмей, жайғап жіберген-ді. Енді, қалың топ ең соңында тау қуысына тақау қазылған Рыжковтың жер үйіне бет алған. Барлығына алдын ала келіскендей Рыжковтан басқасын түгелдей бауыздап, оны тірідей ұстауға қатаң ескертілген еді. Дәл осы сәтте Рыжковпен бірге жатып жүрген кішкене кәндек иті кенет абалап қоя берді. Жау келіп қалғанын сезген Рыжков елең етіп сыртқа жартылай жаланап күйі шыға келді. Осы мезетте оған карама-қарсы келіп қалған Жарылғап-бердінің тобылғы қол шоқпары оның оң иығына сарт ете қалды. Ойында қауіп жоқ Рыжковтың зор денесі бір бүгіліп, қайта кейін серпілгенде көргені өзін қоршай бастаған қазақ жігіттері ғана. Өз денесін, өзі билей алмай жалма-жан ұмтылып есігіне таяу тұрған ұшы ағаш басына байланған жіптен ұстап, бір бүйірге қарай серпіле ытқып кетті. Іле-шала казактардың:

— Қап әтеген-ай, қашып кететін болды-ау, тез аттарына мініңдер сөздерімен қатар оның ысқырығы жарыса шықты. Ысқырығын ести сала сол маңдағы ағаш арасында жүгені басында түрүлі оттап жүрген шабдар аты да арқырай кісінеп шауып келді. Осындай жағдай болатынын сезді ме, талайдан бері ол атын үнемі ертоқымсыз жүгенін басына түріп жіберетін. Шабдар атқа қарғып мінген Рыжков тақымды бір басты да тура түстік жағында сарқырай ағып жатқан Ертіс өзенінің жағасына қарай зырқырата жөнелді.

Таң құлан иектеніп маңайға жарық сәулелері түсіп тау іші алакөленке тартып ағараңдай бастаған мезет болатын. Рыжков қасындағы қырканы айналып өткенде ғана айналасынан қоршай бастаған қазақ жігіттерін байқап, қарсы беттегі биік құздың басына қарай ат басын бұрды. Сайлауыт сойылды жігіттердің қоршауында қалған Рыжков атын басқа көзге төпелеп өрге қарай қарыстыра шапқылап құздың ұшар басына қарай ұмтылды. Қазақ қолы да келісіп алғандай оны осы құзға қарай қусырып жанына таяй берді. Міне биік құздың қақ төбесіне де жетті. Алдында биік жартасты құз, төменде ақ көбікті ашуын аспанға атқан асау өзен. Сәл еністе қалың қазақтың кілең сойылкер жігіттері. Мұрты едірейген, аузы-басын сақал басқан, көзі тұздай көк түсі суық Рыжковқа қазақ жігіттері де жақындай түсіп, қолдарындағы сойылдарын тақымдарына баса қанжығаларындағы қыл арқандарын ілмектеп шалма тастауға тақай берді. Қыл арқандары ысылдап келіп мойынға сарт еткенде адам түгіл тағы асауды тырп еткізбейтін көшпенділердің қаһарынан сескенген қарақшы атын төпелей биік құздан төмендегі өзенге ат-матымен құмп етті. Өзінің осы уақытқа істеген қиянатын, қорлығын казактардың кешпейтінін білген ол осы



кісінеп жіберді де жоқ болды. Атымен бірге суға батқан қарақшының соңында шыркөбелек айналған ақ көбік иірім жолдары ұзақ уақыт кетпей тұрып алды. Іле-шала көктем айының бойында қалтыратар суық ызғарлы желімен бүріскен бір түп итсигек бұтасының әлсіз бұтақтары жәдігөй желмен қосылып, жайымен ысқырып қазақ қолының соңында қалып бара жатты.

Арада талай жылдар өте Рыжков құлаған құзды сол маңды жайлаған орыс қарашекпенділері «Рыжков асуы» десе, қандары қарайған қазақ жұрты «Қарақшы құлаған құз» деп атап кетіпті. Тарих дөңгелегі айналып арада үш ғасыр өте бүгінгі қазақ жұртының есінде «Қарақшы құлаған құз» деген тау атауы мәңгілікке қалды. «Рыжков асуы» деген жер көмескіленіп мәңгілікке өшіп, көленкелене берді...

Мұзтау арасаны

Қазақ аңыздарының ішінде Алтай шамандарының айтып кеткен эпсаналарында олардың бас қойып табынатын ұлы тәңірі — Қарахан болыпты. Оның құдіретті ұлдарының бірі — Ерғұн (кейде Өлгін, қазақта Еренғайып деп аталады) Тәңір. Ерғұн шексіз кеңістіктегі Ай мен Күннің аралығында тұрады. Оған алып баратын жолда жеті бөгет, жолы қиын тосқауыл бар екен. Бұл бөгет-тосқауылдар тек еркек шамандар мен абыздар барғанда ғана ашылады-мыс.

Соның ішінде, ең қиын бөгет Темірқазық жұлдызы орнатылған. Ерғұн Тәңір өзінің сарайындағы алтын тақтың үстінде отырады. Көктен сорғалаған жылы жаңбырдың тамшылары сол Ерғұн Тәңірден төгіледі деп жорыған. Түріктердің жеті, тоғыз, және қырық сандарының қасиетті санауы да осы сеніммен қабысып жатқан секілді. Қазақта Еренғайып құдіретінің әмірін орындайтын нөкерлері «Қырық шілтен» деп аталады. Ерғұн-Ата Тәңірі сипатында көк жүзіндегі барлық Тәңірлер мен киелерді және өзінің жер

бойын мекендеген тайпалар жөнінде біздің заманымыздың бірінші және екінші мыңжылдықтарында араб-парсы жазбаларынан да біршама мағлұматтар алуға болады. Зороастр дінінің шығуынан хабар беретін зерттеулерде оның Даити өзені бойында (Ертіс) дүниеге келгені туралы айтылып, көптеген жер-су атауларының көне аты аталады. Онда Қара Ертіс-Ардви, Зайсан көлі-Воурукаша, Мұзтау — Хуйтэн-хара(Куйтун-монғолша суық, солтүстіктегі деген мағынада), Табын-Богда-Ола тау сілемдері — «Ху-қарью» — алтын деп аталады және Репей-(Алтай) «суықтың орталығы», содан суық жел соғып, қысының ұзақтығы сегіз айға созылатыны туралы айтылады. «Хара» сөзі басында мәңгі қар жататын тау шыңы деген мағынаны білдірген.

Көптеген зерттеушілер пікірінде Заратуштра(жаратушы) біздің заманымызға дейінгі IX—VIII ғғ. пайда болған. Бұл көшпелі мал шаруашылығының ене бастаған уақытына сәйкес келеді. Көшпелі өмір салты Заратуштра дінін оңтүстікке, Орталық Азия мен Иранға қарай ығыстырады. Бірақ Заратуштраны қабылдағандар Вахви-Даити басына, «Жер жәннатына» (Ертістің бастау алар тұсына) табынуға барып тұрады. «Жер жәннаты» аталған ол жер қазір «Беловодье»(Шамбала) деп аталып, күні бүгінге дейін сол ежелгі маңызынан айырылған жоқ. Оған іздеп барып табынушылар жыл сайын ағылып келіп жатады. Биіктігі төрт мың бес жүз алты метр Мұзтауды(Белуха) «Жер кіндігі» дейтін себебінің сырын 1926 жылы орыстың әйгілі философ-суретшісі Николай Рерих зерттеп, оның төбесіндегі атмосфера қабатының аса жұқа екенін, космостық энергияның бәрінің осы Мұзтауда тоғысатынын жазған. Оны бұрын басқа ғалымдар да дәлелдеген. Н.Рерих шәкірттерінің жыл сайын жазда Мұзтауға барып космостық энергия қабылдап, күш-қуаттарын арттырып қайтатынын көпшілік біледі. Бірақ Мұзтау қасиетіне оның түбінде отырған өз ағайындарымыз

жете мән бермейді.

Алтай тауының «адамзаттың алтын бесігі» аталуы, оған V ғасырда (439 ж.) тобалардан жеңілген 500 үйлі ашин тайпаларының барып паналап, кен қазып, темір өндіргені туралы деректі Л.Гумилев берсе, кейін оларға «ту-кю» – «түрік-ют» – «түрік» атауы, яғни «күшті, мықты» деген жинақтаушы ат берілгені туралы А.Н.Кононов жазады.

Жауынан жеңіліп, әлсіреп барған 500 үйлі ашиналықтардың тез арада күш қуатының артып, түрік қанатын құруға негіз болуы, ат езуін шыдатпай тіліп жіберетін, алыс жолға жарамайтын қола ауыздық орнына қатты шабуға, ұзақ жолға жарамды темірден ауыздық жасап пайдаланған ашиналықтар тағдырына Алтайдың космостық энергиясы мен кен байлығы, яғни физикалық-экономикалық жағдайы әсер еткені сөзсіздей көрінеді.

981 жылы Киев князі Владимир Святославович он үш жасар монах Сергейді шақырып алып, оған Жер жаннаты – Белеводенің қайда екенін анықтап, сол жерді табу керектігі жөнінде тапсырма береді. Сергей не істерін білмей, Құдайға құлшылық етіп, одан жалбарынып көмек сұрайды. Жетінші түні Сергейдің түсіне өзі монах болған Афон монастырінің настоятели кіреді. Ол Жер жаннаты – Белеводье туралы аңыз айтады: «Көне заманда Византияның бір патшасы өз дініне көңіл толмай, бүкіл елдегі ақылшыларын жинап алып, жақсы дін таңдау үшін қайда елші жіберу керектігін сұрайды. Ақсақалдардың ішіндегі ең кәрісі: алыс Шығыстағы мәңгілік сұлулық пен ақиқат елі – Жер жаннаты туралы айтады, бірақ ол жаққа кез келген адам бара алмайтынын, сол елдің тұрғындары осы мақсатқа лайық деп танығандар ғана бара алатынын өз ұстазынан естігенін жеткізеді-мыс. Византия патшасына бұл аңыз ұнайды да, бас етіп әлгі қарияны сайлап, Шығысқа елшілік аттандырады. Олардан көп уақыт хабар болмайды, тек ұзақ жылдан соң әлгі қария ғана оралады. Көп жылға созылған қияметті сапарда қасындағы серіктерінің бәрі қаза болыпты».

Монах түсінде көргенін князьге баяндайды. Князь тындап болған соң Византия патшасы сияқты ол да үш жүз отыз үш адамнан тұратын елшілерді жолға дайындайды. Оларға Шығысқа, тек күнге қарсы жүріп отыруға бұйрық беріп, ұзақ-сонар сапарға аттандырады. Олар үш жылдан кейін қайтып келуі тиіс деп күтіледі, алайда олар үш жыл емес, отыз жылда да оралмайды.

Жер жаннатына елші жібергеннен кейін арада қырық тоғыз жыл өткенде Царьградтан бір жасы ұлғайған монах келеді. Ол Киевте жеті жыл елеусіз өмір сүріп, ажалының жақын қалғанын сезген кезде, көпшілікке бақулдасу сөзін айтыпты: «Мен баяғы ұлы князь Владимирдің Жер жаннатын іздеуге жіберген елшісі боламын. Біз бөтен ел, бөтен жермен екі жыл жүріп, жылқы мен адам қаңқасына толы бір шөлге іліндік. Ақ сөңке болып шашылып жатқан қаңқаларды көрген кезде серіктерім шошып, көпшілігі кері қайтып кетті. Тек екі жолдасыммен мен ғана қалдым. Аптап пен аштыққа, сусыз шөлге қарамастан, біз Шығысты бетке алып жүре бердік. Еңбегіміз ақталып, жолай бізге бір кездері Жер жаннатында болған кісі жолықты. Ол кісі бізге жөн сілтеп, қасымызға жол серіктер қосып берді. Көптеген қиыншылықтардан соң біз бір жазиралы тауға шықтық. Қасымдағы жолдастарым науқастанып қалды, ал жол серіктер ары қарай барудан бас тартты. Мен тіптен жалғыз қалдым, қасымда тірі жан болмады. Бірақ мен жігерімді жасытпадым. Менің кеудем бақыт пен шаттыққа толып, жүрегімді белгісіз бір қуаныш сезімі билей берді. Мен саяхатымның мақсатына жақын екенімді, әрі оған міндетті түрде жететінімді сездім», – деп есіне алады. Сергей монахтың бұдан әрі айтқаны: ақыл-есі кірсеңді-

шығысылы жағдайда ол тау соқпақтарымен тоқтаусыз жүре береді. Төртінші күні кешке қарай оны белгісіз бір тілде бірақ Сергей түсінетін тілде сөйлейтін бір адамдар тауып алады. Осылай орыс монахы ғажайып Жер жаннатына жетеді. Ол туралы Сергей былай дейді: «Менің көргенімнің бәрін айтуға тіл жетпейді. Бірақ мен шамам келгенше айтуға тырысайын. Ең бірінші айтуға тырысайын. Ең бірінші айтарым, Белеводье – ертегі де аңыз да емес, ол шындық...» Соңынан монах қайтыс болады, бірақ Жер жаннаты туралы оның әңгімелері ауыздан ауызға тарап, көп адам «күнге қарсы» сапар шегуді армандайды.

Осы жолмен 1926 жылы жүріп өткен Николай Рерих: «Оңтүстіктегі орыс жазығымен Кавказдың солтүстігіндегі далалар арқылы Алтайға түзу сызық жүргізіндер, ал одан соң оңтүстікке бұрылындар. Егер осы бағытпен жүре берсеңіз, міндетті түрде Алтайдағы Белуха(Мұзтау) тауына барып тірелесіз» деп жазыпты.

Осылайша, Жер жаннаты орыс халқы үшін әрі арман, әрі мақсат болып қала беріпті. Алтайдағы Мұзтауға барған адамдар нағыз әсемдік пен әділдік патшалығын табады деп иланған. Қасиетті Мұзтаудың маңындағы адам жүрмес шатқалдарында шұғылалы әлем Шамбалаға кірер есік бар деп сенген.

Қазақ елінің шығысы соңғы үш ғасыр найман тайпасының бір бұтағы қаратай руының ежелгі мекені атажұрт кара орманы. Қарт Алтай сонау көне заманнан бері сак-ғұн тайпаларының мекені болса, кейін келе-келе түрік қағанатының ордасы болған. Өз заманында Төр Алтай түркілердің төркіні деп Рашидадин өзінің тауарих атты кітабында жазып кеткен болатын. Оған дәлел бүгінде Алтайдағы «Патшалар жазығы» ғылым мен тарихта өз орнын алды.

Осы Қарт Алтайдың ең биік шыңын қазақтар Мұзтау десе, алтайлықтар Үш-Сөмер, ал орыстар Белуха деп атайды. Алтай тауының әлемге әйгілі үш биік шыңы бар бірі – Иықтау, Ресейдің таулы Алтайында, Мұзтау Қазақстанда, Табан-Богдо мұңғұл жерінде.

Осы күнге дейін Мұзтау арасанын орыстың Рахманов деген аңшысы ашқан деп айтылып жүр. Ол аң аулап жүріп жараланған бұғының соңынан қуып жүріп осы қайнарға кезігіпті-мыс деген жалған дақпыртқа сеніп келдік. Асылы әділіне келсек, императордың орыс географиялық қоғамына қарасты Батыс-Сібір бөліміндегі Семей бөлімшесінің мұрағатындағы құжатта былай деп жазылған:

«Рахманов деген жай шаруа адам еді. Абдрахман деген аңшы қыстыгүні Алтайдың тауларынан бұлғын аулап жүріп қатты тонып, қатып өлуге таяп қалыпты. Содан тау басында тұрып Тәңірге жалбарынып құтқаруын сұраған екен. Оның дауысы сонау аспан көк жиегіндегі Тәңірдің құлағына шалынып көмекке қайда баратын жолдың сұлбасын нұсқаған еді деседі. Шамбаланың түскен сәулесімен таудан құлдап еттекке түскенде буы бұрқырап манайына тіршіліктің белгісін шашып жатқан осы қайнарға кезігіпті. Абдрахман ыстық қайнардың суына түсіп өне-бойы жадырап ерекше күш пайда болып, ертеңінде сол жерден аттанған екен. Осы оқиғадан соң ауылына аман-есен оралып болған жағдайды манайына жария етіпті. Сол кезден бастап ауруына шипа іздеген қазақ қауымы жыл сайын келіп емделіп жүріпті. Кейін «Мұзтау Арасаны» деген тарихта танбаланған аты көмескіленіп «Абдрахман қайнары» деп аталса керек. Ресейдің Алтай жерін көктей өтіп ағылған переселендер Абдрахман қайнары дегенге тілдері келмей Рахман деген атауға айналдырып жіберген еді», – деседі сол жерді мекен еткен жергілікті тұрғындар. Бұл оқиға кейін мұрағат деректерімен де осылай нақтыланған болатын-ды.

ЖЕР – ОРТАҚ ҮЙІМІЗ

Жер – адамзат баласына ғана емес, бүкіл тіршілік иелеріне ортақ қасиетті мекен. Ол бізге өмір сүруге қажетті барлық байлықты: ауаны, суды, топырақты, өсімдіктер мен жануарларды сыйлап отыр. Алайда соңғы жылдары адамның табиғатқа тигізіп жатқан зияны бұл ортақ үйімізге қауіп төндіруде.

Табиғат – бұл біздің болашағымыз. Ауаның ластануы, ормандардың кесілуі, жануарлар мен өсімдіктердің жойылуы – бәрі де адамзаттың бейкам әрекетінің кесірі. Егер осы бағытпен кете берсек, болашақ ұрпаққа таза ауа, тұнық су, құнарлы жер қалмайтыны анық. Сондықтан әрбір адам жерге деген жауапкершілігін сезінуі керек. Қай елде, қай ұлтта болмасын, табиғатты



қорғау – ортақ міндет. Күнделікті өмірде коқысты сұрыптау, ағаш отырғызу, суды үнемдеу сияқты қарапайым істердің өзі үлкен өзгеріске әкелуі мүмкін.

Біздің жер – жалғыз. Оны қорғау – адамзат баласының әр қайсысының мойнындағы қарызы, жүрегіндегі парызы болуға тиіс. Жерге мейіріммен қарап, оның байлығын бағалай білсек, болашағымыз жарқын болмақ. Ортақ үйімізді сақтап қалу – бүгінгі және келер ұрпақтың қасиетті борышы. Балаларды табиғатты қорғауға, сүйеге, аялауға тәрбие беру үшін бұл мәселені оқу-тәрбие үрдісіне енгізу керек.

Бүкіләлемдік «Жер» күніне орай, Өскемен қаласындағы білім беретін мектептер, колледждер мен басқа да білім беру мекемелерінде атаулы күнге «Жер – ортақ үйіміз» тақырыбында іс-шаралар өтті. Мақсаты – оқушылар мен жас өспірімдердің табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаға деген мәдениеттілігін қалыптастыру болды. Шара аясында қаланың бірнеше білім ордаларында

өртүрлі форматтағы шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, жаңа заманауи технологиямен графикалық планшетте «Біздің планетамыз» тақырыбында сурет байқауында жас суретшілер табиғаттың сұлулығын өз туындылары арқылы жеткізуге тырысты. Сонымен бірге әр мектептерде «Жер және мен» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Қала мектептері арасында осы тақырыптарда куиз ойындары ұйымдастырылып, зерттеу жұмыстарымен айналысатын жас ғалымдар арасында «Жер – ортақ үйіміз» атты ғылыми-практикалық конференциялар мен жобаларды қорғау көрмесі болып өтті. Жоғары сынып оқушылары мен студенттер қалдықтарды қайта өңдеу, энергияны үнемдеу және таза өнімдер туралы зерттеу жұмыстарын таныстырды.

Мектеп кітапханаларында жаратылыстану ғылым саласындағы ғылыми әдебиеттер көрмесі ұйымдастырылып, табиғат тақырыбындағы әдеби шығармаларға шолу жасады. Ал кейбір білім ордаларында экологиялық театр қойылымдары қойылып, табиғатты қорғау туралы қойылған сахналық көріністер көпшілік көңілінен шықты.

Өскемен қаласының білім ордаларының басшыларының айтуынша мұндай шаралар жас өспірімдердің бойына табиғатқа деген жанашырлықты ерте жастан сіңіруге, сонымен қатар еліміздің болашақ жастарын бүгінгі күн талабына сәйкес тәрбиелеуге ықпал етеді. Болашақта да мұндай игі бастамалар Өскемен қаласының бүкіл



білім ордаларында үнемі жалғасын таба береді. Жер – баршамызға ортақ мекен. Оны қорғау – әрбір өскемендік жастардың жүрегінде.

Қорыта келгенде, жер – шексіз емес. Оның ресурстары таусылуы мүмкін, ал табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы адамзаттың өзіне қауіп төндіреді. Біз жерге не береміз, ол бізге соны қайтарды. Табиғатпен үйлесімді өмір сүрген халықтар әрдайым бақытты, бейбіт өмір сүрген. Ендеше, келешек ұрпаққа таза ауа, мөлдір су, жасыл орман мен байтақ дала қалдыру үшін қазірден бастап әрекет етуіміз қажет.

Жер – ортақ үйіміз. Оны сақтау – баршамыздың борышымыз, қала берді күллі адамзат баласының міндеті.

М.ТОҚТАРБЕК



БЕРЕЛ ҚОРЫМЫ — САҚ ДӘУІРІНЕН ҚАЛҒАН ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШ

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында экономикалық даму кезеңі жүріп жатқандықтан, халық шаруашылығының әртүрлі салаларында, соның ішінде туристік іс әрекет пен туристік аймақтардың қалыптасуы қарқынды дамуда. Туристік аймақтар ішінде өзінің ерекше әсем табиғатымен, бай тарихымен, мәдениетімен көзге түсетіні Шығыс Қазақстан облысы. Оның бірнеше себептері бар. Мысалы, облыстың географиялық орны, табиғи жағдайы, жер бедері мен климаты, әлеуметтік және экономикалық дамуы, тарихи-мәдени, өнер ескерткіштерінің көп шоғырлануы. Бұл аймақтың табиғаты талайды тамсандырып, саяхатшылардың жүрегін жаулаған. Сонымен бұл қандай жерлер екен?

Мұзтау тауы. Бұл тау — Сібір мен Алтайдың ең биік шыңы (4506 м). Мұзтауға апаратын ең қысқа жол Катунның оң жақ сағасымен, одан кейін Аккем өзенімен жоғары (немесе Көшірлі ауылы арқылы 1513 метрлік жалғызаяқ жолмен, Аккем өзеніне дейін). Аккем өзенінен Төменгі Аккем өзеніне дейін шамамен 30 шақырым.

Марқакөл ұлттық саябағы. Мұнда Шығыс Қазақстан және Алтайдың ең әдемі көлдерінің бірі Марқакөл орналасқан. Көлдін негізгі байлығы лосось балығы (ускуч) болып табылады. Мұндағы табиғат әсемдігімен ерекшеленеді. Марқакөл қорығының мақтанышы тек көл ғана емес, тұнық өзендер мен сарқыраған бұлақтар, сондай-ақ қалың ормандар бойлап жатыр.

Кейін-Керіс. Кейін-Керістеі сумен және желмен жайылған балшықтар, басқаша ашық пейзажға ұқсайды. Алыстан қызыл балшықты құздар мен Кейін-Керіс құлама жарлары лапылдап жанған от секілді көрініс береді, сол себепті оларды «Лапылдаған құздар» деп те атап жатады.

Язевое көлі. Көл Мұзтау жолына қарай жақын орналасқан. Көккөл сарқырамасы, теңіз бойынан 1685 метр биікте жатыр. Ұзындығы 3 шақырым, ені — 800 метр, ал тереңдігі 10 метр. Судың түсі — сарғыш-жасылдау, ал жағалауы құммен, галька, валундармен құрылған.

Ақбауыр үңгірі. Ұлан ауданы, Бестерек ауылының солтүстігінен 3 шақырым жерде Ақбауыр тауының етегіне орын тепкен қола дәуірінің ескерткіші. Үңгірдің қабырғасында салынған суреттер біздің заманымыздан бұрынғы үш мыңжылдықтың бас кезіне жатады. Төбесі қуыс тәріздес күркеге ұқсайтын үңгірдің кіре берісіне қарсы орналасқан суреттерге толы қабырға көп адам табынатын киелі орын болған.

Берел қорымы — сақ дәуірінен сақталған тарихи ескерткіш. Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданында, Бұқтырма өзенінің оң жағалауында Берел ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 7-8 шақырым жерде орналасқан. Қорым солтүстігінде Берел және Бұқтырма өзен-



дерінің қосылған жерімен, оңтүстігінде Кансу өзенімен, ал батысы мен шығысында таулармен шектелген Бұқтырма өзенінің оң жағасындағы аланда орналасқан. Қорымдағы ең ерте обалар б.з.б. 4-3 ғасырларда үйілген (2400-2300 жылдары бұрын), ал кейінгілері көне түркілер дәуірімен мерзімделеді, яғни б.з. 7-8 ғасырларда (1200—1300 жылдары бұрын).

Алғаш 1865 жылы В.В. Радлов, 1959 жылы С.С.Сорокин зерттеді. 1998 жылы Халықаралық қазақ-француз экспедиция (жетекшісі З.Самашев) қорымның жаңа жобасын болжап, бірнеше қорғанды зерттеді. Қорым 3 қорғандар тобынан тұрады. Бірінші топтағылары таудағы кертпеш ортасына орналасқан. Ол солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа созылған 6 қорғаннан тұрады. Екінші топ солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай тізбектеліп созылған 12 қорғаннан тұрады. Ол кертпештің батыс жағында орналасқан. Үшінші топты 9 қорған құрайды. Осы топтағы ең үлкен қорған ғылымға Үлкен Берел қорғаны деген атпен белгілі. Обалар таудың жақпар тастарымен араласқан өзеннің ұсақ малта тастарынан үйілген. Шұңқырда ағаш қимасы бар, оның сыртында әлеуметтік мәртебесі жоғары адамдардың қабіріне бірге қосып көметін жылқы қаңқаларының жатуы, қарағайдың жуан дінгегінен қажырлы қашап жасаған астау — табыт ертедегі Алтай көшпелілерінің ескерткіштеріне тән. Қазба кезінде қорғандардың ішінен 2—3 м тереңдікте ағаштан жасалған қима, оның бет жағынан бірнеше жылқының қаңқасы мен әбзелдерімен тоң-

да сақталған жылқы мумиясы, сыртына алтын жалатылған ағаш әшекейлер, адамның қаңқасы мен адам мумиясы алынды. Заттай деректер Берел қорымы Пазырық мәдениетінің орта (б.з.б. 5 ғасыр) және соңғы (б.з.б. 5—4 ғасырлар) кезеңінде салынғанын дәлелдейді. Обаларды жүйелі түрде зерттеу Зейнолла Самашевтың есімімен тікелей байланысты.

«Оның басшылығымен жүргізілген қазба жұмыстардың нәтижесінде 1998—1999 жылдары қолдан жасалған мәңгі мұздықтағы №11 «Патша қорғанынан» сақ көсемі мен әйелдің және ер тоқымымен бірге жерленген 13 жылқының мүрдесі табылды. Оған қоса патшаның салтанат киімі, мініс аттардың ат әбзелдері, ағаштан, былғарыдан, киізден аң стилінде жасалған мыңнан астам колөнер жәдігерлері бар. Кейінірек тағы да мәңгі тоң басқан екі қорған зерттеліп, олардан да жерленген жылқылардың мүрдесі табылды».

2016 жылы облыс әкімінің бастамасымен археология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту бағдарламасы қабылданған болатын. Бағдарламаның негізгі мақсаты — өңірдің туристік бағытын дамыту үшін мәдени брендін қалыптастыру, Әлемдік ЮНЕСКО қорын толықтыру.

Берел қорымындағы тоң басқан обалардың беретін мәліметтері де ерекше. Берел қорымындағы үлкен обаларда табиғат пен климаттың және обаны үйген материалдар мен ескерткіш құрылысының үйлесімінен пайда болған тоңның нәтижесінде органика, яғни киім, ат әбзелдері, ағаш бұйымдары, ер тоқым, тері мен киізден жасалған заттар шірмейіп жақсы сақталған. Жерлеу ғұрыптарына қарап, наным-сенімдері рухани дүниесінен мол хабар алуға болады. Онда табылған мифтік жануарлар, бұғы, пырақ, тауешкі, т.б қазірде еліміздің маңызды нысандары болып отырған бейнелер. Еркіндікті бейнелейтін «қос мүйізді пырақ» пен «самұрық» құсы — тәуелсіз Қазақстан үшін мәңгілік өмірдің белгісі. Ежелгі мәдениеттердің бастауы болған, саяси-идеологиялық, этно-мәдени тұрғыдан Алтай өңірі сақтар, түркілер, қазақтар үшін киелі, қасиетті орын.

Бұл жерде құнды жәдігерлерді келушілердің көруіне мүмкіндік жасау үшін қорғанның үстінен шыны саркофаг тұрғызылды. Қатты шыныдан жасалған саркофагтің аумағы 90 шаршы метр, ал биіктігі жәдігерлер жатқан жерден бастап 8,5 метрді құрайды.

Әзірлеген
Арнұр ТОЛЫБАЙ



Қазақстан Президенті өз Жолдауында биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауы қоғамда үлкен серпіліс туғызды. Бұл бастаманың басты мақсаты — ел экономикасын дамытуда маңызды рөл атқаратын жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеру, мамандарды қолдау, жастарды адал еңбекке баулу болмақ.

Сондай-ақ кәсіптік білім беруді жан-жақты жетілдіріп, жұмысшы мамандарын даярлау ісіне айрықша көңіл бөлудің ел дамуына ерекше ықпал ететінін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан да бұл бастама қоғам үшін ерекше маңызға ие болып отыр. Себебі еңбек нарығында кәсіби-техникалық мамандардың жетіспеушілігі көптен бері айтылып келеді.

Президенттің бастамасы жұмысшы мамандықтарының беделін көтеріп қана қоймай, жастардың еңбекке деген көзқарасын қалыптастырады. Бұл бағытта кәсіптік білім беру жүйесі жанартылып, колледждер мен оқу орталықтарының материалдық-техникалық базасы күшейтіледі. Сонымен қатар оқыту тәсілін жетілдіру арқылы студенттер тек теориялық білім алып қана қоймай, тәжірибелік дағдыларға да ие болады. Бұл экономиканың ғана емес, еліміз бен қоғамымыздың дамуына да оң әсер етеді.

Бүгінде еліміздің өндірісі мен құрылысында, ауыл шаруашылығында,

Еңбектің күші — ел болашағы

көлік және қызмет көрсету саласында білікті жұмысшы мамандарға сұраныс өте жоғары. Жаңа технологиялар қарыштап дамып жатқан заманда кез келген кәсіпорынның табысты жұмыс істеуі кәсіби маманға тікелей байланысты.

Мемлекет бұл бағытта бірқатар бағдарламаларды жүзеге асыруда. Кәсіптік-техникалық колледждер заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтылып, жастардың сапалы білім алуына мол мүмкіндік жасалауда. Сонымен қатар жұмысшы мамандық иелерін ынталандыру мақсатында жалақыны көтеру, әлеуметтік тұрғыдан қолдау көрсету, өз істерін жетік меңгерген майталман жұмысшыларды марапаттау шаралары қолға алынуда. Бұл да болса еңбектің нәтижелі болуына тікелей ықпал етеді.

Бүгінгі таңда елімізде жоғары білім алған жастар саны артып отырғанымен, нақты өндірістік салада, ауыл шаруашылығында, құрылыс пен қызмет көрсету салаларында білікті мамандар тапшылығы сезіліп отыр.

Мемлекет тарапынан жұмысшы мамандықтарына көрсетілетін қолдау — әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің бір жолы. Әрбір адал еңбек иесінің еңбегі лайықты бағалануы тиіс. Жалақының өсуі, әлеуметтік кепілдіктер мен кәсіби дамуға жағдай жасау — жастарды осы салаға қызықтырудың негізгі тетігі болмақ.

Жұмысшы мамандықтарының жылы — Қазақстанның еңбек нарығын жаңғыртуға,

өндірістің барлық саласын дамытуға, ең бастысы, жастардың болашағына жана мүмкіндік ашуға бағытталған маңызды қадам. Еңбектің қадірін түсінген ел ғана дамудың биік шыңына жете алады.

Осыған орай Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясы «Еңбек адамы — 2025» байқауын ұйымдастырып отыр. Біз де бұл бастаманы ұжым болып қолдап отырмыз. Өз саласында айтулы жетістіктерге жеткен кәсіби мамандардың қажырлы еңбегі мен мол тәжірибесін көркем әдебиет арқылы қалың жұртшылыққа етене таныстырып, кеңінен насихаттаудың маңызы өте зор. Бұл қазіргі кездегі инженер мамандарды көптеп даярлауға септігін тигізіп, жастардың бұл мамандықтарға деген қызығушылығын оятару сөзсіз. Әрбір мамандық иесі өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарап, жұмысын адал атқаруы тиіс. Адал еңбек етіп, аянбай тер төккен адам қашан да төрден орын алып, еңбегінің жемісін көріп, құрмет-қошеметке бөленері анық.

Жақсы ұстаз-маман жақсы шәкірт шығара алатыны даусыз. Сол үшін де жас ұрпаққа жақсы білім бере отырып, білімді де білікті маман етіп қалыптастыру — кезек күттірмейтін іс. Бүгінде бүкіл әлем жаңаша даму мен автоматтандыру жүйесіне жанталаса еніп, жаһандандыру үрдісінен шет қалып қалмау үшін барын

салып жатқанда біз де ертеңгі болашағымыз бен индустриямыз үшін сергек те серпінді қозғалатын білімді жастарымызбен қарқынды даму көшінің алдында жүруге талпынуымыз қажет. Сонда ғана жаһандану толқынына жұтылып кетпей, дамыған ел ретінде алпауыт елдермен серттесе аламыз.

Колледжіміздің басты мақсаты — жастарға білім беру, тәрбиелеу, ірі және шағын өндірістер мен өнеркәсіп орталықтарын жұмысшы күшімен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар өз кәсібін ашып, өз шаруашылығын алға сүйрейтін кәсіпкер іскер, заманауи техника мен технологияны жетік меңгерген, жан-жақты қабілеті бар маман дайындау.

Жұмысшы мамандығын таңдаған әрбір жас — елдің кемел болашағы үшін жауапкершілік арқалаған азамат. Жұмысшы еңбегін қадірлеу — бәріміздің парызымыз. Ендеше, «Жұмысшы мамандықтарының жылы» — бұл тек атаулы жыл емес, ел дамуына үлес қосып жүрген қарапайым еңбек адамын бағалау, олардың мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды қадам.

Майра ШАЛАБАЕВА,
халықаралық инженерлік-технологиялық университет колледжінің директоры





Оқпар НАҚЫП

Қалқа өзені бойында

ЖАНҒАН ШЫРАҚ

Месопотамия өңірінде кейінгі жылдарда орын алған құрғақшылық пен шаңды дауылдар мыңдаған жыл мекен еткен өңірде шумерліктердің дәстүрлі кәсібі – егіншілік пен мал шаруашылығы үшін аса қиын қолайсыздықтар әкелді. Сусыздықтан егіс өнім беруден қалды, жем-шөп қоры тапшылығынан мал тұяғын асырау да оңай емес-ті. Халыққа ашаршылық қатері төнді. Климатта орын алған бұл жағдай жергілікті шумерліктерді тұрмысқа қолайлы жаңа мекен іздеуге мәжбүр етті.

Жиырма төрт ру ақсақалдарының басы түгел қосылған мәжілісте ата-баба қонысында тақау қалған ашаршылықтан қырылып, тарих бетінен кету немесе мың жылдықтарды артта қалдырған байырғы тайпаның өмірін жалғастыру үшін жаңа қоныс іздеу мәселесі алға тартылды. Басқа лаж қалмаған еді. Арадан бір айдай уақыт өте теріскей тарапқа кеткен жаңа қоныс іздеушілер тобы Месопотамиядан үш мың шақырымдай жерде, өзендері суға толы, жерінде шалғынды оты мол, иесіз жатқан кең жайлаулы өңірді керіп келді. Орта Шығыста орын алған құрғақшылық пен дәл сол кезеңде Моңғолия жерінде су молшылығының сыры туралы тарихта мынадай мәлімет бар: «Нельзя также пройти мимо перемены климата на рубеже II тысячелетия до н. э. и связанных с ним изменений в распределении ландшафтов. Возможно, что именно в это время засушливый ксеротермический период стал заменяться субатлантическим влажным и соответственно должны были сдвинуться границы пустыни Гоби. В тот период должно было увеличиться число озер, тянувшихся поясом от Нижнего Поволжья, через Казахстан и Монголию, до Хингана. Обстоятельства сложились в пользу южных кочевников, которые сумели ими воспользоваться» («Хунну», стр.36).

Орайлы келген сәтінде айта кетейік, Олжас Сүлейменовтің «Шумарнамесінде» бастау алған зерттеуіміз барысында бұл халықтың қоныс аударуы туралы мағлұматтарды тек орыс тілді тарихи әдебиеттерден ғана ұшыратып, үзікөздерді де сол тілде ұсынуға тура келуінде сөкеттік жоқ шығар. Сонымен қатар туған жерінен ауа көшкен «оңтүстік көшпелілері» түсінігінің ту сыртында қытайша нұсқаға сәйкес әдепкіде «ху», мемлекеттігі мойындалған тұста «Хунну» атын алған елдің болмыс-бітімі сол заманда «өркеніет бесігін тербеткен» әйгілі «Шумер» атты халыққа сәйкес келетінін ешкім тап басып айта алған жоқ-ты. Олжас ағамыздың түркі әлемі тарихшыларын сілкіндірген «Аз и Я» еңбегі, ондағы «Шумернаме» тарауы өткен дәуір оқиғаларына соны көзқарас қалыптастырып еді. Бүгінгі Моңғолия жерінде тосыннан пайда болған халықты шумерлерге жатқызуымыздың сыры осында жатыр.

Иә, сонымен, қоныс іздеудің нәтижесіне сәйкес көшуге шешім қабылданып, рулардың әрқайсысы тиісті көліктерін қамдауға кірісті. Өгіз жегуге қолайлы, темір

белдікті һәм дөңгелектері темірмен бекемделген, ұзақ жүрісте сыр бермейтін арбалар көптеп даярланды. Көштің көліктері мен көшудің себептері турасында мынандай тарихи дерекке назар аударып едік: «По-видимому, хуннское скотоводство развилось уже настолько, что хунны в поисках пастбищ двинулись на север, причем это же самое скотоводческое хозяйство обеспечило их достаточной тягловой силой. Наскальная писаница запечатлела тот «корабль», на котором предки хуннов (яғни шумерлер. Автор) перебрались через песчаное море. Это крытая кибитка на колесах, запряженная волами, ибо для лошадей она слишком

Сол дәуірде еуропалық тарихшылар үшін де шумерліктердің бүгінгі Моңғолия жеріне келуі тылсым жұмбақ болатын. Сондықтан олар да қытайлық нұсқаны қабылдады. Қытайлық һәм еуропалық тарихшылардың сырттан келген елдің тұңғыш мемлекеттігі туралы пікірі де ортақ болатын: «Дегинь, опираясь на Сыма Цяня, считает, что «около 1200 г. до н. э. мы должны помещать создание хуннского царства. Эту дату принимает и Кордь» (сонда, 35 бет).

Шумер тайпасы салт-дәстүрі мен тілдік тұрғыда бүгінгі түркі-қазақ халқының ата-бабалары екенін жазған Олжас Сүлейменовтің алға тартқан дәлелдемелері



тяжела и неуклюжа» (сонда, 36 бет). Арба үстіне орнатылған қолайлы киіз баспаналар жас балалы аналар мен қарт кісілерге арналды. Ұлы көш алдын ала белгіленген жолмен, жоспарға сәйкес жылжыды. Қой айдаған шопандар мен жылқышылар көш соңында келе жатты. Тарихта көрініс тапқан 24 рудын әрқайсысына тән екі мыңнан он мың аралығындағы әскери құрамалары жол бойындағы бөтен жұрттар тарапынан мүмкін болар шабуылдардан қорғауға тиіс еді. Осыншама мол мал-жанға ие рулар бірден көтеріле қоныс аударуы үшін алда тұрған жолдар мүмкіндік бере алмайтындықтан, көшті кезең-кезеңімен, бөлектеп жүргізу жүзеге асырылды.

Ұзақ жолдарды артта қалдырған ұлы көштің алғашқы керуені дйттеген жеріне үстіміздегі екі мың жылдықтан 1764 ж. ілгеріректе келіп жеткенін қытай дереккөздерінен байқап едік. Тіршілік үшін қолайлы мекен іздеген шумерліктердің алғаш ту тігіп, тіршіліктің шырағын жаққан мекені туралы былай делінеді: «... когда прахунны пересекли песчаные пустыни, на равнинах Халхи возникли исторические хунны. Итак, хунны были первым народом, победившим пустыни. А для этого надо было обладать мужеством и упорством» (сонда, 21 бет). Орайлы сәтінде айта кетейік, Қалқа даласы кейінгі дәуір оқиғаларының да орталығы болғаны, Түрік және Көк түріктер қағанаттарының ордалары нақ осы жерде тігілгені тарихтан аян. Демек, оңтүстік көшпелілері «жаккан шырақ» ұзақ дәуірлер бойы сөнбепті.

Қытай патшалығы жаңа көршілерінің сыртқы бейнесі жергілікті аборигендерге қарағанда өзгешерек екенін де байқапты. «... китайцы внешним отличительным признаком хуннов считали высокие носы (сонда, 32 бет). Сол дәуірде жаңа көршілерінің сыртқы бейнесі ғана емес, болмысы да мүлде бөлек болуы себептерін айыруға қытайлықтардың шектеулі географиялық һәм тарихи түсініктері мүмкіндік берген жоқ. Олардың жаңа көршілеріне «ху», яғни жабайы деген атау беруінің сыры осында.

ешкандай дау тудырмаса да, Қытай іргесінде «Хунну» атымен пайда болған халықтың дәстүр-салтын зерттеген танымал қытайтанушы Н.Я.Бичуриннің (Иакинф) пікіріне қосымша дәлел ретінде назар аудару артық болмас деп ойлаймыз: «Жен полагалось брать исключительно из чужого рода»; «Вдова старшего брата становилась женой младшего, который обязан был о ней заботиться, как о своей любимой жене» (сонда, 86 бет). Айтылмыш деректер қазақтың бүгінгі күнге дейін айнымай жеткен әдет-ғұрпына сәйкес келетініне күмән бар ма?!

Еуропалық тарихшылар шумерліктер мен олардың жаңа қоныста Хунну атымен белгілі болған жалғасын тілдік тұрғыдан да зерделеп, түркі тілдес екеніне күмән келтірмейді. Алайда олардың байырғы қазақ тілін білмеуі дұрыс қорытынды жасауға кей сәттерде бөгет жасайды екен. Көне дәуірден жеткен «сағдақ» сөзі кәдімгі садақты білдіретінін түсінбеген Лев Гумилев оны көне славян тіліндегі қайдағы бір «сагайдакпен» шатастырыпты...

Шумерлік ата-бабаларымыздың тәңіршілдік дәстүрі де жаңа мекенде бұлжымай сақталыпты. Өлген кісіге жоқтау айту мен оның аруағына атап құрбандықтар шалу және құрбандыққа шалынған малдардың бастарын бірін қалдырмай қадаларға іліп қоюы, өмірден қайтқан кісілердің мазары басына барып, зиярат жасауы айналма-қатесіз ұқсап тұр. Көктемгі бір айда (сіра, Наурыз болса керек) өзен жағасында қызылды-жасылды киініп, мереке өткізу, сол кезде жігіттің көзіне түскен қызды айтыру салты да қызық. Әрине, қытайлықтар жаңа көршілерінің жазу-сызуға ие екенін де білген. Қымыз ішіп, бір-біріне қарап өлең айтатынын да аңғарыпты. Бұл дерек айтыс өнері сол дәуірден келе жатқанын білдіреді. Атпен шабады деп, бәйгені меңзепті.

Осы тұрғыда «Аз и Я» кітабы мен оның «Шумернаме» бөлімін жарыққа шығарған Олжас ағамыздың қазақ халқының өткенін тануға қосқан үлесі каншалықты мол екенін жоғарыда келтірілген қосымша деректер негізінде де аңғарар едік.

АЛМАТЫДА ҚАЛАМГЕРЛЕРГЕ КӨШЕ АТТАРЫ БЕРІЛДІ

Алматы қаласы мәслихатының XXXIV сессиясында депутаттар бірқатар әлеуметтік маңызы бар мәселелерді қарап, қолдады.

Негізгі шешімдердің бірі – қаладағы 156 атаусыз көшеге атау беру болды. Оның ішінде 22 көше Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімін иеленеді, 15 көше «Тарихи тұлғалар» тізіміне енгізілген қайраткерлердің атын алады.

Олардың қатарында халық жазушылары Мұзафар Әлімбаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, абайтанушы Қайым Мұхамедхановтар бар. Қаламгерлерден бөлек, шешім аясында белгілі түрколог Әбдуәли Қайдар, ғалым Шора Сарыбаев, тіл білімінің ғалымы Рәбиға Сыздық, қазақстандық тұңғыш телевизия аниматоры Әмен Қайдаров, суретші Сабыр Мәмбеев, ғалым Карл Байпақов атындағы көшелер пайда болмақ.

Ал қалған 118 көше танымдық, тарихи-мәдени және дәстүрлі атауларға ие болады. Бұл ұсыныстар алдын ала мәслихат комиссияларында қаралып, Қоғамдық кеңеспен келісілген және Республикалық ономастикалық комиссияның оң қорытындысын алған.

Қазақстан Жазушылар одағының баспасөз қызметі

ТАЛАСБЕК ӘСЕМҚҰЛОВТЫҢ 70 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ



Бүгін ҚР Ұлттық кітапханасында көрнекті жазушы, әдебиет сыншысы, мәдениеттанушы, киносыншы, этнограф, күйші Таласбек Әсемқұловтың туғанына 70 жыл толуына орай еске алу кеші өтті.

Шараға мәдениет қайраткерлері, әдебиеттанушылар, қаламгердің әріптестері мен шәкірттері қатысты. Кеш барысында қаламгердің рухани мұрасы мен әдебиет, музыка, этнография саласына қосқан үлесі кенінен талқыланды.

Еске алу кешін ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ғ.Нұрғалиева ашып берді. Кеш барысында жазушының жары, қазақ мифологиясын зерттеуші, жазушы, сценарист, философия ғылымдарының кандидаты (PhD) Зира Наурызбай, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Тұрысбек Сәукетай, күйші, Қазақстанның Халық артисі Секен Тұрысбек, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары Қали Сәрсенбай, сыншы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлия Бөпежанова, жазушы Дидар Амантай, акын Қорғанбек Аманжол, аудармашы Айнагүл Садықова Таласбек Әсемқұловтың рухани келбетіне сан қырынан үніліп, естеліктерін, ұсыныстарын айтты.

Еске алу кеші Таласбек Әсемқұловтың шығармашылық жолын жас ұрпаққа таныту мен ұлттық рухани құндылықтарды дәріптеуге арналған маңызды мәдени іс-шара болды.

Иә, адамда жүрек біреу-ақ. Сондықтан оны барынша күтіп, сақтай білуіміз қажет. Жүрекке салмақ түсірмеу, артық салмақтан арылу, ащы атаулыдан аулақ болу, денешынықтырумен уақтылы айналысып тұру, жаяу көп жүру, мұның барлығы әр адамның денсаулығы үшін керек. «Шымкент жүрек орталығы» қаралуға келген әр пациентке осыны айтады, ем-домын жасайды.

Міне, осы орталықтың құрылғанына 25 жыл толып отыр. Осыған орай «Инновациялар, технологиялар және әлемдік тәжірибе — кардиология болашағы өз қолымызда» атты халықаралық кардиохирургтер конгресі өтті. Оған ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, белгілі хирург Юрий Пя, Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбеков қатысты. Сонымен қатар көршілес елдерден білікті кардиохирургтер келді.

Иә, жиырма бес жыл — жиырма бес белес. Осыншама уақытта медициналық орталық қаншама қиындықтарды басынан өткерді десеңізші! Тоқырау жылдары талай қолбайлауларды бастарынан кешірді. Бірақ мойыған жоқ. Алға ұмтылды. Экономика тұрақтап, жағдай жақсара бастағанда озық елдердің жаңа технологияларын түгелдей сатып алып, оларды жақсы меңгерді. Дәрігерлердің біліктіліктерін арттыру үшін шетелдерге оқуға жіберіп отырды. Осындай ерен еңбек, тынымсыз ізденіс өз жемісін берді. Медициналық мекеме республикадағы танымал орталыққа айналды. Әрине, мемлекет тарапынан тиісті қолдаулар да болды. Республикадағы үшінші мегаполис қалада жүрек ауруларын емдейтін, кешенді түрде медициналық көмек көрсететін, күрделі кардиохирургиялық оталар жасайтын орталық керек-ақ еді. Өйткені адам саны жеткілікті қалада жүрек сырқатымен ауыратындар жиі кездеседі. Сырттан келіп, ем алып кететіндер қаншама.

Соңғы жылдары «Шымкент жүрек орталығының» мүмкіндігі арта түсті. Білікті мамандар толықты. Керекті құрал-жабдықтар, заманауи технологиялар, дәрі-дәрмек болса да жеткілікті. Мұнда түскендер аз күнде аяқтарынан тұрып кетіп жатты. Сондықтан еліміздің

барлық өңірлерінен бөлек, алыс-жақын шетелдерден де келіп көрінушілер, жатып емделушілер, ота жасатушылар көбейді. Әрине, отандық медицина сапалы қызметке көшіп, үлкен тәжірибе жинақтаған еді. Халықтың сеніміне ие болу да — бір бақыт. Осы тұрғыда орталық шапағатын көрген адамдардың алғыстары ақ желенділерге шабыт сыйлады. Орталықтың аты алысқа кетуі, хирургтердің алтын қолдарының мойындалуы тынымсыз еңбектің, төгілген тердің жемісі еді. Осыдан жиырма бес жыл бұрын осы мекемеге келіп, алғашқы еңбек жолын бастағандар бүгінде мол тәжірибелерін ізбасарларына үйретіп

кететін жиын емес. Бұл ғылыми басқосу медицинаның болашағын айқындайды. Бүгінгі жиында тәжірибе, білім, жаңа технологиялар тәжірибесі ортаға салынады деп сенемін. Сайып келгенде, мұның барлығы адам денсаулығын нығайтуға бағытталған. Мен бүгінгі халықаралық конгрестің үшінші мегаполис — Шымкентте өтуінің мән-мағынасы ерекше дер едім. Себебі тап осы қалада 1,2 миллион тұрғын бар. Жақын маңайдағы елді мекендердің тұрғындары да осында келіп қаралатынын ескерсек, орталыққа жүктелген міндет ауқымды. Бір өкініштісі, бүгінде жүрек-қан тамырлары аурулары өршіп

адам денсаулығын оның қоршаған ортасынан бөлек қарастыруға болмайды. Бүгінде бүкіл әлем экологиялық апат алдында тұр. Ауадағы шаң-тозаң мен аэрозольдердің жоғары концентрациясы, температуралық ауытқулар, шу мен созылмалы күйзеліс, осының барлығы жиналып келіп, жүрекке салмақ салады. Жоғарыдағы зиянды заттар әншейінде көзге көрінбейді. Бірақ жиынтығы өте қауіпті. Міне, осы факторларды ескергенде ғана біз реактивті медицинадан, былайша айтқанда, ауру пайда болғанда емдеуден, проактивті, яғни ауру белгілері пайда болмай тұрып алдын алу мүмкіндігіне ие бола аламыз.

АДАМДА ЖҮРЕК



жүр. Ал зейнет жасына жеткендер сол күндерді сағынышпен естеріне алады. Сөйте тұрып, білгендерін балаларына үйретуден жалықпайды. Еліміз экономикалық жағынан нығайған сайын, адамдарының да денсаулығы мықты болуы тиіс. Өйткені мықты мемлекеттің іргесі мығым болу үшін мықты мамандар, адамдар керек. Еліміз барлық салада ілгерілеп, дамудың даңғыл жолына түсті. Бұл әлеуметтік саланың жақсаруына да игі әсерін тигізіп келеді.

— Отандық және көршілес мемлекеттердің кардиохирургтерінің басын қосқан конгресс жай ғана бас қосып

тұр. Айталық, әрбір он мың тұрғынға 320-дан астам жүрек-қан тамырлары аурулары тіркеледі. Бұл жыл сайын жүрегі ауыратын науқастардың саны 5-7 пайызға өсіп отыр дегенді білдіреді. Біз бүгінде еңбекке жарамды, яғни жастар арасындағы көрсеткіштің артуына алаңдаймыз. Бұл жерде жай ғана статистикаға қарап отырудың қажеті жоқ. Осы сын-кәтерге қарсы күресуіміз керек. Аурудың алдын алу үшін кешенді шаралар қолдануымыз қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Ұлт денсаулығы — орнықты дамудың негізі. Біз ауруларды емдеп қана қоймай, ғылымға, технология дәне салааралық ынтымақтастыққа сүйене отырып, олардың алдын алуға тиіспіз», — деп атап көрсетті. Әрине, Президенттің бұл сөзі бәріміздің ойымыздан шығып отыр. Ғылым да, білім де адамдардың денсаулығын жақсартуға бағытталуы керек. Біз ешуақытта біріге жұмыс істеуден қашпаймыз. Осы ретте ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен ғылыми мекемелер жүрек-қан тамырлары ауруларын диагностикалау мен емдеуді жетілдіру бағытында маңызды қадамдар жасап келе жатқанын айта кеткеніміз дұрыс. Қалай дегенде, нақты серпіліс үшін жаңа медицина, экология, урбанистика, психология, цифрлық технологиялар тоғысындағы пәнаралық көзқарас қажет. Дәл қазір

Әлемдік тәжірибеде мұндай тәсілдер өз тиімділігін көрсетіп келеді. Жасанды интеллект енді диагностика құралы ғана емес, аурудың алдын алу мен болжам жасауда дәрігердің толыққанды көмекшісіне айналуы тиіс, — деді ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев.

ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев пен Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің құттықтауларынан соң Президент жанындағы Ұлттық ғылым академиясы мен «Шымкент жүрек орталығы» арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл келісім аймақтағы ғылыми өзара байланысты нығайтуға, кардиологиялық зерттеулерді дамытуға бағытталған.

Конгресс аясында Ұлттық ғылым академиясының бастамасымен «Шымкент жүрек орталығы» базасында Перспективалы кардиологиялық зерттеу орталығы ашылды. Әрине, бұл еліміздегі медициналық ғылымды дамытуға оң әсерін тигізбек. Сонымен қатар өңірдің ғылыми әлеуетін арттырады. Түптеп келгенде жаңа жоба ҰҒА академигі, көрнекті ғалым, кардиохирург Юрий Пяның бастамасымен қолға алынып, ашылды.

— Бүкіл адамзат медицинадағы бетбұрыстар мен өзгерістер кезеңінде тұр. Қазір бұрынғы тәсілді қолдана беруге болмайды. Әрбір жаналық, әрбір жаңа әдіс ескерілуі тиіс. Жас мамандардың іс-тәжірибесінде бұл аса маңызды. Иә, жастар арасында да жүрек-қан



тамырлары ауруы үдеп барады. Онымен күресуде мамандардың біліктілігі мен тәжірибесі керек. Жаңа технологиялар, жаңа инновацияларға барынша ден қойғанымыз абзал. Біз бүгін білім мен тәжірибені ортаға салып қана қоймай, болашаққа да маңызды қадам басуға бет алдық. Адамда жүрек біреу-ақ. Ол – адамның ең нәзік органы. Адамның өн бойына қан айдаумен қатар қорек апараты. Жұдырықтай жүректің мимен де байланысы бар. Адамның көңіл күйіне қарап жүрек бірде қатты, бірде баяу соғады, ауырады, шаншиды. Оған сондай күдірет берген. Ал жүрек қызметінің бұзылуы адамды үлкен апатқа әкеледі.

кершілігі бар. Себебі еліміздің басты байлығы — адам, оның денсаулығы. Барлық ілгерілеу, даму, жаңа сатыларға көтерілу адамдардың табандылығы, сауттылығы, денсаулығы арқылы жүзеге аспақ. Ендеше, басты байлықтарымыздың денсаулықтары мықты болуы керек, — деді білікті кардиохирург Юрий Пя.

Осы жерде шамалы шегініс жасауды құп көріп отырмыз. 2000 жылы Оңтүстік Қазақстан облыстық кардиологиялық орталық құрылған болатын. Облыс орталығы Түркістан қаласына көшкен соң «Шымкент жүрек орталығы» болып қайта құрылды. Жоғарыда айтып өт-



БІРЕУ-АҚ...

Ол әлсіреп, еңбек етуден қалады. Сосын бар уақытын дәрі ішуге арнайды. Дәрігерлерге қаралады. Аурудың алдын алу — медицинада өте күрделі мәселе. Өкініштісі сол, бізде көп адамдар жүрекке мән бермейді. Уақтылы қаралмайды. Ал профилактика кез келген аурудың алдын алар еді. Егер жүрегің ауырмасын десен, салауатты өмір қағидаларын ұстан. Мемлекет басшысы да қыркүйектегі Жолдауында бұқаралық спортқа ерекше мән беру керектігін шегелеп айтты. Барлық адам спортпен тұрақты шұғылдануы тиіс. Сонда ауру да сізден қашады. Мұнан соң, тамақтану рационына қашан да баса мән берулеріңіз керек. Сіздер, қазақтар, кешке етке тойып алып жатасыздар. Бұл дұрыс емес. Тойып жату жүрекке, бүкіл ағзаға салмақ түсіреді. Аурудың көпшілігі зиянды майдан да болады. Бүгінде жастар тез дайын болатын тағамдарға әуес. Бұлардың зияны көп. Мұны жастар ескере бермейді. Тез дайындалатын тағамдар жүре келе зардабын білдіреді. Ал жастар әлдеқайда асығып кетіп бара жатады. Тамақты да асығып жейді. Асығыс желінген тамақ бойға сіңбейді. Аурудың тағы бір себебі жастар күтінуді білмейді. Ашық-шашық жүреді. Бойларына қыста суық, жазда ыстық өтеді. Үлкендер мұны жастарға айтып, үйретпейді. Жаңа зерттеу орталығы бүгінде бой бермей бара жатқан жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу ғана емес, осындай келеңсіздіктермен де күреседі, яғни біз ауырмаудың жолдарын көрсетеміз. Бұл барлық жастағы адамға пайдалы. Біз аурудың шығу себептерін зерттеп қана қоймай, олармен тиімді күрес жолдарын қарастырамыз. Орталыққа ғылым академиясының мамандары қолдау көрсетеді. Медицинаны дамыта отырып, адамдардың денсаулығын жақсарту — осы салада еңбек етіп жүрген қай-қайсымыздың да абыройлы міндетіміз. Ендеше, бүгінгі дәрігерлер өз міндеттеріне салғырт қарамай, сергектік танытулары керек. Негізгі жұмыстарына қоса халықтың медициналық сауаттылығын арттыруға да көңіл бөлгендері дұрыс. Әрине, жаңа орталық алдында жаңа міндеттер тұр. Өз басым бүгінгі конгресс жұмысына да, орталықтың ашылуына да қатты қуанып тұрмын. Өйткені жүрек-қан тамырлары аурулары әлемге қауіп төндіріп тұр. Өлім-жітімнің көбі осы аурудан келеді. Сондықтан мемлекетіміз де ғылыми медицинаның дамуына ерекше назар аударып отыр. Мұның үлкен жауап-

кеніміздей, алғашқы жылдары маман тапшы, құрал-жабдықтар аз болды. Соған қарамастан, білікті дәрігерлер қиындықтардан шығар жол іздеді. Тапты. Науқастар ақ жағалы дәрігерлерге разы болып шығып жатты. Ол тұста да жүрек-қан тамырлары аурулары көп болатын. Дәрігерлер алдында адамдардың өмірін сақтау міндеті тұрды.

Оңтүстік Қазақстан облыстық кардиологиялық орталық туралы сөз болғанда алдымен, еске Сәуле Әбсейітова түседі. Ол осы орталықтың негізін қалады. Арада көп уақыт өтпей өзінің әріптестерімен бірге кардиологиялық орталықтың қызметін жоғары деңгейге көтерді. Оның басты бір жетістігі жүрек талмасын анықтайтын биомаркерлер қолдана бастауы еді. Ауруханада төсек саны артты. Жаңа бөлімдер ашылды. Диагностикалаудың жаңа әдіс-тәсілдері енгізілді. Орталық жанынан жүрек, гипертония ауруларын емдеуді үйрететін орталық ашылды. Дәрігерлер науқастарды емдей жүріп, осы орталықта білімдерін жетілдірді.

2004 жылы орталық дамудың жаңа сатысына бет бұрды. Ангиограф аппараты алынып, кардиостимулятор, стенттер әдісімен емдеу жүзеге асырыла бастады. Алғашқы жылдары 2 ЭКГ аппараты мен 2 монитор ғана болса, бүгінде орталықта әлемдегі ең озық технологиялар жиынтығы бар. Дерекке сүйенсек, қазірге дейін орталықта 8 мыңға жуық ота жасалған. Осы оталардың арқасында қаншама адамның өмірі аман алынып қалды. Олар жүрек талмасы, яғни миокард инфарктіне шалдыққандар еді.

2010 жылы орталықтың бас дәрігері болып Спандияр Бекжігітов бекітілді. Оның бастамасымен орталықта аритмологиялық бөлімше ашылды. Спандияр мекемені тоғыз жыл басқарып, көп жетістіктерге қол жеткізді. Жаңа технологиялар алынды. Мамандар шетелдерде білімдерін толықтырып тұрды.

Орталықты Ермаханбет Қуатбаев басқарған жылдары республикалық аккредитациядан өтіп, шетел клиникаларымен халықаралық байланысты нығайта түсті. 2020 жылы орталық республикалық ұлттық-ғылыми кардиохирургиялық орталықтың құрамдас бөлігіне айналды.

Дәл қазір «Шымкент жүрек орталығын» Дархан Сүйгенбаев басқарып отыр. Соңғы кезде дәл осы орталықта екі рет жүрек алмастыру операциясы сәтті өткен. Орталық медициналық

көмек ауқымын жылдан-жылға ұлғайтып келеді. Бүгінде мекемеде жүректі тератиялық емдеуден күрделі операция жасауға дейінгі медициналық қызметтер бар. Жүрекке ашық оталардың кез келген түрі сәтті жүргізіледі. Орталыққа ем алуға келгендер толық жазылып кеткенше бақылауда болады. Оларға тегін медициналық көмек көрсетіледі. Санап отырсаңыз, осында мыңдаған адамға ота сәтті жасалған екен. Сауығып шыққандардың орталық дәрігерлеріне деген алғыстары шексіз. Олар қалыпты өмірлеріне қайта оралып, жұмыстарын істеп жүр. Тіпті өзіне ота жасалғанын ұмытып кеткендер де бар. Қазір «Шымкент жүрек орталығы» УМС пен Назарбаев университетінің корпоративті қорына кіреді. Мұның пайдасы мекеменің әлеуеті артып, жаңа бағытта дамуына мүмкіндік алып отыр.

— Конгресс арқылы халықаралық байланысымызды нығайтып, жетістігімізді одан сайын еселей түсуге мүмкіндік алдық. Бәрінен бұрын еліміз бойынша Перспективалы кардиологиялық зерттеу орталығы Шымкентте ашылғаны бәрімізді де қуантады. Өйткені өңірде адамдар көп. Медицина қашан да ғылыммен қатар дамуы керек. Барлық ғылыми жаңалықтар медицинада шешілмеген мәселердің түйінін тарқатуға жұмсалғанда барып, оң нәтиже шығады. Медицинада кардиология ең күрделі сала. Жүрек — барлық ағзаның билеушісі. Ол жақсы жұмыс істеп тұрса, басқа аурулар жолай қоймайды. Сондықтан бірінші кезекте жүректің қағысына, соғысына мән берейік. Әрине, мидың жұмысы одан да күрделі. Ал миға қан жеткізетін, оны қоректендіретін тағы да сол жүрек емес пе? — дейді Дархан Сүйгенбаев.

Мұнан соң ол қазіргі заманда технология күн сайын қарыштап дамып келе жатқанын айта келіп, жаңалықтар легіне ілесіп отыру дәрігерлердің басты міндеті екенін еске салды. Медицинадағы, оның ішінде кардиохирургия мен жүректі емдеудегі озық тәсілдерді меңгеру — ақ желенділердің міндеті. Орталықтың бүгінгі жетістіктері сол технологияларды, озық үлгілерді тез де сапалы меңгерудің нәтижесінде келген жеңіс.

Перспективалы кардиологиялық зерттеу орталығы Ұлттық ғылым академиясының қолдауымен ашылып отыр. Орталық мамандары жүрек ауруларының алдын алу жөніндегі зерттеу жұмыстарынан тыс медицина, экология, урбанистика, психология, цифрлық

технологияларды біріктіретін пәнаралық ғылыми тәсілді де енгізе отырып, бәрін де жете меңгерулері тиіс.

Бүгінде әлем шу мен дудың үстінде отыр. Ауаның ластануы, температуралық ауытқулар, даңғазашу созылмалы күйзеліске ұшыратады. Мұның салдары жүрек-қан тамырлары ауруларына алып келеді. Міне, осы жағдайларды ескере отырып, орталық дәстүрлі емдеуді алдын ала болжам жасауға бағыттаулары керек. Ауру асқынса, бәрі де кеш. Сондықтан оның алдын алу маңызды әрі тиімді.

Конгресте сонымен қатар заманауи кардиохирургияны дамытуға қатысты стратегиялық маңызы бар бағыттар кеңінен талқыланды. Айталық, тәжірибеге роботтандырылған оталарды енгізу, навигациялық жүйелерді пайдалану, инновациялық технологияларды тиімді үйлестіру — бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Озық елдердің озық тәжірибелерін пайдалану үшін халықаралық ынтымақтастық керек. Клиникалық орталықтар арасында ғылыми байланыстар нығайған жағдайда медицинада ілгерілеу жүзе асады. Конгресте сонымен қатар ағза алмастырып салу, серіктестіктер арасындағы байланыстарды нығайту, тәжірибе алмастыруды жиі ұйымдастыру, озық технологияларды жан-жақты меңгеру, басқа да мәселелер талқыланды. Сондай-ақ жас мамандарға қолдау көрсету, болашақ кардиохирургтер мен зерттеушілердің кәсіби өсулеріне бағытталған бағдарламалар әзірлеу, осының негізінде арнайы платформалар жасау сияқты мәселелер сөз болды. Әрине, айтылған сөз айтылған жерінде қалмауы керек.

«Шымкент жүрек орталығында» өткен халықаралық конгресс еліміздегі медициналық ғылымды дамытуға бағытталған әрі өңір медицинасының қазіргі жағдайын анықтаған ауқымды шара болды. Халыққа көрсетілетін кардиологиялық қызметтің сапасын жақсарту, дәрігерлердің біліктілігін арттыру, мұның барлығы сайып келгенде, өңірдің ғылыми әлеуетін арттыра түседі.

Иә, адамда жүрек біреу-ақ. Ендеше, оны аялап ұстау, ауырмауы үшін барлық жағдайды қарастыру бүгінгі медицинаның жауапкершілігін арттыра түседі. Конгресте қатысқан шетелдік мамандар көп тәжірибе алып қайттық деп Отандарына қуана аттанды.



Меңдібай
ӘБІЛҰЛЫ

ЕСЕКТІҢ МҰҢЫ
(Мысал әңгімелер)

Көл жағасында жүрген есек жылқыға мұңын шақты:

— Ей, тұлпарым, мен сорлының басымнан бағым тайды. Мына сұр заман біздің түбімізге жететін болды. Не істерімді білмей, басым дал болып жүр, мына екі салпаң құлағымның салмағы да минөт сайын ауырлап барады. Иемнің маған деген көзқарасы бұрынғыдай емес, тағдырымызға көз жұмып қарайды. Біздің заман сонау КСРО кезінде өтіп

кене арба-машина көтеретін болған. Жолды, үйдің төңірегін ластайды деп бізді жолатпайды. Не істерімді білмей тұрмын.

Мектепте жылқы туралы, сиыр туралы, есек туралы шығарма, эссе жаздыратын еді, ұстаздар. Енді біз туралы жазуға рұқсат бермейтін болыпты.

— Өй, сен де! Мектеп оқушыларының есек туралы шығарма, эссе жазғанын естімедім. Оқушылар кой мен ешкі, сиыр мен түйе туралы

Иесінен құтылған кара сиыр ауыл сыртындағы жайылымға келіп, жейтін шөп іздеп, еңкейе бергені сол еді, он жақтағы мүйізіне бір целлофан келіп жабыса қалды.

— Әй, көк соққыр! Қаран батқыр, баратын жер таппай менің мүйізіме келіп тұрақтадың ба, оңбаған?!— деп кара сиыр аузының сілекейін шұбыртып, целлофанды мүйізінен түсірмек боп, басын шайқап-шайқап қойды. Сиырдың мүйізі кірген соң целлофан мықтап жабысқан екен. Мүйізге ілініп тұра берді.

— Сендер бүлдіргі болдыңдар,

делі жер тепкілеп, сайдың ішін қуалап жетіп келген жасыл целлофан кара сиырға түксіе қарап.— Қазір бес-алты целлофан аузы-мұрнына жабылса өлесің де қаласың!..

Тісін сақылдатып көк түсті целлофан жетті, ашуға булығып, үстібасының сау-тамтығы қалмаған. Киімдері жыртылған, шүрқ-шүрқ тесік, жыртқық-жыртқық.

— Бізді адамдар әр жерге тастайды, коқыс қоятын жерге апармайды, авкөліктегілер де кетіп бара жатып, жұмыстарына бара жатып лақтырып, жолдарға, үйлердің алды-

ҚАРА СИЫР
МЕН ЦЕЛЛОФАН

табиғаттың көркін бұзатын шайтан болдыңдар, түрлерің құрысын! Сендерден қаңбақ жақсы! Біз қаңбақты жемесе кәт иеміз қораның тесік жеріне тығып қояды, бізді суықтан қорғайды. Сендер неге жарайсыңдар?!

— Мен қораның тесігіне тығын болмасам да, қаңбақтың ағайынымын,— деді целлофан сықылықтай күліп.— Түр-түсіміз ұқсамағанмен жүрісіміз ұқсайды. Қаңбақ дөңгелейді, біз жалп-жалп қалпымызда ұшамыз. Мен де қаңбақ сияқты ұшарымды жел, қонарымды сай білетін мақұлықпын.

— Тәйт әрі! Сен мақұлық емессің! Сен көзге көрініп жүретін вируссың! Төрт түлік малға, суда жүзген балықтарға, көктемде жамырай шығатын қызғалдақтарға, құстарға шыққан індетсің!— деді кара сиыр ашуланып.— Өткен жылы екі айға толмаған бұзауым сені жеп қойып, екі сағат теңкііп жатып, үшінші сағатта өлді. Биыл бір айға толмаған бұзауым жеп қойып, үш күн нәр таппай, төртінші күні тонқалап асты...

Кара сиыр көзіне жас алып, бір сәт жылап алды.

— Ой, пір-ай, тажал әкелетін індет болсам мені неге жейсіңдер?

Целлофанның дауысы қатты шықты.

— Сені тәтті екен деп жемейміз, сен жасыл өсімдіктердің арасында тығылып жатасың. Шөптердің арасында бірге кетіп қаласың, ішімізге.

Кара сиыр мен целлофанның дауыстары қаттырақ шықты. Кара сиырмен енді болмаса жаға жыртқасын деп тұрған целлофанға ұшып келе жатқан түрлі-түсті целлофанлар көмекке келді.

— Әй, кара сиыр! Целлофанға қарсы сөйлем!— деп ақырды жалп-жалп етіп ұшып келген сары целлофан, бір түп жантаққа келіп оратылып.— Бізді жеп қойсын деп келмейміз, коқыс арасынан жел қуып шығады да, жайылымдарға, қала арасына, ауыл арасына қуады.

— Мықты болсаң целлофан шығаратын зауытты өрте!— деді қызыл целлофан жылқысырап.— Біз бақытсызбыз. Екі аяқты адамдар дүкеннен, базардан азық-түлік, басқа да өздеріне зәру заттарды алғанда күлімдеп, маңдайымыздан сипап, сөмкелеріне салып алады да, үйіне барған соң коқысқа тастай салады...

— Бізге неге айқайлайсыңдар?!—


на, артына шашып кетеді. Сонан соң бізді жел көтеріп ап, ауыл-аймаққа, жайылым жерлерге ұшырып алып кетеді. Барлық кінә адамдардан!..

Көк түсті целлофан ұшып келіп жол бойында өсіп тұрған жыңғылға жабысты.

Кара сиыр жан-жағына қарап мөңірей бастады. Осы кезде әуеде ұшып бара жатқан көгершін көк түсті целлофанды тұмсығымен іліп алды да, әуеге көтерілді. Біраз жер ұшып барды да целлофанды жерге тастай салды.

Кенет қатты дауыл соқты да кара сиырдың жанында топтасып тұрған целлофанларды ұшырып алып кетті. Бұл кезде көмекке қызыл сиыр жүгіріп келе жатқан.

— Қор болдық, — деді қызыл сиыр еңтіге жетіп. — Адамдар бізге қарауды қойды, целлофанларды, бақлашқаларды жан-жаққа лақтыра беретін болды. Бір жерге жинап қоймайды. Бізді аяйтын түрі жоқ. Бұрын бізді құрметтейтін. Бізді жұмбаққа қосып: «Қара сиырым қарап тұр,




қызыл сиырым жалап тұр» дейтін. Мұны естіп мәз болатынбыз. Өткен күндердің бірінде Елбасымыз: «Екі сиыр бағындар, сүтін ішіндер, ауысқанын сатындар» деп өсиет айтқан. Сол кезде қуанып кетіп едім.

Кара сиыр жылап жіберді, қызыл сиыр қосыла еңіреді.

Кенет, ауылдың әкімі көрінді. Үстінде кара костюм, кара шалбар, мойнында кара галстук, басында — кара қалпақ, аяғында — кара туфли, көзінде — кара көзәйнек. Он қолымен көк матаға «Целлофанды жою — міндет!» деген жазуы бар транспарантты көтеріп келеді. Ізінде келе жатқан жиырма бес адам екі сиырды көрді де жыңғылға, шеңгелге, жантаққа оратылып тұрған целлофанларды жинай бастады.

Кара сиыр да, қызыл сиыр да «мә-ө-ө-ө-ө-ө...» — деп мөңіреді. Бұл ауыл әкіміне «ракет» деп ризашылықтарын білдіргені еді...



кетіпті. Ауыл адамдары мені ауыр жұмыстарға тартатын: отын жүктейтін, флягпен су таситын, қариялар той-садаққа мініп, баратын, балалар бізді мініп көкпар тартып ойнайтын. Көрдін бе, не деген жұмыс?! За то тамағымыз тоқ болатын. Қатқан нанды, қауын-қарбыздың қабығын, анда-санда бұқадан жасырып жем беретін. Тойып жейтінбіз. Қазыққа байлап қоятын, қораға қамап қоятын. Өте қадірлі едік. Ер-тұрманымызды жылқының ер-тұрманына ұқсатып, әшекейлеп қоятын. Той-садаққа қариялар мініп келген есектерді балалар қазыққа байлап, қариялар келгенше қорып тұратын. Біз ерекше қадірлі едік. Ер-тұрманымызға балалар сылдырмақ тағып қоятын, бізді мініп қой бағатын. Енді, міне, ештеңеге қажет болмай қалдық. Қойды дронмен бағады. Қазір адамдар отынды пешке жақпайды, ауылдың бәріне табиғи газ келді.

— Неге мұнаясың, есек-ау! Орыстың сықақшы ақыны Крыловтың заманы емес. Білесің бе, Крыловтың «Есек пен бұлбұл» атты сықақ өлеңін? — Блемін ғой, Крылов бізді топастардың қатарына қосты. Крыловтың есегі «бұлбұлға ән салуды әтештен үйрен» деп ақыл айтады емес пе? Негізінде біз топас емеспіз.

— Сен заманға кара. Заман өзгеріп жатыр, бірақ заманды өзгертіп жатқан адам ғой!

— Иә, білемін, заманды өзгертіп жатқан адам екенін. Уақыт өткен сайын адамдарға, адамзатқа қажет болмай қалам ба деп қорқамын.

— Неге? Уайымдай берме, сен бүкіл адамзатқа керексің.

Мұны есіткен есек жылап жіберді:

— Біз туралы жылы сөз айтатын жануарлар бар екен ғой. Ауылдық жерлерде, қалаларда бізді менсінбейді. Қазір базарда бұрын біз көтеретін жүкті электр батареясымен жүретін кіш-

шығармалар жазатыны рас.

— «Ұлан» газетіне «Менің сүйікті есегім» атты мақала шықты. Иемнің баласы маған оқып берді. Қуанғанымнан жылап жібердім.

— Есек туралы шығарма жазған оқушыны бірінші естуім, — деп жылқы қарқылдап күліп жіберді.

— Біз өзіміз туралы жатсақ-тұрсақ ойланатын болып жүрміз. Болашағымыз бұлдыңғыр болып тұр.

— Көппен көрген ұлы той деп жүре бер, есек-ау. Не істейсің?

— Иә, не істейміз? Біздің болашағымызды кім ойлайды?—деп жылқысырады есек.

— Патшамыз Арыстанға барып шағымданбайсың ба? Біз далада қалдық. Жүк артатын адамдардың бәрі электр қуатымен жүретін кішкене машиналарды жаппай сатып алып жатыр деп? Мүмкін, аңдар патшасы жүк таситын есектерге арналған мекеме ашып берер. Сонда жұмыс табылар, уайымдама.

Есек мұнайып жылқымен қоштасып, жүре беріп еді, алыстан есекке айқайлап келе жатқан Шонқайбек атаның котыр ешкісін көрді. Ол есек пен жылқыға жақындап келіп айқайлады:

— Әй, есек, бұл жерден тез кет! Алып кетеді!

— Кім алып кетеді? Есек шошып кетті.

— Анау «КамАЗ» жүк машиналарын көрдің бе?—деді котыр ешкі.

— Иә, көрдім, — деді есек.

— Көрсен, каш! Сені қолбаса шығаратын зауытқа алып кетеді. Біздің ауылдағы қолбаса зауытына есек жинап жүр.

— Не дейді, ойбай, ойбай, не дейді ойбай!—деп шырылдады да қалды есек.

— Тез, каш!

Есек құйрығын қысып алып, каша жөнелді...

ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП
Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҮРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан,
НҮРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Еркін ЖАППАСҰЛЫ

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ
Жүніс ОМАР

Art-редактор
Марат СӘБДІКЕН

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректорлар:
Айнаш ӘЛДИБЕК,
Гүлбану ЕРКІН

Меншікті тілшілер:

Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары
Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы
Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы
Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы
Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы
Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы
Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы
Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы
Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы
Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы
Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА
Маңғыстау облысы
Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы
Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы
Айдар СЕЙДӨЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы
Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы
Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекші: **Еркін ЖАППАСҰЛЫ**

РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:

8 (727) 272-88-17

e-mail:
Kazakh_adebiety@mail.ru

Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.

Индекс 65353

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.
Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.
Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В». Оффсеттік басылма.
Газет материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.